

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

7/2014

ШІЛДЕ

МАЗМҰНЫ

Оқыту сапасы, көптілді және билингвалдық білім жөнінде

Республикалық семинар-кеңеске қатысушылардың ұсыныстары.....3

Ұстаздар кәдесіне жарамды көмек

Ақбота ТҰРЫСБАЙҚЫЗЫ. «Абайтану» бейіндік бағдарламасы.....9

Көкейкесті көзқарас

Гүлзия СҮЙЕУОВА. Қабілетті дамыту жолы – шығармашылық жұмыс.....19
Қанымжан ДҮРІМБЕТОВА. Көне түркі жазба естерткіштеріндегі сөзжасам.....31
Гүлназ НҮРМАНОВА. Тұрмағамбет тағылымдары.....40
Арайлым ШАМБИЛОВА. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жолдары.....46

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Артықбай ОТАРБАЕВ.	Дауысты дыбыстарды қайталау сабағы.....50
Мейрамгүл МҰҚАНОВА.	Бұын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.....53
Луна ӘЛІМБАЙҚЫЗЫ.	Сан есімнің түрленуі.....58

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Рзагүл ӨТЕУЛІЕВА.	Жаңа технология элементтері.....61
Дәмежан ШАЙМҰРАНҚЫЗЫ.	Сәкеннің «Сыр сандықтағы» сырлары.....68
Жадыра ЖҮНІСБАЕВА.	«Отыз бірінші қарасөз».....75
Назгүл ӘШІРОВА.	«Түрікше Гүлстан».....78
Элмира ЕСЕНБАЕВА.	«Түбі адам болатын бала».....81
Айымгүл ЖОЛМАНОВА.	Қадырдың «Анасы».....84

Сыныптан тыс сабақ

Динара БӨДЕСОВА,	«Найман-Ана» әңгімесі.....89
Айжан АБАДИЛОВА,	«Қажымұқан» хикаяты.....95
Майрагүл ХАМЗА.	

Жас маманға жәрдем

Жұлдыз ЕРҒАЛИЕВА.	Негізгі және туынды еліктеу сөздер.....99
Алтынжан ЗЕЙНЕКӘРІМҚЫЗЫ.	Жалаң және жайылма сөйлем.....102
Ақмарал ШАРПЕКОВА.	9-сыныптағы қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы.....106
Гүлмира ТӘШЕНОВА.	Ыбырай «Өзенінің» өзегі.....111
Бибігүл ӘБДИМАНОВА.	Жас прозашылардың аяқ алысы.....117
Айнұр МҰҚАШЕВА.	Келден мен Құралай сұлу.....124
Саяжан ЕРЖАНҚЫЗЫ.	«Жетім» әңгімесінің әлемі.....127

Пәнаралық байланыс

Қанағат СЛЯМОВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....130
------------------	----------------------------------

Сәтті сапар

Махаббат Жүсіпқызы.	Жалын атқан жүректен.....139
---------------------	------------------------------

Оңаша жыр отауы

Әуесхан ДАНИЯРОВ.	Қыран тектес қазақпын! Сырласу.....140
-------------------	--

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Оқыту сапасы, көптілді және билингвалдық білім жөнінде

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР-КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 115 бұйрығы негізінде Білім және ғылым министрлігі Жамбыл облыстық білім басқармасымен бірлесіп осы жылғы 15-16 мамыр күндерінде Тараз қаласында жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сапасын арттыру, көптілді және билингвалдық білім беру мәселелеріне арналған Республикалық семинар-кеңес өткізді.

Республикалық семинар-кеңесті өткізудегі мақсат:

- Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына жүктелген алдағы жылдарда мектеп бітірушілердің барлығы (100 пайызы) мемлекеттік тілді біліп шығу қажеттігі жөніндегі тапсырмасын орындау;

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмасын орындау;

- Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы білім берудің сапасын жақсарту, Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тілге айналған ана тілімізді ұлттың ұйтқысы ету жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру;

- Қазақстан мектептерінде ХХІ ғасырда қазіргі заман талаптарына сай қазақ тілін оқыту, қазақ тілінде білім беру, ұлттық тілдегі мектептердегі көптілді және билингвалдық оқыту жүйесінде жүргізілген жұмыстардың жайын және осы саладағы өзекті мәселелерді талқылау;

- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, көптілді және билингвалдық білім беру сапасын арттыру мақсатында мұғалімдерді халықаралық тәжірибемен, еліміздің дарынды ұстаздарының озық әдістемелерімен таныстыру, өзара тәжірибе алмасуларына жағдай жасау.

Республикалық кеңес жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық әкімдіктің, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы филиалының, «Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық журналының өкілдері, еліміздің ұлттық, мемлекеттік университеттерінің оқытушылары, облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, облыстық біліктілік арттыру институттарының мамандары, Жамбыл облыстық білім беруді басқару органдарының басшылары, тілші, әдебиетші ғалымдар, Назарбаев Зияткерлік мектебінің, жалпы білім беретін ұйымдардың, республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

I. Кеңестің Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының базасында өткен пленарлық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бас сарапшысы *Р. М.Батталдың еліміздің жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, көптілді және билингвалдық білім беру мәселелері туралы, Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасы басшысының орынбасары Ж.Е.Бекбатырованың облыстың жалпы орта білім беру саласында атқарылып жатқан жұмыстары туралы* баяндамалары, сонымен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының бас редакторы З.Шілдебайұлының,

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ж.Қ.Смағұловтың, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті, ф.ғ.д. Н.Ә.Илиясованың, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінің деканы, ф.ғ.к. А.Н.Тұрарованың, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Н.Ш.Алметовтің, қазақ тілі оқу-әдістемелік кешендерінің авторы, әдіскер С.С.Жұманованың, Алматы қалалық А. Розыбакиев атындағы № 153 мектеп-гимназия директоры Ш.Н. Умаровтың, Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Қ.Е. Бешімбаеваның, Астана қалалық Білім басқармасының әдіскері М.Ә.Әбуованың, Қарағанды қазақ-түрік лицейінің мұғалімдері А.А. Игенова мен Г.Ә.Егінбаеваның қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, көптілді және билингвалдық білім берудің өзекті мәселелері жөніндегі **баяндамалары тыңдалып талқыланды.**

II. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің республикалық, облыстық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпазы Б.Т.Әділов *«Қазақ әдебиеті пәнін жүйелі оқыту арқылы жас ұрпақты отанышылдыққа тәрбиелеу»* тақырыбында **шеберлік дәрісін** жүргізді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының сарапшысы А.П.Стойнова *«Көптілді білім беру жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері» (Особенности изучения государственного языка в условиях полиязычного образования)* тақырыбында **шетелдік тәжірибелер бойынша тренинг** өткізді.

Шымкент қалалық Ю.Сарема атындағы № 107 мектеп-гимназия директоры Б.У.Нұралиевтің *«Ұлттық тілде оқытатын мектепте көптілді білім беруді енгізудің 2013-2015 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары»* аясында мектепшілік жоспарлау мен ұйымдастыру жұмыстары» атты **тәжірибелік тұсаукесері** өткізілді.

III. Семинар-кеңестің екінші күні - 16 мамырда Тараз қаласындағы қазақ тілінде оқытатын № 53 орта мектептің, орыс тілінде оқытатын №1 гимназияның, аралас тілде білім беретін №12 мектеп-гимназияның базаларында жүргізілген секциялық мәжіліс жұмысы аясында Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының тәжірибелі мұғалімдерінің **ашық сабақтары, сыныптан тыс түрлі шығармашылық шаралар, пікір алысулар** жүргізілді.

IV. Кеңес жұмысын қорытындылау мақсатында *«Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту процесіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу және көптілді, билингвалдық оқыту мәселелері»* тақырыбындағы **Дөңгелек үстел отырысы** өткізілді.

Семинарға қатысушылар республикалық семинар-кеңестің ұйымдастырылуы мен өткізілуі теориялық және практикалық тұрғыда жоғары деңгейде өткенін атады.

Семинар-кеңестің пленарлық және секциялық бөлімдеріндегі пікір алысулар мен талқылауларды қорытындылай келе, республикалық семинарға қатысушылар **ұсынады:**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне, облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларына, Республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттарға:

1. Елбасы тапсырмасына сәйкес орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектеп бітірушілерінің қазақ тілін толық (100 пайыз) В₁ деңгейінде меңгеруін қамтамасыз етудің іс-шаралар жоспарын бекітіп, жүйелі жұмыс жүргізсін. Жыл сайын сәуір-мамыр айларында Министрлікке есеп беріп отырсын.

2. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі мемлекеттік тілді халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту, Елбасы тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік

мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу жұмыстарын қатаң бақылауға алсын.

3. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерді мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту бағдарламаларымен, қазақ тілі мен әдебиетінің оқулықтарымен, оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етсін.

4. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқу кабинеттерін мультимедиялық, лингафондық, интерактивтік құрал-жабдықтармен, электронды оқулықтармен жаратқандыруды жалғастырсын.

5. Ұлттық тілді мектептер мен сыныптарда осы жылғы 1 қыркүйектен ғылым негіздерін көп тілде және билингвалдық үлгіде оқытуды қамтамасыз етсін.

6. Пән мұғалімдері үшін пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемелері мен технологиялары бойынша коучингтер, тренингтер ұйымдастырып өткізсін.

7. Көп тілде білім беретін мұғалімдер біліктілік арттырудың деңгейлік курстарына кеңінен тартылсын.

8. Ұлттық тілді мектептер мен сыныптарда осы жылғы 1 қыркүйектен ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері математика, Қазақстан тарихы 5-сыныптан бастап билингвалдық тәсілмен, яғни, ана тілі және қазақ тілінде оқытылсын.

9. Озық тәжірибелер жинақталып таратылсын:

Республикадағы қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері арасында Ш.Смағұлов атындағы Алматы облыстық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әділов Бақытнұр Тәліпұлының;

Алматы облысы мен Алматы қаласындағы ұйғыр тілінде білім беретін мектептер арасында Алматы қалалық А. Розыбакиев атындағы № 153 мектеп-гимназияның;

Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы өзбек тілді мектептер арасында Ю.Сареми атындағы № 107 мектеп-гимназияның озық тәжірибелері.

«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығына:

Қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының, оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын, мазмұнын қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкестендіру жұмыстарын іске асырсын.

«Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамына және өңірлер бойынша филиалдарына:

1. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі мемлекеттік тілді халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту, Елбасы тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу бойынша арнайы курстар, семинар-тренингтер жүргізісін.

2. Мемлекеттік тілді оқытатын мұғалімдердің курстарында Елбасы тапсырмасына сәйкес орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектеп бітірушілерінің қазақ тілін толық (100 пайыз) В₁ деңгейінде меңгеруіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қарастырсын.

3. Өрбір өңірде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, ұлттық тілді мектептерде көптілді, билингвалдық білім берудің озық тәжірибелері зерттеліп, жинақталып таралуына мүмкіндік жасайтын авторлық шеберханалар, панорамалық, on-line режиміндегі және виртуалды сабақтар мен кәсіби шеберлік байқаулары жүйелі әрі жоспарлы түрде ұйымдастырылсын.

4. Жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, ұлттық тілді мектептерде көптілді, билингвалдық білім берудің сапасын арттыру мәселелеріне арналған оқу-әдістемелік семинарлар, ғылыми- практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер ұдайы өткізілсін.

Республикалық семинар-кеңеске қатысушылар қабылдаған 2014 жылғы 16 мамыр.

Ақбота ТҰРЫСБАЙҚЫЗЫ,

Ш.Уәлиханов атындағы

№12 гимназияның

жоғары деңгейлі санаттағы

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«АБАЙТАНУ» БЕЙІНДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

(10-сынып)

I. Кіріспе.

Жалпы білім беретін орта мектептің бағдарламаларына қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбайұлының шығармаларын оқыту әр сыныпта оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізілген. Дегенмен, мектеп бағдарламасында бөлінген сағаттар бойынша ұлы тұлға бейнесін жан-жақты тану, шығармаларының мәнін түсінуде сағаттар саны аздық етеді. А.Құнанбайұлы туындыларының ішкі мазмұнын түсініп, тереңіне бойлай түсу үшін арнайы бейіндік бағдарламалар керек.

10-сыныпта Абайтануға арналған бейіндік бағдарлама М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, А.Нұрқатов, Д.Омаров және тағы басқа ақын мұраларын зерттеген ғалымдардың, жазушылардың ғылыми еңбектері мен естеліктері, баспасөз материалдары негізінде құрылды. Осыған дейін мектеп оқушылары ақынды тек шығармалары арқылы біліп келсе, ендігі бағдарламада бала Абайдың кемеңгер Абайға көтерілу жолы қарастырылған.

Бағдарламада арнайы сабақ кезінде оқылатын материалдар қайталанбаған. Шәкірттердің өзіндік шығармашылық

ізденістеріне жол ашуға бағытталды.

Бағдарламаның мақсаты: оқушыларды Абай ғажайып суреткер, нәзік лирик, көркемсөз шебері ғана емес, Алланың болмысы, имандылық туралы толғаныстарына бойлай оқуға үйрету.

Бағдарламаның міндеті: жаңа технологияларды пайдалану арқылы («Блум таксономиясы», «БІнтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс», «Рөлдік ойын», сын тұрғысынан ойлау стратегиялары) оқушылардың Абай шығармашылығын оқуға қызығушылықтарын ояту, алған білімдерін өмірдің кез келген жағдайында пайдалана алуына ықпал ету.

Тақырыптың өзектілігі: бұл бағдарламаның өзектілігі – бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселелердің бірі жасөспірімдерге Абай шығармашылығын түсініп оқуға үйрету, ол арқылы имандылыққа, шынайылыққа жетелеу көзделді.

Күтілетін нәтиже: Абай шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың дүние танымын дамытып, сыни ойлай білетін, ойын көркем жеткізе және жаза білетін тұлға қалыптастыру.

Мақсатты аудитория: 10-сынып.

Теориялық негізделуі: *М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, А.Нұрқатов және тағы басқа ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде ақын туралы алғашқы деректер, ата-тегі, өскен ортасы, шығармашылығы теориялық жағынан зерттелсе, Қ.Өмірәлиев еңбегінде ақынның эстетикалық, этикалық, психологиялық, имандылық туралы айтқан нақыл, қанатты сөздері, ой айшықтары іріктеліп, арнайы берілген. Д.Омаров зерттеуінде: «Абай өз замандастарын да, кейінгі ұрпақ бізді де Аллаһ туралы жеңіл әңгімеден аулақ болуға шақырады. Абай ұғымында ол ақылға сыймас шындық, сондықтан ақын Аллаһ пен Адам арасындағы жалғастырушы күш – махаббат деген.*

Абайдың бүкіл шығармасы Аллаһты бір, пайғамбарды хал деп тануға арналған десек, ешбір қателеспейміз»,- деген.

Осы еңбектерді талдай келе, ұлы тұлғаны оқушыларға жан-жақты таныту мақсатында бейіндік бағдарлама құрастырылды.

Тәжірибелік құндылығы: Бұл бағдарлама мектепте, колледждерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне тәрбие құралы ретінде қолдануға ыңғайланып құрылған. Бағдарлама барысында оқушылар еркін сөйлеп, ой бөлісіп, бірін-бірі тыңдап, ой өрісі өседі, әлеуметтенеді.

Бағдарламаның ерекшелігі:

II. Мазмұндық бөлім.

А.Құнанбайұлы туралы алғашқы деректер. (3 сағат)

Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде бірінші ғылыми ой айтқан – Ә.Бөкейханов. Мұраларын бастырушылар – ұлы Тұрағұл мен інісі Ысқақтың баласы Кәкітай. «Абай» жинағы шыққаннан кейін Абайдың ақындық өнерін, ұлылығын мойындап, пікір айтқан – А.Байтұрсынұлы. Одан кейін М.Дулатұлы, М.Әуезов, т.б. зерттеу еңбектерінің орыны ерекше.

Абайдың ата-тегі, өскен ортасы (2 сағат)

Адамның дұрыс өсіп-жетілуіне әсер ететін себептердің бірі – ата-тегі. Тобықты руында дүниеге келуі. Шыққан ата-тегі әке жағынан да, шеше жағынан да өз заманының белді, беделді адамдары болуы. Әкесі – аға сұлтан, қажы, шешен адам. Өз шешесі Ұлжан Қаракесек ішіндегі Бертіс руынан. Абылай ханның алдында өмір сүрген Бертіс Шаншарұлы – қарадан туса да қатарынан асқан, өз заманында Қарқаралы атырабын билеп, ханы да, биі де болған адам.

Абай үш арнаны тең еміп өсті: халық мәдениетінің бай мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы, орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті.

Абай шығармашылығы бойынша мәнерлеп оқудан жарыс. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1 сағат).

«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» өлеңі бойынша пікірталас өткізу (1 сағат).

Абай – психолог ақын. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Қызарып, сұрланып», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (В.А.Крыловтан, 3 сағат).

Суреттеген болмысының өмір шындығына дәл келуі. Басқаның күйініш-сүйінішін өз сезімінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқушылардың сезімін тербете алуы.

Абай өлеңдеріндегі ақыл, нақыл сөздер. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», «Тоты құс түсті көбелек» (2 сағат).

Өмірде өзгермейтін нәрсе жоқ. Жаңа сөз, жаңа сөйлем құрылыстары. Сананың мәдениеттілік сатыдағы дәрежесі.

«Қарашада өмір тұр», «Құр айғай бақырған» өлеңдерін өз түсініктері бойынша талдату (1 сағат).

«Майдағы жұрттың іші – қар», «Ішінде кімнің оты бар» тармақтарының мәнін ұғындыру.

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі, «Қыз сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым» (2 сағат).

Реалистік көзқарастар, әйелдің бас бостандығы, махаббат мәселесіне айрықша мән берді. Әйел мен еркектің тең дәрежедегі достығын, үй ішінің бірлігі мен әйелдің әлеумет өміріндегі орынын терең түсінді.

Абай шығармашылығы бойынша сынақ жұмысын өздеріне жасату (1 сағат).

Абай іліміндегі имандылық. «Отыз сегізінші» қарасөз, «Жиырма жетінші» қарасөз, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (3 сағат).

Адам баласы үшін ең үлкен қызмет – ол Алла тағаланың разылығы үшін адамзаттың бәрін бауырым деп күйіп, оған

өмірдің түпкі мақсатына жетуге көмектесу. Абай Аллаға құлшылық етудің жеті түрлі дәлелін тапқан.

Байлыққа, дәулетке жету. «Жиырма бесінші» қарасөзі, «Үшінші» қарасөзі, «Алла деген сөз жеңіл» (3 сағат).

Иманды адам ең әуелі өзінің табиғи міндеттерін орындайды. Ол реттегіш тәртіптерге бағынады. Тапқан қаражатын дұрыс пайдаланады. Бұл оны біртіндеп дәулетке жеткізеді.

Бақыт, ізгілік іздеу. «Қырық төртінші» қарасөзі, «Оныншы» қарасөзі (2 сағат).

Адам жетілу жолына түсу үшін алдымен көкірегін тазартуы керек. Көкірек көзі рухани дәрежесі көтерілген сайын оның бақыт сезімі де көтеріле береді.

Абайдың қарасөздері бойынша «Дана Абай» тақырыбына ойтолғау жаздыру (1 сағат).

«Даналыққа толы қарасөзі», Абайдың қара сөздерін айтудан жарыс (1 сағат).

Бала Абай. «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» тарауы (2 сағат).

Балаға тән мінез. Үлкендердің іс-әрекеті. Жолдағы оқиға. Зере мен ауыл әйелдері. Үлкенге деген құрмет. Әке жолы.

«Абай жолы» романындағы Абайдың азаматтық бейнесі. «Қияда» тарауы (3 сағат).

Халықтың ауыр тұрмысы. Малдың жұттан қырылуы. Кедейлердің күйзелісі. Шығармадан үзінділер тауып оқу.

«Абай жолы» романындағы жастар бейнесі. «Өрде» тарауы (2 сағат).

Өнерлі жастар. Жарастықты әзіл. Олар айтқан ән. Шынайы, адал сезім. Жаңалыққа құштарлық.

Абайға арнау өлеңдер жаздыру (1 сағат).

Өлеңнің жазылуы, құрылысы, ұйқас, т.б. туралы түсінік беру.

5. Оқу-тақырыптық жоспар.

Жылдық – 34 сағат.

Апталық - 1 сағат.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Әдістемелік құралдар	Орындалатын жұмыстар
1-3	А. Құнанбайұлы туралы алғашқы деректер.	3		С. Қирабаев. Көп томдық шығармалар жинағы	Топпен берілген материалды түсініп, талқылау. «Қарлы кесек».
4-5	Абайдың ата-тегі, өскен ортасы.	2		С. Қирабаев. Көп томдық ...	Таблицамен жұмыс. Тарихи деректермен танысу.
6.	Абай шығармашылығы бойынша мәнерлеп оқудан жарыс. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы».	1		А. Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.	Өз қалаулары бойынша өлеңдерді жатқа, мәнерлеп айту.
7.	«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» өлеңі бойынша пікірталас өткізу	1		«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақалалар. Ұ. Асыллов. «Абайды оқу әліппесі».	Берілген деректерді негізге ала отырып, өз пікірлерімен бөлісу.
8-10.	Абай – психолог ақын. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Қызарып, сұрланып», «Жарқ етпес қара көңілім не	3		Қ. Жұмалиев. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай».	Өлеңдерді топтарда талдау. Арнайы талдаулармен салыстыру. «Адал махаббат» туралы пікірлесу.

	қылса да», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» В.А. Крыловтан).			М.Әуезов. А.Құнанбайұлы.	В.А.Крыловтың туындысын түп нұсқасынан оқу. Абай аудармасымен салыстыру. Үндестік пен айырмашылықты табу.
11-12.	Абай өлеңдеріндегі ақыл, нақыл сөздер. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Тоғы құс түсті көбелек».	2		Қ. Өмірәлиев. «Абай афоризмі». З.Ахметов. «Абайдың ақындық әлемі»	Ақыл, нақыл сөздерді тапқызып, мазмұнын аштыру. Тақырыптарға флипчарт қағаздарына схема, таблица түрінде бөлдіру.
13.	«Қарашада өмір тұр», «Құр айғай бақырған» өлеңдерін өз түсініктері бойынша талдату.	1		Ж. Ысмағұлов. «Абайдың ақындық тағылымы».	«Инсерт» әдісі бойынша не білетіндерін, не білгілері келетіндерін анықтау. Жоба жасауға бағыт беру.
14-15.	«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі, «Қыз сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым».	2		Қ. Жұмалиев. 18-19-ғасырлардағы қазақ әдебиеті».	Өлеңдер бойынша ашық, жабық типті сұрақтар дайындау.
16.	Абай шығармашылығы бойынша сынақ жұмысын өздеріне жасату.	1			Абай шығармашылығы бойынша материалдар беріп, сынақ жұмысын құрғызу.

17-19.	Абай іліміндегі имандылық. «Отыз сегізінші» қарасөзі, «Жиырма жетінші» қарасөзі, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас».	3		А. Құнанбайұлы. Қарасөздері. Д.Омаров. «Абайдың рухани мұрасы».	Қарасөздермен өз беттерінше танысу. Жұппен талдау. Сөздік жазу. Модель жасау. Өлеңді оқу, сөздік қорына мән беру. Абай тілінің сөздік моделін жасау.
20-22.	Байлыққа, дәулетке жету. «Жиырма бесінші» қарасөзі, «Үшінші» қарасөзі, «Алла деген сөз жеңіл».	3		А. Құнанбайұлы. Қарасөздері. М. Мырзахметов. «Абайтану тарихы».	Тірек сөздерді теріп жазу, синонимдерін, антонимдерін табу. Мәтіннің идеясын ашу. Болжам жасау.
23-24.	Бақыт, ізгілік іздеу. «Қырық төртінші» қарасөзі, «Оныншы» қарасөзі.	2		А. Құнанбайұлы. Қарасөздері.	«Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны. Тақырыптар бойынша сұрақтар әзірлеу. «Мән-мағына» оқыта-үйрету ойыны
25.	Абайдың қарасөздері бойынша «Дана Абай» тақырыбына ойтолғау жаздыру.	1			
26.	«Даналыққа толы қарасөзі», Абайдың қарасөздерін айтудан жарыс.	1			
27-28.	Бала Абай. «Абай жолы» роман-	2		М.Әуезов. «Абай жолы»	Абайға тән мінез. Басқа балалардан

	эпопеясы «Қайтқанда» тарауы.			роман-эпопеясы.	ерекшелігі. Әке сыны. Шығарманы талдау.
29-31.	«Абай жолы» романындағы Абайдың азаматтық бейнесі. «Қияда» тарауы.	3		М.Әуезов. «Абай жолы» романы.	Таблица толтыру. Кейіпкерлерді салыстыра талдау.
32-33.	«Абай жолы» романындағы жастар бейнесі. «Өрде» тарауы.	2		М.Әуезов. «Абай жолы» романы	Таблицамен жұмыс. Абай маңындағы жастардың ерекшелігі. Жаңа бағыт.
34.	Абайға арнау өлеңдер жаздыру.	1		З.Қабдолов. «Әдебиет теориясы».	Бір-бірінің жазған өлеңдерін оқытып, түзеттіру.

IV бөлім. Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Оқыту түрлері мен тәсілдері: рөлдік ойындар, полемикалық сөз, миға шабуыл, үлкен, кіші топтарда және жұптық жұмыстар, әдебиеттерді талдау, рефлексия, АКТ-мен жұмыс, лекция, тренинг, дискуссия, шығармашылық жұмыстар.

Сабақ өткізілетін орын: интербелсенді тақтамен жабдықталған топтық жұмыстарға ыңғайлы кабинет.

Сағат саны: 34 сағат (аптасына 1 рет).

Топтық жұмыстардың негізгі қағидалары:

1. *Ақпарат.* Оқушыларды «Абайтану» бейіндік бағдарламасының негізгі мақсат, міндеттерімен, жоспарланған іс-шаралармен таныстыру. Сабаққа оқушылар өз қалауларымен қатысқандары жөн (Әдебиетке қызығушылығы бар 10-сынып оқушыларын топтастыруға болады).

2. *Сенімділік.* Тақырыпты талқылау барысында әр

оқушының ойы еркін айтылып және әдеби нормаға сай сөз саптауын қадағалап отыру керек.

3. *Шынайылық.* Әр оқушының пікірі құнды. Әр жұмыс барысында қатысушылар пікірлерін риясыз, шынайы, бүкпесіз жеткізіп, шығарманы талдап, жаза алу дәрежесіне жету керек.

4. *Жинақылық.* Нәтижеге жету үшін оқушылар сабаққа кешікпей, қалмай, әр тапсырманы өз еркімен және белсенді түрде орындағанда ғана шығармашылық деңгейге көтеріле алады.

Сабақтың құрылымы: Әр сабақ үш бөлімнен тұрады: ұйымдастыру кезеңі, негізгі бөлім, рефлексия.

1. *Ұйымдастыру кезеңі.* Оқушылардың зейінін сабаққа бұрып, жақсы ахуал орнату.

2. *Негізгі бөлім.* Тақырыпты меңгерту үшін қолданылатын оқытудың түрлері мен тәсілдерінен тұрады.

3. *Рефлексия.* Бейіндік бағдарлама болған соң оқушылардың көңіл күйі, сабаққа шынайы қатысуы маңызды. Ол үшін әр сабақ соңында оқушылардың пікірін тыңдап, ой бөлісіп отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер: Д.Омаров. «Абайдың рухани мұрасы». А., 2007; Серік Қирабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. А., «Қазығұрт», 2007; Айқын Нұрқатов. Шығармалары. А., «Ана тілі», 2013; Қ.Жұмалиев. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі». А., 1960; «Абай» энциклопедия. «Атамұра»; Қ.Жұмалиев. «18-19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті». А., 1964; М.Әуезов. Энциклопедия. А., 2011; Қ.Өмірәлиев. «Абай афоризмі». А., «Қазақстан», 1993; Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Өлеңдер мен аудармалар. А., «Жазушы», 2005, 296-бет; М.Әуезов. Абай Құнанбайұлы. А., 1967; З.Ахметов. «Абайдың ақындық әлемі». А., 1995; М.Мырзахметов. «Абайтану тарихы». А., 1994; Ұ.Асыллов. «Абайды оқу әліппесі». А., 1994.

Гүлзия СҮЙЕУОВА,
Жаңаөзен қаласы,
№15 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАБІЛЕТТІ ДАМУ ЖОЛЫ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

(5-сыныпқа арналған жұмыс дәптері)

АЛҒЫ СӨЗ

Шығармашылық жұмыс жүргізу баланың ой-өрісінің жетілуіне, шығармашылық қабілетінің артуына жол ашады.

Шығармашылық бағытта жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының тиімділігі сол – оқушының көркем тілдері дамиды, дарынын, қабілетін, шығармашылық ізденістерін қалыптастырады, дүние танымы кеңейіп, білімдерін жан-жақты толықтырады, сауатты, мәдениетті, шешен сөйлеуге үйренеді.

Осы құрастырып отырған жұмыс дәптері 5-сыныптың «Қазақ тіліндегі» «Лексика» тарауы бойынша «Сөз бен мағына», «Сөздің тура және ауыспалы мағынасы», «Көп мағыналы сөздер», «Омонимдер», «Синонимдер», «Антонимдер» тақырыптарына арналған.

Осындай тапсырмаларды орындату оқушылардың терең ізденуіне, ойлау қабілетінің артуына, шығармашылыққа мол жол ашары сөзсіз.

Әріптестеріме аз да болса пайдасы тиер деген үміттемін.

Лексика
Сөз бен мағына

1. Берілген сөйлемдерден толық мағыналы сөздерді бір бөлек, мағынасы толық емес сөздерді бір бөлек теріп жаз:

1. Біздің көктем бір түрлі көрікті ғой. 2. Мұндай елде еңбек ету де зор бақыт емес пе? 3. Табиғат қандай суретші еді! 4. Біраздан соң күн бұлттанды. 5. Мұратқа тек бозторғай емес, бүкіл дала жырлап тұрғандай көрінді. 6. Тірі жан үшін күрес басталды.

1. Мағыналы сөздер: _____

2. Толық мағынасы жоқ сөздер: _____

2. Төменде берілген сөздерді білдіретін мағынасына қарай топтастырып жаз:

Сұлу, жүгірді, елу, жуас, ақ, реніш, бидай, ондаған, шамалы, колледж, жазу, батыл, бесеу, салды.

1) Заттың немесе құбылыстың аты: _____

2) Заттың саны: _____

3) Заттың сыны, сапасы: _____

4) Қимыл-әрекет атауы: _____

3. Берілген сөздердің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, әрбір сөзден бірнеше сөз құрап жаз:

Үлгі: балалық – бала, ал, лақ, ала, қала, бақ, қал, бал...

1) қолжазба – _____

2) болашақ – _____

3) қарапайым – _____

4) жапырақтар – _____

4. Сөйлемдегі сөздердің лексикалық мағыналарын анықта:

Мұрат ерте оянғанына ерекше қуанды.

Үлгі: 1) Мұрат – адам аты, заттық атау, тіршілік иесі.

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____

5. Төмендегі сөздерді қатыстырып, жеке сөйлемдер ойлап жаз:

- Арман _____

- еңбек _____

- оқу _____

6. Қай жағынан оқысаң да бірдей айтылып, бірдей жазылатын сөздерді тауып жаз:

Үлгі: көк, қазақ, ала...

7. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құра:

Қазақ, дала, кең байтақ, жайлау, ата, әже, тамаша, балалық шақ _____

8. Кім көп біледі?

Үш бәйтерек – _____

Төрт кітап – _____

Төрт қылыш – _____

Дүниенің төрт бұрышы – _____

9. Сұраққа – жауап:

Сүйікті ұстазың кім? _____

Ұстазың туралы әңгімеле _____

Сыныбыңда үлгілі оқушы кім? _____

Оның қандай қасиеттері бар? _____

Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы

Көп мағыналы сөздер

1. Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестір.

Қандай мағынада қолданылып тұрғанын ажыратып жаз:

Ауыр (сөз, сөмке), кара (өлең, жұмыс, жейде), ыстық (су, сезім, ықылас), жұмсақ (мінез, орындық, адам).

Тура мағына	Ауыспалы мағына

2. Тура мағыналарын тап:

Қара алтын – _____

Құйма құлақ – _____

Темір тұлпар – _____

Тіршілік көзі – _____

3. Ауыспалы мағынадағы сөздерді тура мағынасымен ауыстырып жаз:

Әдібай домбыраның құлағын әлі бұрап отыр.

Құрылысшылар үйдің қабырғасын сырлады.

Астана – еліміздің жүрегі, бас қаламыз.

Бұлақтың көзін ашу – үлкен сауап.

4. Сөздердің бастапқы мағынасы берілген, ауыспалы мағынасын жазып көрсет:

Атауыш сөз	Бастапқы мағынасы	Ауыспалы мағынасы
жүз	Сандық атау	
тұтқа	Есіктің ұстайтын жері	
қол	Адамның дене мүшесі	
сіңір	Адам ағзасында болатын зат	
ағарту	Ақ түске бояу	

5. «Кеш» деген сөзді бірде тура мағынада, бірде ауыспалы мағынада қолданып, екі сөйлем құрап жаз:

6. Тұқым, күй, ас сөздерінің көп мағыналылығына сөз тіркестерін құрастыр:

7. Құрамында көп мағыналы сөзі бар мәтін құрастыр:

8. Көп мағыналы сөздерді теріп жаз:

Біз футбол алаңының оң қанатына отырдық. Алдымен алты қанат ақ орданы тігуге кірісті. Қанат - құстар мен шыбын-

шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесі. Жұмыстың көзін тапсақ, тез бітірер едік. Көзім ауырып, дәрігерге қаралып жүрмін. Қазір иненің көзіне жіпті өткізе де алмаймын.

9. Үш санына қатысты нақыл сөздерді жаз:

Үлгі: Үш арсыз – ұйқы, тамақ, күлкі.

Үш даусыз – _____

Үш қадірсіз – _____

Үш жақын – _____

Үш көз – _____

Үш тоқтам – _____

Үш жамандық – _____

Омонимдер

1. Омонимдерді тауып, мағынасын ажыратып жаз:

1) Алыстан бір қара көрінді.

2) Анасы сыйлаған қара көйлегін кигісі келді.

3) Сыр сандықты ашып қара, ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара, басып қара, жырласым.

2. Мына сөйлемнен омонимдерді тауып, астын сыз, мағынасын түсіндіріп жаз:

1) Артымыздан келіп қол жетті... _____

2) Арық, құп-қу балалардың беттерінде аштық табы бар.

3) Арада екі жаз, бір қыс өткен.

3. Омоним сөздерге антоним жаз:

Аш (сын есім)-

Кір (сын есім)-

Аш (етістік)-

Кір (етістік)-

Түс (етістік)-

Түс (зат есім)-

4. Сабак, қой, жас омонимдерін қатыстырып, мәтін құра:

5. Аз, айыр, бу, айтыс сөздерінің омонимдік мағынасын көрсететіндей сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құра:

Үлгі: - Әй, Азамат, көшкелі жатыр екенсің, жүктерді бу,- деді Айғанша.

Мүз еріп, су болады, су қайнаса, бу болады.

6. Ішінде омоним сөз кездесетін бес жұмбақ ойлап жаз:

Үлгі: Жылжытады алға бізді,

Жылжымайды бірақ өзі (сынып)

7. Өлеңді түсініп оқы:

Қазақ тілі

Қазақ тілі – атаң, анаң.

Қуат алар Отан да одан.

Дүниеде ешбір асыл,

Тең келмейді қатар оған.

Қазақ тілі – халық тілі,

Тіл аманда – халық тірі.

Өз тілінде жылағанның,

Көз жасы да халық мұңы. (Ө.Ақыпбеков).

Өлеңнен түсінгенің бойынша ана тілінің қадір-қасиеті туралы жаз:

8. Шешуі омоним болатын метаграмма құрастыр:

Үлгі: Баспанамын басыңа,

Білгенге бұл – қазына.

«К»-ні қоссаң қасына,

Елтисіндер, сазы ма? (Үй-күй).

9. Көз, тіл, жүз сөздеріне назар аудар және олардың бірнеше мағынада жұмсалатындығына мысалдар тауып жаз:

Синонимдер

1. Әуелі синонимдік қатар, кейін антонимдік жұп түзе:

Үлгі: сұлу, әдемі, ажарлы, көрікті. Әдемі-ұсқынсыз

Сабырлы, салмақты... _____

Тұнық, таза... _____

Батыр, батыл... _____

2. Берілген тұрақты сөз тіркестерінен синонимдік қатар түзе:

Үлгі: Көзді ашып-жұмғанша, тез, өте, жылдам, қас-қағым уақытта, шапшаң, лезде.

Төбе шашы тік тұрды... _____

Кеудесіне нан пісу... _____

Жүрегінің түгі бар... _____

3. Берілген сөйлемдерден синонимдерді теріп жаз:

Оразбай өзінің қыңыр, қияс, қаскөй мінезі бойынша орайын тапты. _____

Бұның ар жағындағы ішкі тайталас, тартыс, дау-жанжалдың біреуін де Әзімбай айтқан жоқ.. _____

Дәрмен өз ішінен Абай қабіріне қарап, үздіксіз бір ант, серт айтып отырғандай болды. _____

4. Төмендегі синоним сөздерге сөйлем ойлап жаз:

1. Қашық, шалғай, алыс. _____

2. Жат, бөтен, бейтаныс. _____

3. Білімді, сауатты, оқыған. _____

5. Берілген сөздердің синонимдерін тап:

Ел _____

Қиындық _____

Жалғыз _____

6. Өлеңді мәнерлеп оқы:

...Ақылдың сөнбейтұғын шамшырағы,
Білімнің сарқылмайтын бал бұлағы.
Қашаннан «Кітап – білім бұлағы ғой»,
Сусынын көңілімнің қандырады.

Қарамен жазылған сөздерге синонимдер ойлап жаз.

7. Әрбір адам үшін туған жерден ыстық, қадірлі, қымбат ештеңе жоқ. Болуы да мүмкін емес! Өйткені сен ең алғаш жарық дүниеге келген сәтіңнен бастап, осы өлке саған алтын бесік-атамекен саналады деген тіркестердің мағынасын ашып, жазбаша түсінік бер.

8. Дәл ортадағы әріпті өзгерту арқылы бірнеше сөз тауып жаз: Үлгі: қазақ, қадақ, қалақ, қабақ...

9. Жеті санына қатысты сөздерді тауып жаз:

Үлгі: Жеті күн – 1. Бүгін. 2. Ертең. 3. Бүрсігүні. 4. Арғы күні. 5. Ауыр күн. 6. Соңғы күн. 7. Азына.

Жеті қазына – _____

Жеті ата – _____

Жеті жоқ – _____

Жеті жұт – _____

Адайдың жеті қайқысы – _____

Әлемнің жеті кереметі – _____

Антонимдер

1. Өлең шумағынан антоним сөздерді тауып, астын сыз:

Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,
Жақсы да, арасында жаман да бар...

Бір күні жарлы отырып ойға қалды,
Байларға ең бір сараң көзін салды.

Саулық берсін жасыңа, кәріңе де,
Жазылмайтын дертім бар дәріңе де.
Сыртым бүтін болғанмен, ішім түтін,
Соңы қалды, өмірдің басы кетіп...

2. Ішінде антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдер ойлап жаз:

Үлгі: Арғымақ аттың баласы
Аз оттар да, көп жусар.

3. Қажетті антонимдерді тауып жаз:

Бетегеден биік, _____

Көп сөз – көмір, _____

Аз жұмысты қиынсынсаң, _____

Жақсыдан – шарапат, _____

4. Антонимдерді тауып, нүктелердің арнасын қос:

Қуаныш түс

Бер кедей

Жап сараң

Күлу ал

Мін аш

Мырза жылау

Бай өкініш

5. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, Жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген мақалдың мағынасын ашып, өз ойыңды білдір.

6. Жария, шық, түс, біз сөздерінің омонимдес, синонимдес, антонимдес сыңарларын тауып жаз:

Үлгі: жария, мәлім, белгілі, ашық, т.б.-синоним;
жария – құпия – антоним;
омоним сөз жоқ. _____

7. Ішінде антоним сөз кездесетін бес жұмбақ ойлап жаз:

Үлгі: Іші – жұмсақ, сырты – қатты,
Еті – қызыл, сүті – тәтті. (қарбыз)

8. Өзің қалаған бірнеше сөздің әрі синонимін, әрі антонимін, әрі омонимін жаз:

Үлгі: Алыс, шалғай, қашық – синонимдер;

Алыс-жақын – антоним;

Алысқа кетті, Тұрар делбені шірене тартып, асаулармен алысады – омонимдер;

9. Әңгімені жалғастырып жаз:

Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан – ірі мемлекеттердің бірі. Біздің еліміз – жері кең, табиғи байлығы мол мемлекет.

Қарамен жазылған сөздердің антонимдерін тап.

Тұрақты тіркестер.

1. Таңба, жүгіндей, таяк, бозторғай, ит.

Осы сөздерді қатыстырып, тұрақты тіркес жаз:

Үлгі: Таяқ тастам жер.

2. Жалғасын тауып жаз:

Ұялған _____

Бетінен _____

Тонның _____

Мойны _____

Кеудесіне _____

3. Мына берілген сөздерге мағынасына қарай тұрақты тіркес ойлап жаз:

Жақын, ұялу, тату, үндемеу, өтірік айту.

Үлгі: Үндемеу – жұмған ауызын ашпау, ауызына құм құйылу, т.б.

4. Мағынасына қарама-қарсы тұрақты тіркестерді жаз:

Үлгі: Бетінен оты шықты – Беті бүлк етпеді.

5. Синонимдер қатарын түзе:

Үлгі: Көзді ашып-жұмғанша, өте жылдам, тез, қас пен көздің арасында, лезде, шапшаң.

Қой ауызынан шөп алмас _____

Ит арқасы қиянда _____

Әр сөздің басын шатты _____

Екі иығынан су кетіп _____

6. Құрамында тұрақты тіркес кездесетін мәтін құрастыр:

7. Мағынасына қарап, таблицаны толтыр:

Тұрақты тіркес	Мағынасы	Антонимі
Таңдай қағу	таңғалу	Көзге ілмеу
	Қолынан келмейтін іс істеу	
	өзімен өзі болу	
	жиі-жиі келіп тұру	
	қуану, шаттану	

8. Бес санына қатысты сөздерді тауып жаз:

Бес асыл іс – _____

Бес дұшпан – _____

Бес қару – _____

Бес парыз – _____

9. Мәтінді жалғастыр:

Кітап – бір ұрпақтың екінші ұрпаққа қалдырар рухани өсиеті, көзі жұмылып бара жатқан қарттың балғын жасқа айтар ақыл-кеңесі...

Шығармашылық жұмыстар

Мына мәтіндерден антоним, омоним, синоним болатын сөздерді тауып көріңіздер.

1. Аспанды қаптаған қою қара бұлттар көтеріліп, бірте-бірте ыдыраңқырап, жылтылдаған жұлдыздар көрініп, бір жақ шеттен жіп-жіңішке болып созылып туған ай көрінді. Имиіп сызылған ай тозған алтын тағаның сынығы сияқтанып тұрды. Айдың түсі ақ сәулеленіп бозарып, қиылған айдың асты таңның күміс жүнді ақ қанатының ұшығы сияқтанды.

2. Қасқырлардың бір-екі үлкені тағы жер тырмалап, таянып келіп еді. Айша айтақтап ұмтылып қалып, қолындағы қада ағашпен сарт-сарт еткізіп, қораны салып-салып қалды. Екі қасқыр тағы да жылыстап жөнеліп, өзгелерінің қатарына барды.

3. Айша қасқырлармен арбасып қойып, шеткеріректегі қораға таяу келіп, айнала карады. Қораға жапсыра үйген бір құшақтай пішен бар екен. Айша шабдар атты тебініп, шарбаққа жанасты. Қаңсыған қу шарбақтың қадаларын ат үстінде тұрып суырып алды.

4. Наурыз келді, көктем келді жарқырап,
Жағадағы желге ойнайды бал құрақ.
Жауқазындар қар астынан қылтиды,
Күннің ыстық сәулелерін тартып ап.

Мақалдарды сәйкестендіріңіздер:

Өнер –	жанып тұрған шырақ
Ғылым –	жаралы
Ақыл деген	ағып жатқан дария
Кеме айдаушы	кішіден сұра
Өзің білмегенді	кісіден сұра
Үлкен болмаса	кемеңгер бір қария
Елінен айырылған	ер мұңлық
Көлінен айырылған	мақтанға жұмсайды
Мақтаншақ бар ақылын	қаз мұңлық
Ғалыммен жақын болсаң,	қолың жетер
Залыммен жақын болсаң,	ағып жатқан бұлақ
Жауды аяған	басың кетер

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова. Қазақ тілі (5-сыныпқа арналған оқулық). «Атамұра», 2010; 2. Қ.Алпысбаев. Қазақ тілі. «Атамұра», 1993; 3. Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева. Қазіргі қазақ тілі .«Ана тілі», 1992; 4. Ж.Нығмет. Қазақ тілі «Нұрлы әлем», 2004; 5. Ж.Адамбаева. Қазақ тілі бойынша дидактикалық материалдар. «Рауан», 1990.

Қанымжан ДҮРІМБЕТОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
магистранты.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ

Қай тілде де сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жататыны белгілі. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық куә бола алады. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны мәлім. Олар туынды түбір, күрделі сөз түрінде кездеседі. Ғ.Айдаров жазба ескерткіштер тілінде сөзжасам тәсілдерінің түрлілігін, оның тілдің даму тарихында біртіндеп қалыптасқанын айтады [1,56].

Аталған кезеңге жататын ескерткіштерді сөзжасамдық тұрғыдан зерделеген еңбектер ретінде түркітанушы ғалымдар Ғұбайдолла Айдаров, Әбжан Құрышжанұлы, Мархабат Томановтың зерттеулерін негізге алуға болады.

Сөз таптарының жасалуы мен құрылымына байланысты 60-шы жылдардан бастап шыға бастаған осындай зерттеулердің қай-қайсысы болса да ескерткіштер тіліндегі сөздердің жасалуы жөніндегі мәселелерге соқпай кетпеген. Мәселен, Тоныкөк ескерткіштерінің тілі туралы зерттеуінде Ғ.Айдаров туынды сөздер аффикстер, сөздердің қосарлануы, бірігуі, белгілі бір формада қалуы (жоғары, бері) арқылы жасалады деп көрсетеді [2, 97-145].

Ғ.Айдаровтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты зерттеуінде Орхон, Енисей, Талас ескерткіштеріндегі сөз тудыратын қосымшалар қарастырылса [3], Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың осы аттас зерттеуінде көне түркі, көне ұйғыр, қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі сөз тудырушы қосымшалар қатар зерттелген [4]. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөзжасам мәселесін арнайы зерттеген көлемді еңбектер ретінде А.Есенғұлов [5] пен А.Раджабовтың [6] диссертацияларын айту керек. А.Есенғұлов Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріндегі сөз тудыратын жұрнақтарды түгелдей алып қарастырса, А.Раджабов Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі етістіктердің жасалу тәсілдерін зерттейді. Ол етістіктердің сөзжасамының үш түрлі тәсілін (лексика-грамматикалық, морфологиялық және аналитикалық) көрсетеді.

А.Есенқұлов өз зерттеуінде былай дейді: «Ескерткіштердегі сөздердің көпшілігі – аффикстер арқылы жасалған туынды сөздер. Бұған көне түркі дәуірінде-ақ, атап айтқанда, VI-VII ғасырлардың өзінде сөз қорын байыту үшін қосымшалардың рөлі күшті болғанын байқаймыз» [5,39].

Орхон-енисей, талас ескерткіштері ғылым дүниесіне мәлім болғалы үш ғасырға тарта уақыт өтіпті. Міне, осы аралықта олар әр кезде, әр түрлі көлемде, әр қырынан небір зерттеу объектісі болып келеді. Әйтсе де, әлемге әйгілі осы тастардың ғылыми интерпретациясы (түсіндірмесі) әбден шыңына жетіп, иі қанды, әсіресе, олар қазіргі түркі тілдерінің тарихына байланысты алынып, жан-жақты толық тексерілді дей алмаймыз. Орхон-енисей, талас ескерткіштері бүгінде сол жалпы түрде, мысалы, олардың пайда болуы, жазылу мазмұны тұрғысынан зерттелуде.

Орхон-енисей, талас ескерткіштеріндегі жұрнақтардың бірсыпырасы осы күнгі біраз түркі тілдерінде, мысалы, казак

тілінде сақталған. Атап айтқанда, олар мына тәрізділер деуге болады: -лығ, -ліг, -лық, -лік, -луғ, -лук (башлығ, йыллық, күнлік); -лы, -лі (чаблы, еріклі); -чы, -чі (тамғачы, елчі); -ма, -ме (йелме, йатуғ- ма); -нч, -ыч, -ч (өтүнч, өкүнч, алыч); -ун, -н (акун, келін); -ым, -ум, -м (барым, батым, түсім); -іс, -уш (сүнүш, тегіс, ка- быш); -г, -ығ, -іг (атағ, біліг, түрүк, ыдүк); -сыз, -сіз (кергексіз, ашсыз), т. б.

Ал кейбір сөз тудыратын жұрнақтар қазіргі көпшілік түркі тілдерінен, сондай-ақ казак тілінен кездеспейді. Ескерткіштердегі мұндай жұрнақтар қатарына негізінен -р (уйар), -гін (елгін), -ғу (карағу), -меч (егмеч), ет (егет), -ті (есітті), т. б. жатқызуға болады.

-лық, -лы жұрнақтары орхон-енисей, талас ескерткіштерінде де, осы күнгі түркі тілдерінің де біразында бар. Бірақ бұл екеуінің ол кездегі қолданылуы мен қазіргі уақыттағы жұмсалыуының арасында мағыналық жағынан ептеп айырмашылық бары байқалады. Мысалы, зерттеліп отырған ескерткіштерден -лық, -лы аффикстерінің жаңадан сөз тудыруда бірінің орынына екіншісінің ара-тұра болса да жұмсалатындығы аңғарылады. Қазіргі тілімізде жиі айтылатын малды ауыл, сулы аймақ тәрізді мысалдардағы -лы жұрнағының беретін мағынасын орхон-енисей, талас ескерткіштерінде, көбінесе -лық аффиксі білдіреді. Мысалы, атлығ — атақты, сүңгүліг — сүңгілі, будун тон- лық — киімді халық, күлүг — белгілі. Мұндай құбылыс ол жазбаларда өте жиі ұшырасады.

Кей жұрнақ небәрі екі-үш сөзде қолданылып, былайғы жерде қайтып кездеспейді. Олар, біздің байқауымызша, негізінен алғанда, мына тәрізділер: -лағ (қышлағ), -р (уй- ар), -сығ (йылсығ), -гін (елгін), -мег (йелмег), -ғу (карағу), -меч (егмеч), -ет (егет).-еч (егеч),-дем (ердем),-чыл (ат- чыл), -рак, -рик (бодрак, исрик), т. б. Бұл жұрнақтардың кейбіреулері қазіргі түркі тілдерінде (-лағ, -ғу, -дем, -чыл) фонетикалық

жағынан сәл өзгеріңкіреп сақталған да, ал қалғандары негізгі түбірмен кірігіп, жігі білінбей кеткен.

Орхон-енисей, талас жазбаларында кездескен сөз тудыратын жұрнақтардың басым көпшілігі тікелей негізгі түбір сөзге жалғанады: тонлығ, біліг, алычалығ, қатлан, т. б. Ал енді біразы туынды түбір сөзге тіркесіп келіп отырады: ердемлүг, сүңүглүг, йелмег, қуладмыс, күнедміш. Мысалы, жоғарыдағы лексемаларды сөз тұлғасында талдап көрсетсек, мынадай болып шығады: ер — ер, ердем — айбынды, ердемлүг — айбындылық, сү — әскер, сүңүг — сүңгі, сүңүглүг — сүңгілі, йел — жел, йелме — шолғын, йелмег — шабуыл, ал қуладмыс, күнедміс сөздерінің жасалу жолдары ерекшелеу. Ескерткіштегі -ад, -ед қосымшасы сөз тудыратын жұрнақтың қызметін атқарса, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде көмекші етістіктің қатарына жатады.

Жоғарыдағы талдаулар қазіргі тіліміздегі көптеген қосымшалардың даму эволюциясын танытады.

А.М.Щербак көне өзбек және шығыс түркі ескерткіштерінің тілінде кездесетін көптеген аффикстерді атап, сөзжасамның лексикалық және грамматикалық формалары деген терминдер енгізеді [7, 100-172]. Бұл кезеңдегі сөзжасам мәселесін арнайы зерттеген көлемді еңбектер ретінде А.Есенғұлов [5] пен А.Раджабовтың [6] диссертацияларын айту керек. А.Есенғұлов Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріндегі сөз тудыратын жұрнақтарды түгелдей алып қарастырса, А.Раджабов Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі етістіктердің жасалу тәсілдерін зерттейді. Ол етістіктердің сөзжасамының үш түрлі тәсілін (лексика-грамматикалық, морфологиялық және аналитикалық) көрсетеді.

XIY ғасырдағы түркі ескерткіштерінің тіліндегі сөзжасамдық аффикстерді арнайы зерттеген тағы бір еңбек - Ә.Керімовтің кандидаттық диссертациясы [8]. Онда

автор түркі тілдеріндегі сөз тудырушы аффикстердің зерттелу тарихына жан-жақты шолу жасаумен қатар, аффикстерді өнімді-өнімсіздігіне қарай саралап көрсетеді. Бұл зерттеулер ғалымның одан кейін жарық көрген «Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр)» атты зерттеуіне негіз болды [9]. Онда ғалым «Хұсрау-Шырын», Мухаббат-наме», «Гүлстан би-т-турки» ескерткіштерін зерттеп, сөз тудыратын жұрнақтарды: есім және етістік тудыратын жұрнақтар деп екіге бөліп, зерттейді. «Зерттелініп отырған ескерткіштердегі кейбір жұрнақтар жаңа сөз жасау үдерісінде (процесінде) жиі қолданылады да, енді біреулерінің жұмсалу аясы тар, бірен-саран сөздердің құрамында ғана кездеседі. Соған байланысты, өнімді, өнімсіз жұрнақтар деп жеке-жеке тақырыптарға бөліп талдаймыз» дейді автор [9.7].

Түркологиядағы сөзжасам мәселелері бұдан басқа да ортағасырлық ескерткіштер тілін зерттеген диссертациялардан өз көрінісін тапты деуге болады. Атап айтқанда, А.Салқынбай, М.Сабыр, Б.Сүйерқұл, Қ.Суатай, Ж.Тектіғұл, М.Ескеева, т.б.

Аталған еңбектердің барлығы да жекелеген түркі тілдерінің тарихи сөзжасамын зерттеуге үлкен үлес қоса алады.

Тілдің даму барысында грамматикалық формалардың өзгеріске баяу ұшырайтыны белгілі жайт. Ортағасырлық ескерткіштердегі сөз тудыратын жұрнақтар да арғы жағы орхон-енисей, көне ұйғыржазбалары және М. Қашқари сөздігіндегі сөз тудыратын жұрнақтармен, бергі жағы қазіргі түркі тілдерінің материалдарымен мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да ұқсасып, ұласып жатыр. Түбір сөзге жалғанып, жаңа сөз жасауда болсын, беретін мағыналарында болсын айтарлықтай өзгешелік байқалмайды. Бұл тұрғыдан келгенде есім тудыратын -чы мен етістік тудыратын –ла

журнағы ғана аздап ерекшеленеді. Дегенмен, осындай деректердің өзі тілдің грамматикалық құрылысының даму эволюциясын таныта алады.

Қазіргі тіліміздегі кейбір туынды сөздерді көне түркі, ортағасырлық жазба ескерткіштердегі туынды сөздермен салыстыра қарау арқылы кейбір қосымшалардың архетипін анықтауға болады: -ал, -ай, -ар, -ад (қартал-қартай, йоқад – йоқал), қарар – қарай), -қаз-қар-тат (отқаз – отқар – оттат).

Сонымен, әр кезеңдегі сөздердің жасалу үлгілерін талдау барысында қазіргі кезеңдегі сөзжасам жүйесінің көптеген мәселелерін ашуға мүмкіндік туады. Синтетикалық тәсіл көне түркі, орта ғасырларда сөздердің жасалуының негізгі тәсілі болғандығын байқаймыз. Оған тән басты белгілер ретінде мыналарды көрсетуге болады:

а) көне, ортағасырлық ескерткіштердегі сөзжасам қосымшаларының қолданысында, қызметінде қазіргі тілдегі аффикстермен салыстырғанда, айтарлықтай ерекшеліктер байқалмайды.

ә) -лы және -лық аффикстері мағыналық жағынан сараланбаған: -лы барлық жағдайда сын есім тудырса, -лық бірде зат есім, бірде сын есім тудырған.

б) сол кезеңдердің өзінде қосымшалардың өнімді-өнімсіз, құнарлы-құнарсыз сипатта болғандығы, тіпті, кейбір қосымшалардың көнеленіп, реликт тұлғаға айналғаны немесе түбірдің құрамына кірігіп кеткені байқалады.

в) сөзжасам қосымшалары қатарына жатқызылып жүрген сан есімнің, есімдіктің мағыналық топтарын жасайтын жұрнақтардың жаңа сөз тудырмайтыны зерттеулерде ескеріле бермеген.

г) ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық қосымшалар көпмағыналылық, көпқызметтілік тұрғысынан зерттеуді қажет етеді.

д) күрделі сөздер тобындағы қайталама қос сөздер, тіркесті сөздерге қатысты топтастырулар қазіргі сөзжасам тұрғысынан қайта қарап, топтастыруды қажет етеді.

Алайда жоғарыда келтірілген ескерткіштердегі сөзжасам мәселелері сол кезеңдегі сөзжасамдық амал-тәсілдер мен қазіргі қазақ тіл сөзжасамы арасында тығыз байланыс, тарихи сабақтастық бар екенін танытады.

Түркі тілдері сөзжасамы тарихи қалыптасуы мен дамуындағы тарихи үдерістерді ашып-айқындау - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Түркілік кезеңдердегі рухани мұралардың тілі мен жаңа тілдің сабақтастығын айқындауда және оларға лингвистикалық тұрғыдан баға беруде диахрондық зерттеудің амал-тәсілдеріне жүгінеміз.

Зерттеу барысында қол жеткізген мәселелер түркі тілдері сөзжасамының тарихын тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Белгілі бір дәуірге қатысты тілдік материалдарды өзіне дейінгі және қазіргі дәуірлермен салыстыра зерттеу, олардың қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін сипаттау сөзжасам мен салыстырмалы тарихи грамматика, жалпы тіл білімі мәселелеріне де қатысты.

Түркі тілдері сөзжасамы тарихи қалыптасуы мен дамуындағы тарихи үдерістерді зерттеу барысында бұл құбылыстың ежелгі дәуірлерде тілдің бүкіл жүйесін қамтығандығын байқауға болады. Ондағы түбір құрамында түрлі семантикалық өзгерістерді білдіруде басты қозғаушы күш екендігіне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ түркі тілдері сөзжасамы негізінде түбірлес сөздердің түзілуіне қатысты құнды деректермен де таныса аламыз.

Қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, ділін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің

кейбір құпия сырлары тілдегі сөзжасам саласының қатпарына жасырынған.

Тарихи сөзжасамдық жүйедегі сыртқы тұлға мен ішкі тұлға онтологиялық және лингвистикалық тұрғыдан тілдің дамуына жағдай жасайды, жаңадан танылған құбылыстар мен заттарды таңбалайтын, бейнелейтін ұғымның денотаттық және сигнификаттық атауларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тіл – күрделі құбылыс. Тіл жүйесі толассыз, тоқтаусыз дамып отырады. Даму, өзгеру, өрбу үдерістері өздігімен жүрмейді, белгілі бір сөзжасамдық заңдылықтарға бағынады. Мұндай заңдылықтар бүкіл тілдік жүйені қамтумен қатар, оның шағын-шағын салаларын да іске қосып отырады. Жалпы заңдылықтардың сөзжасамдағы көріністері – өз алдына бір шоғыр. Ал тілдегі табиғаты бөлек тарихи сөзжасамдық бірліктердің бір-біріне сәйкес келуі – кездейсоқ құбылыс емес. Түркі тілдері сөзжасам жүйесіндегі тарихи үдерістер қоғамдық факторлардың заңдылықтарына бағынады.

Тарихи кезеңдерде талай өзгерістерге ұшыраған сөзжасамдық категориялар бір тілде болмаса, екінші бір тілде өзіндік ізін қалдырып отырады. Сонымен қатар түркі тілдеріндегі қазіргі төркіндігі байқалмайтын, бірақ бір түбірден өрбіген, қазірде лексика-семантикалық мағынасында да байланыс үзілген қаншама лексикалық бірліктер тарихи дәуірдің бірден бір көрсеткіші болып табылады. Тіл – тарихи құбылыс. Тарихи даму барысында тіл бойында бір кездері қалыптасқан бірліктер біртіндеп шығып қалып жатса, заман ағымына қарай жаңа тілдік бірліктер еніп отырады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, сөзжасам ғылымындағы ізденістер бойынша тіл эволюциясы үнемі бір бағытта – көнеден жаңаға қарай, тарихтан бүгінге қарай жүріп отырмайды, олар бір-біріне қарама-қарсы бағыттық

қатынасты құрау арқылы да, бір-бірімен мидай араласып, сабақтасып жатады. Түркі тілдеріндегі сөзжасамдық қабаттың қатпарлары бір-бірімен тығыз байланысты. Тарихтың ұзын жолында сөз мағынасы өзгеріп, бірде кеңейіп, бірде тарылып отырады. Сөз мағынасы жалқыдан жалпыға қарай немесе жалпыдан жалқыға қарай дамуы тарихи сөзжасамдық зерттеулерден көрінеді.

Қазіргі түркі тілдерінде қолданылып жүрген әр түрлі сөзжасамдық категориялардың қай-қайсысы болса да, әуел баста белгілі бір ұяшықтың негізінен өрбіп, лексикалық мағынасы бар атау сөз болғаны түркологияда дәлелденген болатын. Дегенмен, көптеген сөзжасамдық тұлғалардың тарихи дамуының жай күйі толық анықталмай келгені де белгілі. Біз өз жұмысымызда түркі тілдеріндегі кейбір сөзжасамдық мәселелердің тарихи дамуының жай-күйін бағамдауға талаптандық.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ғ.Айдаров. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1995; 2. Ғ.Айдаров. О языке памятника в честь Тоныкук УШ в. И его отношение к некоторым современным тюркским языкам. АҚД. А., 1959; 3. Ғ.Айдаров. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі». А., 1988; 4. Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1971; 5. А.Есенқұлов. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріндегі сөз тудырушы жұрнақтар. Канд. дисс. А., 1969; 6. А.А.Раджабов. Глаголообразование в языке орхон-енисейских памятников. Дисс. А., 1977; 7. А.М.Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. Из Восточного Туркестана. М. Л., 1961; 8. Ә.Керімов. Словообразовательные аффиксы в языке памятников тюркоязычной литературы XIV в. ҚД. А., 1980; 9. Ә.Керімұлы. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар. XIV ғасыр. А., 1999.

Гүлназ НҰРМАНОВА,
№187 М. Шоқай атындағы
қазақ орта мектебінің мұғалімі.
 Қызылорда қаласы.

ТҰРМАҒАМБЕТ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығына өткізілген Сыр өңірінен шыққан белгілі шайыр Т.Ізтілеуұлының төл қолтанбалы шығармалары бес дәптерден құралған. Бумаға қосымша тіркелген құжат-қағаздар арасында машинкаға тіркелген: *«Қолжазбаларды қабылдау комиссиясы 1980 жылы, 13 қарашада Ізтілеуов Тұрмағамбет ақынның өз қолымен жазылған 20 000 жолдан астам қолжазбасын институт қорына қабылдады. Бұл мұраны ақынның баласы Тұрмағамбетов Абдырауық сақтап келген. Қазір бұл қолжазбалар институт қорындағы №875 папкада сақтаулы»* деген хабарлама хат бар. [3,17] Осы бес дәптердің үшінші дәптері «Нақыл сөздер жинағы» деп аталыпты. Мұндағы мақал, мәтел, нақыл сөздердің жалпы жиыны – 1317 деп жазылған. [3,432] Әрине, шайыр қолжазбасындағы мақал-мәтелдердің барлығы ақынның төл туындысы емес. Дегенмен, көптеген нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің осыған дейін еш жерде кездеспегеніне қарағанда, ақынның өз туындысы болып шығуы ғажап емес. Немесе қалыптасып кеткен танымал мақалдардың екінші бөлігін өз жанынан қосып, жаңғыртуы да мүмкін. Осы қолжазбада кездесетін кейбір нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер Тұрмағамбет шығармаларының ішінде дәл осы күйінде кездеседі және өлеңде тұлғалық, ұйқастық тұтастықта тұр. Көпшілікке белгілі кейбір мақалдардың жалғасы, яғни, екінші компоненті бар екенін алғаш рет осы

қолжазбадан кездестіруге болады екен [3, 432].

Т.Ізтілеуовтің 2007 жылы жарық көрген шығармалар жинағында берілген мақал-мәтелдерді төмендегіше топтастыруға болады:

Р/с	<i>Бұрыннан келе жатқан, көпшілікке мәлім танымал мақал-мәтелдер</i>
1	Жалғыздың үні шықпайды, Жаяудың шаңы шықпайды. [3, 434]
2	Ойнап айтсаң да ойлап айт. [3, 468]
3	Таспен ұрғанды аспен ұр [3,467].
4	Анасын көріп қызын ал, Аяғын көріп асын іш [3,460].
5	Асың барда ел таны беріп жүріп, Атың барда жер таны желіп жүріп [3,451].
6	Қойшы көп болса, қой арам өледі [3,458].
7	Тура биде туған жоқ, Турасыз биде иман жоқ [3,461].
8	Жаксымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа; Жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа [3,471].
9	Ұлық болсаң – кішік бол [3,448]
10	Жаңылмас жақ болмайды, Сүрінбес тұяқ болмайды [3,470].

	<i>Ақын екінші бөлігін өз жанынан қосып жаңғыртқан мақал-мәтелдер</i>
1	Сабыр түбі – сары алтын, <i>Сақтаған жетер мұратқа.</i> <i>Асығыс түбі – ащы сор.</i> <i>Сақтаған қалар ұятқа [3,445].</i>
2	Ауру – астан, дау – қарындастан, <i>Сараңдық жұғысады ауылдастан [3,466].</i>
3	Көсеуін ұзын болса, қолың күймейді; <i>Туысқаның көп болса, адам тимейді [3,460].</i>
4	Асықпаған арбамен қоян алады, <i>Асыққанның етегі аяғына оралады [3,454].</i>
5	Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды, <i>Екі қарбыз бір қолтыққа сыймайды [3,490].</i>
6	Құтты қонақ қонса, қой егіз табады; <i>Құтсыз қонақ қонса, қойға қасқыр шабады [3,490].</i>
7	Адасқанды сөкпендер, қайтып үйірін тапқан соң; <i>Ұрпағанды кешіңдер, тоғыз әкеп жатқан соң [3,498].</i>
8	Көрмес – түйені көрмес, <i>Білмес – Құдайды білмес [3,501].</i>

9	<i>Сабан бол, шөп бол, Шамаң келсе, көп бол. Жалғыздың үні шықпас, Жаяудың шаны шықпас [3,508].</i>
10	<i>Молданың хаты қалады, Жақсының аты қалады. Ұстаның даты қалады. Жаман бүркеніп жатып алады [3,488].</i>

<i>Бұрын кездесе бермейтін мақал-мәтелдер / ақынның өз туындысы, нақыл сөздері болып шығуы мүмкін /</i>	
1	Ер үмітпен ұшар, Құс қанатпен ұшар [3,443].
2	Жұртты жеген жігітке күй болмайды, Шабак жеген шортанда ми болмайды [3,475].
3	Сөз мәнісін білмеген сөзді өзіне келтірер, Көш мәнісін білмеген көшсе түйе өлтірер [3,479].
4	Қатты жерге су төксең, суықта тайғақ болады, Жаманға айтсаң сырынды сасқанда айғақ болады [3,458].
5	Елді өсек тоздырады, Киімді өтек тоздырады [3,482].
6	Тай тулап үйірінен шықпайды, Есі бүтін елден шықпайды [3,475].
7	Алтында тат болмайды, Жақсыда жат болмайды [3,464].
8	Кеңесті ел азбайды, Кең киім тозбайды [3,471].
9	Құралай бастаған киік оңбайды, Бозбала бастаған ел оңбайды. Тайлаққа жүк артсаң тулап кетеді, Бозбалаға жұмыс тапсырсаң ойнап кетеді [3,466].
10	Жаман ісінен көрмейді, кісіден көреді [3,468].

Ақын жинағында бүгінгі күні қолданыста жүрген кейбір мақал-мәтелдермен мағыналас, мазмұндас мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

	<i>Ақын жинағындағы мақал-мәтелдер</i>	<i>Қолданыстағы үйренішті мақал-мәтелдер</i>
1	Жалғыз ағаш үй болмайды, Жалғыз адам би болмайды [3,458].	Жалғыз ағаш орман болмас.
2	Тарыққанда берген тұрымтай сұңқар орынына жүреді [3,469].	Ашыққанда жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпес.

3	Жақпа отты – өзің пісерсің; Қазба құдықты – өзің түсерсің [3,469].	Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.
4	Қазаныңа не салсаң, шөмішіңе сол ілінеді. [3,482]	Не ексең, соны орасың.
5	Байдың мұржасы қисық болса да, түтіні тура [3,490].	Ауызы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін.
6	Тіл жарасы оңалмайды, Тән жарасы оңалады [3,466].	Таяқ еттен өтеді, Сөз сүйектен өтеді.
7	Жаман сайға су құйса, өткел бермес кешуге; Дәулет бітсе жаманға, сусын бермес ішуге [3,494].	Жаман атқа жал бітсе, Жанына торсық байлатпас; Жаман жігітке мал бітсе, Жанына қонсы қондырмас.
8	Жақсы сөйлесе, ауызынан гүл шашырайды, Жаман сөйлесе, ауызынан жын шашырайды.	Жақсы байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер.
9	Жеті атасы би болған жеті жұрттың қамын жейді, Текке басы би болған құлағы мен жағын жейді.	Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер.

Филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғанбай «Тұрмағамбет осы мақал, нақылдарды топтастыру кезінде жиналған дүниелерді белгілі бір тәртіппен жүйелеуге тырысқан секілді. Өйткені мақал-мәтелдер тақырыптық тұрғыдан бірізділікті сақтаған және кей тұстарда ішкі ой сабақтастығына да көңіл бөлгені көрінеді. Бұл ақынның фольклор жинау мен жүйелеудің өз заманындағы бағытынан біршама білімі болғанын білдіреді» деп жазады. Тұрмағамбет ақынның төл шығармаларында да мақал-мәтелдерді қолдануы оның осы қасиетін аша түскендей. Ол өз өлеңдерінде халықтың небір інжу- маржандарын тамаша шеберлікпен қолданған.

Мақал-мәтелдер	Тұрмағамбет өлеңдері
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді; Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.	Деген бар: «Төртеу түгел – төрге шығар!» Төрің сол – бақыт құстың айналғаны. Алтау боп – ауызың ала бола қойса, Дұшпанға құл боп анық байланбағы [1,27].

Жаман аттан аяғым артық, Жаман достан таяғым артық.	Жаманнан жақсы көрем таяғымды, Артық, - дейім – арық аттан аяғымды. Ойласам, ұйқыдағы түс сияқты: Күлкі, ойын, жастық дәурен баяғымды [1,65].
Сабыр түбі – сары алтын.	Данасың, дәулетіңе масықпасаң, Жарымсың жар, досыңнан қашықтасаң. «Сары алтын – сабыр түбі» сақтап таза, Жетерсің мақсұтыңа асықпасаң [2,68].
Көп түкірсе – көл.	Өзіңе ойлағанда қанша абырой, Тойынып, қасыңда халық тұрса өріп, «Көл деген – көп дұғасы» қате емес, Боларсың өркен жайып онан да өнік. [2,71]
Асықпаған арбамен қоян алар.	«Арбамен асықпаған қоян алар» Деген сөз – қариялардан қалған жүйе. Әлбетте, асығуды әдет айлап, Жібінді, жеме өкініш, байлап шие [2,72].
Ұлық болсаң – кішік бол.	«Кішік бол, ұлық болсаң» деген нақыл, Халқыңа құшақ жая иіл талдай [2,75].
Жақсы сөз – жарым ырыс.	«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген нақыл, Әр жұмыс, асылында, Аллаға оңай [2,38].
Ұяда не көрсең, Ұшқанда соны ілерсің.	Ұшқанда алар аңың сол болады, Ұяңнан нені көрсең өреріңде [3,108].
Жаңбырменен жер көгерер, Бағаменен ер көгерер.	Қашаннан елді баққан азаматтың, Басына бақыт қонып, дәулет дарымақ «Көгерер жаңбырмен жер, дұғамен ер», Жоқ, сірә, жақсылығы жерде қалмақ [3,162].
Тура биде туған жоқ.	«Туған жоқ тура биде» дегендей-ақ, Атамайды атасын да шықса шиі [3,268].
Құтты қонақ қонса қой егіз табар.	«Құтты қонақ қонғанда, Қой егіз туар» дегендей, Дария мен бұлақ тасып тұр... [3,273].
Өнерлі өрге жүзеді.	«Өнерлі өрге жүзер» деген осы Кеуілінді күні бұрын көндір халық [3,283].
Бөлінгенді бөрі жейді.	«Жемейді біріккенді бөрі» деген, Бас изеп бір-біреуге «е» деселік [3, 300].
Кең болсаң, кем болмайсың.	Кең болсаң, кем болмайсың, кен боласың, Жүре берсе елі-жұртың ауызын шайып [2,136].
Асықпаған арбамен қоян алар.	«Арбамен асықпаған қоян алар» Асыққан ұшырасар мың тобаға [3,310].

Сөз түйіні

Сыр өңірінің белгілі қаламгері Әбділдә Тәжібаев «Өлең жазғанның бәрі ақын емес екені қашаннан мәлім. Өлеңші мен ақын қашан тірлік құрып, бірге жер басып жүргенде ғана бір-біріне ұқсайды. Бірақ бұл «теңестік» – уақытша нәрсе. Кейін өлеңші ұмытқа айналады да, болашақпен беттесу және тілдесу үшін өмірде ақын қалады. Өйткені ақын – әлеуметтік өмірдегі көрнекті тұлға. Ол қауымға жаңа пікірлер естіртіп, ойлы сөздер айтқан адам, ол өзі өскен ортаға қуаныш-шаттық әкелген, қайғының қандай түріне жылап, қандай түріне қарсы шабуды үйреткен ұстаз. Ол өмірді ұғындырған, оны сүюді үйреткен, жалған сөйлемеген, қара басының қамын арттыру үшін ешкімге жалпақтамаған, оңай ұйқас, жеңіл ырғақтар қумаған жан» деп жазған болатын. Міне, Ә.Тәжібаевтың осы пікірінен кейін Тұрмағамбет Ізтілеуовтің қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырып, даналығымен, даралығымен ерекшеленіп тұратын нағыз ақын екеніне шүбә келтірмейміз. Қанша қуғын-сүргін көрсе де, бар қиыншылықты қасқиып қарсы алған ақиық ақын:

«Дүниеден өмір бітіп, өтсем де өзім,

Аралап жердің бетін жүрер сөзім.

Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп

Арманда болмай-ақ қой екі көзім» деп жырлаған. Ақын сөзі шындыққа айналды. Айтқандай-ақ, жерлесі Қуандық Бүрлібаев Тұрмағамбет термесімен жапон елін дүр сілкіндірді. Ал жырау Алмас Алматы пен Ұлжан Байбосынова Париж халқын Тұрмағамбет жырларымен бірнеше дүркін тамсандырып қайтты. Өзі өлсе де артында қалған мол мұрасымен халқының табысатынын арынды ақын алдын ала сезгендей [10].

Арайлым ШАМБИЛОВА,
Аңқаты ЖОББ мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖОЛДАРЫ

Мақсаты: оқушыларды ҰБТ-ге дайындау мақсатында лексика, фонетика, морфология, синтаксис тақырыптары бойынша лекциялық әдіспен баяндау, пікірлесу, тапсырмалар, тестілерді, жаттығуларды орындау, талдау, сабақ үстіндегі оқушылардың жұмысын бағыттау.

Міндеттері: 1) оқушылардың тест жұмыстарын шешуде анықтамалық әдебиетті өз бетімен қолдануын ұйымдастыру; 2) ҰБТ-ді сәтті тапсыру үшін қазақ тілінен білім деңгейін анықтау; 3) оқушылардың ұмытып қалған, не түсінбей қалған тақырыптарын түсіндіру, қайталау; 4) оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру; 5) оқушының ойлау, есте сақтау, іздену дағдыларын қалыптастыру, белсенділігін арттыру; 6) Өтілген материалды жан-жақты меңгеруге жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже: оқушылар қазақ тілі пәні бойынша тестіні сәтті тапсыра алады; берілген тапсырмалардың мазмұнын түсіне алады; өздігінен білім алуға үйрену қызметі қалыптасады; алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйренеді.

Ұлттық бірыңғай тестінің сапалы өтуі, алдымен, мұғалім мен оқушының уақытты тиімді пайдалануында және мұғалімнің тапсырмаларды түрлендіріп қолдануында жатыр. Ұлттық бірыңғай тестідегі негізгі пәндердің бірі – қазақ тілі. Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын өз бетімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін

өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті емес пе?!» деген екен. Ана тілінен оқушыларды дайындау үшін қажетті тапсырма түрлерін ала білу өте маңызды.

Соңғы жылдары оқушыларды ҰБТ-ге дайындау жолдарын жүйелеп, сол жүйе бойынша дайындаудамын. Қазіргі уақытта ҰБТ-ге дайындықты үш кезеңге бөлемін.

I. Диагностикалық кезең

Алдымен 10-сыныптан бастап оқушыларға байқау сынақтары өткізіледі. Байқау сынақтары мектебімізде арнайы жабдықталған тестілеу кабинетінде өтеді. Байқау сынақтары кезінде оқушыларды жауап парақтарын дұрыс толтыруға үйретемін. Сол кезден бастап жауап парағымен жұмыс жасайтын оқушының қолы жаттығып, ҰБТ-ге келгенде бүлдіріп алам деп қорыпайды және тез толтырып уақытын үнемдеуге көмектеседі. Содан соң сол байқау сынақтарының нәтижесімен оқушылар үш топқа бөлінеді.

I топқа 15 ұпайдан төмен жинайтындар кіреді.

II топқа 15 ұпайдан 20 ұпайға дейін жинайтын оқушылар енеді.

III топқа 20 ұпайдан жоғары жинайтын оқушылар жатады.

Сонда бұл сынып 11-сыныпқа III топқа бөлініп дайын келеді.

11-сыныпта практикалық кезең басталады.

II. Практикалық кезең.

Практикалық кезеңде, ең алдымен, ҰБТ-ге арналған мектепшілік жылдық жоспарға сәйкес қазақ тілі пәні бойынша жоспар құрылады. Сонымен қатар Шәбікен Кәрібайұлы Бектұровтың кітабы бойынша тақырыптық жоспар жасалады.

Құрылған тақырыптық жоспар бойынша I тоқсан бойы ережелермен жұмыс жүргізіледі. Бұл бөлімде III топқа да тапсырмалар бірдей болады.

Мысалы: грамматикалық ережелерді аудару, жаттау; ережелерін еске түсіріп жазу; мысалдар келтіру; бірін-бірі тексеру; өзін тексеру, т.б. Сонымен қатар сөздердің

байланысу түрлерін немесе сөйлем түрлерін ережесімен сәйкестендіру сияқты тапсырмалар беріледі.

Түрлері:	Ережелері:
1. Қиысу; 2. Матасу; 3. Меңгеру; 4. Қабысу; 5. Жанасу.	А) сөздердің жіктік жалғауы арқылы байланысуы немесе бастауыш пен баяндауыштың байланысуы; В) сөздердің ешбір жалғаусыз бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуы (негізінен үстеу мен етістік байланысады); С) сөздердің ілік септігінен басқа септіктердің жалғаулары арқылы байланысуы; Д) ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы; Е) сөздердің ешбір жалғаусыз тек орын тәртібі арқылы қатар тұрып байланысуы;

Түрлері:	Ережелері:
1. Жақты; 2. Жақсыз; 3. Жалаң; 4. Жайылма; 5. Толымды; 6. Толымсыз; 7. Атаулы.	А) тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем; Б) іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем; С) бастауышы бар сөйлем; Д) айтылуға тиісті тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем; Е) бастауышы мүлдем жоқ сөйлем; Ж) ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем; З) тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем.

II-III тоқсанда оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріледі. I топқа лексика мен фонетика тақырыптары басым, II топқа морфология және арасында лексика мен фонетиканы қамтитын, ал III топқа синтаксис пен тыныс белгілері (пунктуация) тақырыптары басым тапсырмалар беріледі. Ендігі мақсат – I топтағы оқушыларды II топқа, II топтағы оқушыларды III топқа тарту. Ол үшін I топтың оқушылары лексика, фонетика бойынша, II топтың оқушыларына лексика, фонетика және морфология тараулары бойынша мемлекеттік білім беру стандартына сай құрылған тест тапсырмаларын орындайды. Нәтижесінде тарауды жақсы меңгерген оқушы бір саты жоғарылайды. Арасында тарауды

толық меңгермеген оқушылар шықса, олармен жеке жұмыс жасалады.

III топтың оқушыларына уақыт үнемдеу үйретіледі.

Мысалы, жекелеген сұрақтарды қалай тез орындауға болатынын талдап түсіндіру: сұрақты асықпай, түсіне оқу; сұраққа қатысты грамматикалық материалды еске түсіру.

Мысалы: «Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз» деген тапсырма берілсе, дұрыс жауапты қалай тез табуға болады?

1-қадам: жалғаулық шылауы бар сөйлемді іздеу;

2-қадам: жалғаулық шылауы бар сөйлем жоқ болса, бірінші жай сөйлемнің баяндауышына қараймыз, ол тиянақты формада тұруы керек.

«Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз» деген тапсырма берілсе, дұрыс жауапты қалай тез табуға болады?

1-қадам: жай сөйлемдерді алып тастаймыз;

2-қадам: баяндауышы тиянақты сөйлемдерді алып тастаймыз, себебі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз формада тұрады.

Осымен үшінші тоқсанды аяқтайды.

IV тоқсанда бақылау кезеңі басталады.

III. Бақылау кезеңі.

Барлық оқушыларға бірдей тест орталықтарынан алынған тест беріледі. Тесттен кейін оқушылар қатемен жұмыс жасайды, оған арнайы қателерін тексеретін парақтар қолданылады. Ол парақта + - таңбалары арқылы кімнің қай сұрақтан қате жібергенін анықтайды. Әр оқушы жіберген қатесінің тақырыбын өздеріне жазып отырады. Содан кейін бірдей қате жіберген оқушыларды топтастырып, және қалған қате жіберген оқушыларға қателерін табуға уақыт беріп, сол қате кеткен тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі. Олар сол тақырыптарды еске түсіріп, ережесін тауып, өздері талдап, анықтаулары қажет. Осы бағытта жұмыс жалғасып отырады.

Артықбай ОТАРБАЕВ,
Маңғыстау облысы,
Қаракия ауданы.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫ ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

(5-сынып)

<p>Жалпы мақсаты: білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдерді, соның ішінде диалог әдісін қолдана отырып, дауысты дыбыстар туралы түсініктерін кеңейту, дауысты дыбыстарды ажырата алу дағдыларын, дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын, өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру.</p>	<p>Оқыту нәтижелері: оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы дамиды, өзіне деген сенімділігі қалыптасады, өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп ала алады және пікірін қорғай алады, тақырыпты меңгеруде өзге топтарға пікір айта алады.</p>	<p>Негізгі идеялар: оқулық және қосымша материалдар деректерін тиімді пайдалануға, ойын еркін айтуға, өз пікірін қорғап, айқын да айшықты тілмен сөйлеуге дағдыландыру. Ақыл – ойын, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p>
<p>Сабак түрі: Блум жүйесі бойынша білім, білік дағдысын қалыптастыру бағытындағы қайталау сабағы.</p>	<p>Көрнекілігі: тақырыпқа арналған слайдтар және оқулықтар мен оқу құралдары.</p>	<p>Оқытудың міндеттері: жаңа тақырыпты толық меңгереді, талдау жұмыстарына белсене қатысады, сол арқылы өмірлік тәлім-тәрбие ала алады.</p>

Сабақтың жүрісі:

Бөлім	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Сабақта нәтиженің білім	Тапсырма түрі	Әдісі	Жүйесі	Тәрбиелік мәні	Уақыт
1. Білім.	1. Ұйымдастыру. 2. Үй тапсырмасын тексеру. 3. Өткен тақырыпты сұрақ-жауап әдісімен пысықтау. 4. Бағалау бетшелерін тарату.	Кезекші мәліметі. Жұпқа бөліну. Үй тапсырмасын орындауы. Сұрақ-жауап тарға жауап.	Дауысты дыбыстардың өзіндік белгілерін ұғынды.	Жұптық	Сұрақтарға жауап	Мұғалім оқушы	Зеректік	9 мин.
2. Түсіну.	Жаңа тақырыпты ұғындыру. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдары туралы түсінік беру. 2. Берілген сөйлемдерден дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын талдап, таныту.	Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарына анықтама береді. Сөйлемдерден дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын жіктеп түсіндіреді.	Дауысты дыбыстардың жасалу жолдары туралы түсінік алды.	Ұжымдық	Проблемалық	Мұғалім, оқушы	Есте сақтау	9 мин.
3. Қолдану.	Жаңа білімді тәжірибеде қолдану. Жағтыну мәтіндерін шарттына сай орындайды.	Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын танып, біледі, талдауы.	Салыстырып танылды.	Топтық	Проблемалық	Оқушы, мұғалім	Ізденімпаздық	9 мин.

4. Талдау	Алған білімдерді жіктеу, саралау. Дауыстылар тілдің, жақтын, еріннің қатысына қарай салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіру.	Топқа бөлінеді. Дауыстылар тілдің, жақтын, еріннің қатысына қарай түр-түрге бөлінегінін ұғады, талдап таниды.	Өілген тақырыппен ұлғастырды (тіл дыбыстарының жасалу жолдары).	Топтық	Шығармашылық	Оқушы	Есте сақтау, ізденімпаздық	7 мин.
5. Жинақтау.	Ойлан, тап, құрастыр, шығар, байланыстыр. Жаттығу мәтіндерінде берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрау, мақал айту, дауысты дыбыстарды талдау, жіктеу.	Жаттығу мәтіндерін шартына сай орындайды, салыстырады, сөйлемдер құрастырады, мақал-мәтелдер айтады, талдайды.	Мақсат құра біледі. Міндетін атқарады (дыбыстық талдау жасай білу).	Ұжымдық, топтық	Шығармашылық	Оқушы, мұғалім	Сыни тұрғыдан ойлау	7 мин.
6. Пайымдау (баға).	Талқыла, өз пайымдауыңды білдір. Дауысты дыбыстардың өзіндік ерекшеліктері қандай? Жаңа тақырыпты қорыту. Үй тапсырмасын беру. Бағалау бетшелерін жинау.	Пікір айту. Бағалау бетшелерін тапсыру. Топ басшылары сыни тұрғыдан пікір айтып бағалайды.	Сыни тұрғыдан ойлауға үйренді.	Ұжымдық	СТОУ	Оқушы, мұғалім	СТО	4 мин.

Мейрамгүл МҰҚАНОВА,
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
орта мектеп мұғалімі.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы.

БУЫН ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР

(5-сынып)


Сабақтың мақсаты: оқушылардың грамматикадан оқып, үйренген ережелерін ойындар арқылы қайталап бекіте түсу. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды мысалдар келтіру арқылы дәлелдеу. **Міндеттері: білімділік** – буын үндестігі туралы түсінігін, көзқарасын қалыптастырып, анықтамасын еркін игерту, өз бетінше нақты дәлелдер келтіріп, мысал айтқыза білу, бағынбайтын қосымшаларды даралап айтқызу; **дамытушылық** – жауапты тез таптырып, тапқырлыққа дағдыландыру. Тіліміздегі көп қолданылатын мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінен молырақ мәлімет беру. жаттығу жұмыстары арқылы мағынаны таныту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – Тіл дамыту жұмыстарын жүйелі әрі қызықты етіп ұйымдастырудың тиімділігін сезіндіру.

Түрі: білімді тексеру, есепке алу сабағы. **Көрнекілігі:** плакаттар, оқу құралдары (түрлі-түсті қағаздар, қалам, т.б.), кеспе қағаздар, ойындар.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу, оқу құралдарын даярлау, сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.



«Кластер» әдісі арқылы оқушылардың алған білімдері тиянақталады әрі тексеріледі.

III. Білімді жан-жақты тексеру кезеңі.

Білім – байлық:

1. Үндестік заңы сақталатын мысалдар келтіріңіз, ережесін айтыңыз.
2. Жуан буынды сөздер келтіріңіз, ережесіне тоқталыңыз.
3. Жіңішке буынды сөздер келтіріңіз, ережесін түсіндіріңіз.

Үш оқушыны тақтаға шығарып, сатылай кешенді талдату жұмысы атқарылады.

Сыныпты үш топқа бөліп, әр тапсырмадан бөліп беру(дәптермен жұмыс).

I топ: жуан б.с. II топ: жіңішке б.с. III топ: аралас буынды сөз.

4-кезең. Кітаппен жұмыс: 320 жаттығу (дәптерде ережесін түсіндіру, 3 оқушыға бөліп, тақтада орындау).

5-кезең. «Кубизм». Кубиктің 6 жағы бар, иіреді, қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді:

1. Суреттеп беріңіз;
2. Салыстырыңыз;
3. Зерттеңіз;
4. Қолданыңыз;
5. Бұл туралы ойлағанда көз алдыңызға не елестейді?
6. Талдаңыз.

6-кезең: 321-жаттығу. Мәтінді оқу, мазмұнын ашу, буын.

буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді тауып, ережесімен сұрау: оймен, қариясы.

I топ	II топ	III топ
1 азат жол	2 азат жол	3 азат жол

7-кезең: «Сергіту сәті» (би, бойларын жазып, қыз бен ұл шығады).

Әр топқа тапсырма:

I топ	II топ	III топ
ашық буын сөздер	тұйық буын сөздер	бітеу буын сөздер

8-кезең – есте сақтау қабілеттерін тексеру кезеңі.

Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болсын,

Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

Диктафоннан Сабыр Адайдың өлеңінің мазмұнын түсініп, талдау: 1. Мазмұнын ашу; 2. Жуан буынды сөздерді теріп жазу; 3. Жіңішке буынды сөздерді теріп жазу.

9-кезең – шығармашылық жұмыс.

Тіл – арыстан

(Әр тармағы мен сөздері бір дыбыстан басталатын бір шумақты өлең шығарып көр). 10-үй тапсырмасын беру кезеңі. Дыбыс үндестігі, №326, 327-жаттығулар.

Берілген сөздерге тиісті қосымшаларды жалға	
Әке	
Аға	
Қонақ	
Бей	
Жем	
Әсем	
Ем	
Сән	
Жұмыс	
Күмән	
Поляк	
Цех	

Ансамбль	
Руть	
Парашют	

11-бағалау – Тесілерді тексеріп, біліміне, сабақта берген жауабына қарай бағалайды.

Сөз баспалдағы. Сергіту үшін.

Жаңа сабақ: Үндестік заңы.

Қызығушылықты ояту: Ережені еске түсірейік.

Көрнекі құралдың көмегімен (плакаттар) түсіндіру.

Буын үндестігі

Дыбыс үндестігі

Қа+ғаз+ды

Айт-бай – Айт+пай

Те+ре+зе+ге

Қара+көз – Қара+гөз

Ба+ла+лар+ға

қаш+са – қаш+ша

Ең+бек+тің

жүрек+і – жүрегі

тап+у – табу кеп+іп – кеу+іп

Бөген+бай – Бөгем+бай

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

Көмектес септік: **-нікі, -дікі, -тікі; -паз, -қор, -кер, -гер, -мен, -пен, -бен**

-қой, -хана, -кеш, т.б.

Самат+пен

Самат+тікі

өнер+паз, еңбек+қор,

Әсем+мен

Әсем+дікі

ғарыш+кер, сауда+гер,

Қыз+бен

бала+нікі

сән+қой, дәрі+хана, т.б.

Мағынаны ажырату үшін: Жаттығу жұмыстары (жеке жұмыс).

Төмендегі сөздерге қосымшаларды дұрыс тауып жазған, қандай үндестік екенін айтыңдар:

Мал лар

қой

тар

әйел

м

Бала дар

қонақ

ды

шеше

сы

Түйе лар

бойдақ

қа

аға

і

Сөздердің сыңарын екінші бағанадан тауып жазыңдар:

Құлақпен

көрген

төрге

болыпты

асқар

бұлағы

Көзбен

жерде

қаза

салу

ағар

қанаты

Елсіз

естіген

сурет

отыру

оң

тау

Мағынаны тану: осы мысалдарды жан-жақты талдау. Неге олай?

Тіл дамыту үшін: Мәтінмен жұмыс. Оқып, әңгімелеп беру.

Терме диктант: Серікұлы, Мәлікқызы, Мүсірепов, таңертең, зейнетақы, атамекен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, Екібастұз, Амангелді, Жүсіпбек, Сәрсенбай, Жезқазған, Теміртау.

Ойындар: «Кім тапқыр?» ойыны. Кроссворд шешу.

Жаңа сабақты қорытып, бекіту. Қорыту сұрақтары:

1. Қазақ әліпбиін жасаған кім?

2. Дыбыс емес, таңба.

3. Қосарлы дыбыстар қаншау?

4. Қазақтың төл әріптері қаншау? Ата.

5. Үнді дауыссыздарды ата.

6. Аяқта: Өз елін сүймеген Адам, ештеңені де ... сүйе алмайды.

7. Тіліңмен жүгірме, (Біліммен жүгір).

8. Оқылмайды, жазылады. Бірақ сөзден табылады. Ол қай әріп еді?

9. Бір дыбыстан құралған қандай сөздерді білесің?

10. Әрі дауысты, әрі дауыссыз, әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстар қатарында қолданылатын қай дыбыс? Мысал келтіріп, дәлелдеп бере алады?

11. Мына сөздерде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыстар бар? Қауын, жуан, жуу, қияр.

12. Үндестік заңы деген не?

13. Буын үндестігіне қандай қосымшалар бағынбайды?

14. «Ойлан, тап!». Мына сұрақтарға тиісті тұрақты сөз тіркестерімен жауап беріңдер:

А) Адамның төбесі аспанға жете ме?

Ә) Сөйлегенде сөз ауыздан түсіп қала ма?

Б) Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?

Е) Екі аяқ бір етікке сия ма?

Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын тап:

мандай тер (адал еңбек),
тепсе темір үзеді (күшті),
қолы алтын (шебер)

Ой-толғаныс: Эссе түрінде. Шығу парағы.

Білетінім Білгенім Білгім келеді?

Үйге тапсырма: Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалары бар 10 сөйлем тауып жазып келу.



Луна ӘЛІМБАЙҚЫЗЫ,
«Темірастау» орта мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Бірғыз ауданы,
Жаныс би ауылы.

САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Сабақтың мақсаты: сан есімнің түрлену жолдарымен танысу, сан есім туралы білімдерін кеңейту. **Міндеттері:** **білімділік** – киелі сан есімдер туралы кеңінен түсінік беру, ел өміріндегі мән-маңызына тоқталу; **дамытушылық** – оқушылардың жүйелі ойлау, ойын әсерлі жеткізу және сөздік қорын, ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты түсіндіру. **Әдісі:** талдау, жинақтау. **Көрнекілігі:** кесте, үлестірмелі қағаздар, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика, бейнелеу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: а) оқушыларды түгелдеу; ә) оқушы мен сыныптың сабаққа дайындығы; б) ой қозғау.

Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау, ойларын бір ортаға топтау мақсатында ой тастау.

- Балалар, біздің бүгінгі, ертеңгі және болашақтағы мақсатымыз не? (оқу, білім алу, ойлы азамат болу).

- Бәрің дұрыс жауап бердіңдер. Ал ол үшін не істеуіміз керек?

- Сабақты зейін қойып тыңдап, үлкендердің айтқанын орындауымыз қажет.

II. Қызығушылықты ояту. Өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру, жаңа сабаққа бетбұрыс жасау.

- Балалар, біз топқа бөліндік, сол топтың атын қорғап көрейікші. Әр топ өз аттарына байланысты таныстырады.

«Зат есім» тобы: Біздің топтың құрамы Гүлдана, Жібек, Мейрамгүл, Мақсат сынды оқушылардан құралған.

«Сын есім» тобы: Біздің топтағы оқушылар зерек, алғыр, білімді.

Үшінші топқа мұғалім мынандай сұрақ қояды:

- Топта неше оқушы? - Төрт.

- Олардың жастары нешеде? -

- Нешінші сыныпта оқисыңдар? - Жетінші.

III. Мағынаны тану (жаңа сабақ).

- Сонымен, балалар, бізге сан есім таныс па?

- Иә, біздер жаңа сан есімдер – сандық ұғымдар білдіретін сөздер екенін білдік.

Сан есім бір заттың нақтылы сандық мөлшерін білдіреді:	Сан есім санның атауы болып қызмет етеді:
Мысалы: Домбырада он бір перне, екі ішек бар. Сұрағы: канша?	Мысалы: Қырық беске төртті қосса, қырық тоғыз болады. Сұрағы: не?



Сан есімнің түрленуі

Сан есімдер	Көптелуі	Септелуі	Тәуелденуі	Жіктелуі
миллион	миллиондар	миллион-ның	миллион-ы	миллион-быз
үшеу	үшеулері	үшеу-ден	үшеу-іміз	үшеуіміз
екінің бірі	-	екінің бірі-не	-	екінің бірі-сің

V. Артық болмас білгенің. Үш топ жұмбақтың шешуін тауып, ішіндегі сан есімдердің астын сызып, оларды түрлендіріп жазу.

«Зат есімдер» тобына: Қос қазық, екі желі, сегіз нокта, Сөйлейді шежіредей адам соқса (домбыра).

«Сын есімдер» тобына: Көлемді, үлкен, алып ауызын ашып, Жүреді он екі аяқ қадам басып. Әрбірінде отыздан бармағы бар, Құтылмас ешбір адам мұнан қашып (жыл он екі ай).

«Сан есімдер» тобына: Екі тышқан бірлесіп, кесіп-пішіп береді, Екеуі бірге жүрмесе, жоқ қой бізге керегі (қайшы).

VI. Кітаппен жұмыс. Оқулықтағы 68-жаттығу орындалады.

VII. «Өзіңді өзің сынап көр». «Зат есімдер» тобына: Бірінші бағанға сәйкес келетін жауаптарды екінші бағаннан сызып не жазып көрсет.

- | | |
|-------------|----------------------|
| а) Жіктеу | 1. Бесеуіміз бардық. |
| ә) Тәуелдік | 2. Қырыққа тарта. |
| б) Септік | 3. Алтауымыз көрдік. |
| с) Көптік | 4. Жүздер шамасында. |

«Сын есімдер» тобына: Берілген суреттерге қарап сөйлем құрау (мектептің, оқушылар ұстаздарына гүл ұсынып, сабаққа сағынып келген сәттегі сурет беріледі).

«Сан есімдер» тобына:

Мысалдар	Есептік	Жинақтық	Бөлшектік	Болжалдық
Отызға жуық адам				
Жиырма жылқы				
Жұмбақтың алтауы дұрыс				
Алманың төрттен бірі				

VIII. Сабақты бекіту сұрақтары: 1. Сан есім дегеніміз не? 2. Сан есімнің неше түрі бар? 3. Сан есімнің түрленуі дегеніміз не?

IX. Бағалау. Өзін-өзі бағалау стратегиясы қолданылады.

X. Үйге тапсырма: ереже, 69-жаттығу.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Рзагүл ӨТЕУЛИЕВА,
М.Бегенов атындағы
орта мектептің мұғалімі.**

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Ақжігіт ауылы.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

«Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседі бір жаңалық болу керек». **Ж.Аймауытов.**

Бүгінгі күні біз жаңа дәуір – жаңа ғасыр – жаңа мыңжылдықта өмір сүріп отырмыз. ХХІ ғасыр – жеке адамның білімі мен біліктілігі үстемдік құратын дүниежүзілік ақпараттандыру құралы болып, төрткүл дүниеге тегіміз танылар тұста ұрпағымыз білімін қалай ұштаса болады, ғылымға деген самарқау саналар, марғау көңілдер қайтсе сергиді? Танымның кемерін кеңейту үшін, түпсіз білімнің тұңғиығына бойлау үшін не істеу қажет, неден бастаған жөн?

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үдерісіне әсер етеді.

Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін,

белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жаңа әдістерді пайдалануда өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек. Өзім қолданып жүрген «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасына тоқталсам, бұл жүйеде қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлануды қажет ететіндей беріледі. Оқушы сондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Жаңа материалды талдауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің (Эрик Рустен, Сюзан Шуман) бірлескен еңбегі. Бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алған.

Мақсаты – барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір айтуға, саналы шешім қабылдауға үйрету.

Сыни тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы **қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс** кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту.

Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады.

Осы арқылы ойды қозғату жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін **«Топтау», «Түргіп алу», «Ойлану», «Болжау», «Әлемді шарлау»,** т.б. әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушілік белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі – **мағынаны тану** (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі – **INSERT**. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «Білемін», –«мен үшін түсініксіз», + «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді осылай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни, байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы **ой-толғаныс** – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге

үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бқл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Түсініктеме күнделігі», «Кейіпкерге хат», эссе жазу сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр – жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады.

Сөзім жалаң болмас үшін дәйекті 6 ^{«»} – сыныбында әдебиет сабағынан өткен «Алпамыс батыр жыры» сабағынан келтірейін.

Сабақтың тақырыбы: «Алпамыс батыр» жыры.

Сабақтың мақсаты: жырдың қандай жанрға жататынын, тегін анықтап, мән-маңызы мен көтерген идеясы жөнінде кең түсінік беру, дұрыс көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – жырдың композициялық құрылымын жасау; **дамытушылық** – сөз байлығын, логикалық ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – адамгершілікке, елін қорғауға, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Әдісі:** СТО стратегиялары. **Көрнекілігі:** слайдтар.

Сабақтың барысы:

Ойқозғау. «Топтастыру» стратегиясы бойынша батырлар жыры туралы ой – тұжырымыңды жаз.

Мағынаны тану:

«Кубизм» стратегиясы бойынша жұмыс жасау.

1. Зерттеңіз:

- Жырда қандай мәселелер сөз болады?
- Жырдың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?
- Жырдың негізінде жатқан басты ой неде?

2. Суреттеңіз:

- Жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау. Портреттеу,

суреттеулерді тауып, оның кейіпкерлер іс-әрекетін ашудағы маңызына тоқталу.

3. Салыстыр: Алпамыс пен қалмақ батыры Қараманды салыстыр.

4. Қолдан: Мәтіннен қанатты сөздер мен архаизм, историзм сөздерді табу.

5. Қолдаңыз немесе я қарсы шығыңыз. Алпамысқа өз жүрегін ұсынған Қаракөзайымның қылығына қалай қарайсыз?

Ой толғаныс. 5 жолды өлең, түсініктеме күнделігі, кейіпкерге хат, эссе жазу стратегиялары бойынша жұмыс жасау.

«Еркін жазу» стратегиясы.

Бағалау. Үйге тапсырма: «Жырдан алған әсерім» тақырыбында эссе жазу.

Оқушылар шығармашылығынан:

Сәлеметсіз бе, Алпамыс аға. Мен сіздің қылықтарыңызға қызығамын. Сіздің көптеген жорыққа шыққаныңызды білемін. Сіз еліңіз – жеріңіз үшін соғысқа қатысып жеңіске жеттіңіз. Сіз дүниеден өтсеңіз де есіміңіз мәңгі тарихта қалды. Барша Қазақстан сізді құрметтейді. Мен сіз сияқты батыр болғым келеді.
Ақжігітов Иасин.

Ұлтанға хат.

Сәлеметсіз бе! Менің есімім – Атжанова Фарида. Менің сізге айтарым бар. Егер сіз қатты ашуланишақ, өзімшіл болмасаңыз, сіз де Алпамыс сияқты батыр болып, елін қорғайтын батыр болар едіңіз. Өзіңіздің еркін азаматтығыңызды пайдалана алмадыңыз және көрсете алмадыңыз. Әр ер адам өз елі үшін гана туады.

5 жолды өлең:

1. Батыр.

2. Батыл, аңғал.

3. Қорғайды, қарсы тұрады, төтеп береді.

4. Батыр – елі үшін қандай қиындыққа да мойымайды.

5. Ер жүрек. Мақтапова Ақмаржан.

Сол сияқты 2 жақты түсініктеме күнделігі Д.Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі бойынша.

Өлеңнен үзінді:

О, Ақтан жас, Ақтан жас,
Сен де жетер ме екенсің?
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің?

Оқушы пікірі: - *Әрине, қазіргі заманда жетімдер көбеюде.*

Алайда бірқатар Еуропа елдерінде жетімдер үйі атымен жоқ. Ал біздің елімізде жетімдер санынан алдыңғы орынға шығуда. Көздері мөлт – мөлт еткен балалар бізге қарайды. Әр баланың ойында мені алып кетсе екен деген ой жүреді. Елімізде мейірімді отбасылар көп болса, жетімдер азаяды. Жетімдер кәмелеттік жасқа келген соң қайда барады? Оны бір құдай біледі.

Жұмабаев Парасат.

«Туады ерлер ел үшін» тақырыбында берілген эссе бойынша:

- Батыр деп найза кылыш ұстағанның бәрін айта бермеген. Қазақ батырлары: Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Көкжал Барак, Райымбек және Қарасай. Батырларды хандар құрметтеп, оларға ат қойған. Мысалы Қабанбайды Дарабоз, Барақты көкжалдай, бөрідей мінезіне сай етіп Абылай хан Көкжал Барак деп атаған. Қазақ батырларының есімін қазір ата – аналар өз балаларына қойып жатыр. Тіпті, Абылай ханға елші болып келген қытайлық Шундане елші қазақ батырларын көргенде шошып кетіпті. «Елдің бәрі осындай дәу болса, қазақтарды жеңу қиынға соғар» депті қытай елшісі.

Тіпті, Малайсары батыр аз ғана қолмен қалмақтың 8000 қолын жеңіп шығады. Оңайбаев Берекет.

«**Ат – ер қанаты**» тақырыбындағы шығармашылық жұмыс бойынша: - Қазақтар жылқыны киелі, қасиетті санаған. Өйткені ол ішсең қымыз, жолаушылатсаң көлік болады. Қазақтардың атты ер қанаты деп санауынан жылқыны бабаларымыз соғыс кезінде қасынан тастамаған, аң аулаған кезде аңды қуып жетуге арналған көлік деп бағалаған. Қамбар ата төлі – қасиетті, киелі, асыл жануар. Адамша сөйлемегенімен иесімен әрқашан тіл табысып отырған. Жылқыны халқымыз жеті қазынаның бірі санаған.

Алтыбай Қолғанат.

«Еркін жазу» стратегиясында сабақ үстінде қарастырылған жаңа ақпараттар жайлы, одан алған әсері, не үйренгенін, нені үйренуін қалайтыны турасында өз пікірін түсіреді.

8-сыныпта қазақ тілінен «Баяндауыш» тақырыбындағы сабақты өткен кезде СТО стратегияларын пайдаландым.

Ойқозғау кезеңі бойынша: Баяндауыш деген не?

- Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі. Не істеді, қайтті деген сұрақтарға жауап береді. Сөйлемнің соңында тұрады, іс-әрекетті, қимылды білдіреді.

Мағынаны тану кезеңі бойынша: Мысалдар беру арқылы баяндауыштың құрылысына талдау жасалады:

1. Құрылысына қарай дара, күрделі, үйірлі болатынын дәлелдеу.

Мысалдар: *Сөз ортасына жала тастама.*

Аталы сөзге арсыз ғана жауап қайырады. Ауызын бағып айтқанның – ауызы күймес. Арпасыз ат қыр аса алмас, Арқасыз жегіт жау ала алмас.

2. Берілген мысалдардан баяндауыштарды тауып, қай сөз табынан жасалғанын анықтау.

Ел құлағы – елу. Ақыл – дос, ашу – дұшпан. Тау тасымен көрікті, ел жасымен көрікті. Басы аманның малы түгел. Шаруаның бірі – бес, Діқаншылық – ес, Жортуыл түбі – еш. Күн күркіреп, найзағай жарқ етті. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

(Орындалған тапсырмадан ой қорытып, баяндауыш тек етістіктен ғана емес, басқа да сөз таптарынан жасалатынын білу).

Ой толғаныс кезеңінде: Баяндауыштары басқа сөз табынан болатын бірнеше сөйлем құрау тапсырылады.

Сабақта жаңа технологияларды қолдану арқылы мынандай жетістіктерге қол жеткізуге болады: оқушылардың ынтасы, белсенділігі артады, ізденімпаздыққа, дербес ойлауға, өзіндік қорытынды жасауға жетелейді. Қабілетін, дарынын дамытады, іскерлік дағдыларын жетілдіреді.

Дәмежан ШАЙМУРАНҚЫЗЫ,
№4 Булаево орта мектебінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаево қаласы.

СӘКЕННІҢ «СЫР САНДЫҚТАҒЫ» СЫРЛАРЫ

(7-сынып)

Сабақ мақсаты: С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңінің тақырыбын, идеясын, көркемдік шеберлігін ашуға үйрету.
Міндеттері: 1. Сәкеннің өмірі мен шығармашылығы жайлы түсініктерін кеңейту, тақырыбы мен идеясын ашу арқылы сөз өнерінің құпия сырын түсіндіру; 2. Шығармашылық ізденіске бағыттау. Сөз өнеріне қызығушылығын арттыру, поэзияны түсінуге, сырына үңілуге шақыру; 3. Оқушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, рухани бағдар беру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** топтастыру, ойталқы, талдау, пікірталас.

Сабақтың барысы:

I. Психологиялық дайындық. (бір топ екінші топқа хормен жылы лебіздерін білдіреді (1-топ – екінші топқа, 2-топ – 3 топқа, 3-топ – 4-топқа, 4-топ ұстаздарға, ұстаздар – 1-топқа, шар сыйлап отырады).

II. Оқушыларды топтастыру (оқушыларға «Дос, Жолдас, Сырлас, Ниеттес» сөздері таратылады және осы сөздер бойынша жаңа топ құрады.

I топ – Дос, II топ – Жолдас, III топ – Сырлас, IV топ – Ниеттес).

- Балалар, қалай ойлайсындар бұл сөздер сендерге

не айтады? Неге мен сендерді осылай топқа бөлдім деп ойлайсындар?

III. Топтың ережесін хормен қайталау.

IV. Жаңа тақырып. (Музыка тыңдауға: Сәкен Сейфуллиннің өлеңі – «Тау ішінде»).

- Балалар, жаңағы орындаған ән кімнің әні деп ойлайсындар?

- Жақсы, балалар, бұл Сәкен Сейфуллиннің әні. Балалар, мен сендерге өткен сабақта С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын толық зерттеп, деректер жинақтап келіндер деп, іздену жұмыстарын берген болатынмын.

- Кәне, олай болса Сәкен жайлы ойларымызды ортаға салайық (Әр топқа кеспе таратылады):

1-топ – Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяны туралы айтып беріндер;

2-топ – Ақын мұрасының зерттелуі;

3-топ – Ақынның өлеңдері, поэмалары;

4-топ – романдары, повестері.

Оқушылар бір-екі минут дайындалады және талдау жұмысы басталады.

Өмірбаяны:

- 1984ж15.10 қазіргі Қарағанды облысы, Ақадыр ауданы, Қарашілік қыстағында дүниеге келген, шын аты – Сәдуақас, әкесі Сейфолла – саятшы, домбырашы, ашық адам, Анасы – Жамал – әңгімешіл, өнерге жақын кісі, Әйелі – Гүлбаһрам, қызы – Лаура, ұлы – Аян.

- 1905-1908жж Нилдідегі орыс-қазақ мектебін;

- 1908-1910 Ақмоладағы бастауыш приход мектебін бітірген;

- 1910-1913ж.ж. қалалық училищеді;

- 1913-1916 ж.ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған;

- Сілеті-Бұғылы атындағы мектеп ашып, мұғалім болып қызмет етті.

- «Тіршілік» газетін шығаруға қатысады.

- Атаман Аннековтың азап вагонында қиындықтарды кешеді;

- 1913 ж. 3 сәуірде қашып шығады.

1920 ж. Ақмолаға қайта оралады.

- «Еңбекші қазақ» газетінің, «Қызыл Қазақстан», «Әдебиет майданы» журналының редакторы болады;

- Оқу-ағарту ісінде сабақ береді.

Ақын мұрасының зерттелуі:

Сәкен мұрасын зерттеуші, Сәкентанушылар: Е.Ысмайылов, С.Талжанов, С.Қирабаев, К.Садыққызы, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Серебрякова, Сәбит Мұқанов, Т.Кәкішев және т.б.

Т.Кәкішев Сәкен өмірі туралы «Қызыл сұңқар» (1968ж) атты кітап жариялады, кейін ол Москвада «Тамаша адамдар өмірі» сериясында «Сәкен Сейфуллин» деген атпен басылды (1972).

Өлеңдері мен поэмалары, пьесалары:

Өлеңдер жинағы: «Өткен күндер» 1914 ж. Қазанда, «Асау тұлпар» 1922 ж. Орынборда, «Домбыра», 1924 ж. Орынборда, «Экспресс» 1926 ж. Қызылордада, «Тұрмыс толқынында» 1928 ж. Қызылордада басылады.

Поэмалары: «Көкшетау» 1929 ж. Қызылордада, «Альбатрос» 1933 ж. Алматыда, «Қызыл ат», 1934 ж. Алматыда, «Социалистан» 1935 ж. Алматыда жарық көреді.

Пьесалары: «Бақыт жолында»; «Қызыл сұңқарлар» оқырмандар қолына тиеді.

Романдары мен повестері:

Романдары: «Тар жол тайғақ кешу» 1927 ж. тарихи-мемуарлық шығармасы көпшіліктің сүйікті дүниесіне айналды.

Повестері: «Жер қазғандар» 1928 ж. Қызылордада, «Айша» 1935 ж. Алматыда, «Жемістер» 1935 жылы оқырмандар қолына тиіп, дүниетанымын кеңейтеді.

V. Естеліктер сыр шертеді (слайд арқылы көрсетіледі).

Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес.

Күш-қуат, ой-сезім, істегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйініш, қинау мен тебірену араларында жалындай жанып, ортаға салған жылдар! Бұл жолға барлық жас қуаты, өмірлік бейнет, тілек қаны сарп етілген. Осы күйді, әсіресе, Сәкен басынан мол кешті.

Мұхтар Әуезов.

Мен Сәкенді жақсы білдім, дос тұттым, бұны өзіме мәртебе көремін...

Алатаудай сымбатты заңғар тауды мен жер-жаһанда көрген емеспін. Қазақстан – байтақ өлке, бай өлке. Құнарлы жер де, мыңғырған мал да сонда; қазыналы кен де, тасқындаған өзендер мен көркемдігі елітетін сұлу таулар да осында. Ең бастысы – онда табиғат артықша дарынды етіп жаратқан талапкер жұрт бар. Мен таныған Сәкен Сейфуллин Қазақстанның бір бөлішегі сияқты. Сәкен бар жан-жүрегімен туған елінің, өз халқының бел баласы еді, халқына жаны піда жақсылардың бірі еді.

Галина Серебрякова.

- Дұрыс, балалар, сендер Сәкен Сейфуллин туралы көп мәлімет жинапсыңдар.

- Сонымен, Сәкен жайлы ой-пікірлерімізді тұжырымдай келсек, Сәкенді кім деп айтуға болады екен.

VI. Сәкен суреті, сұлулығы (слайд). «Буденныйдың мұртындай қайырып тастаған мұрты, кара толқынды келген шашты, өзі аққұба, көз қиығы ерекше, денесі сом, ердің ішіндегі аса бір сымбаттысы, кісілігінде еш бір мін жоқ».

Ғабит Мүсірепов. «Ескірмейді естелік» кітабынан.

- Балалар, осындай қабілетімен қоса, ол кісінің сыртқы бітімі, кескін-келбеті қандай екен? (Өте, сұлу, көрікті, әдемі болған)

- Дұрыс, айтасындар, осы жерде С.Мәуленовтың мына өлең жолдарын айтпай кету мүмкін емес, өлең жолдары еріксіз тіл ұшына оралады.

«Өмірде жан екенсің қия алмайтын

Өлеңнің құшағына сия алмайтын.

Қазақты көргің келсе, міне, осы деп

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын».

VII. «Сыр сандық» өлеңі.

А) – Осындай сырты сұлу жанның іші де сұлу. Ішкі жан сұлулығынан шыққан өлеңдерінің бірі – «Сыр сандық».

Балалар, жан сұлулығы дегенді қалай түсінесіңдер?

Өлеңнің тақырыбын ашайық. «Сыр сандық» деген сөздің мағынасын мән берейік.

- «Сыр» деген не? (әркімнің өзіне тән, өзгеге белгісіз ойы, ішкі құпиясы).

- «Сандық деген » не? Оған қандай заттар саламыз?

- «Сыр сандық» дегендегі «сандық» сөзі қандай мағынада тұр.

Ал, адамның сыр сандығы дегенді қалай түсінесіңдер?

Олай болса, Сәкен ағаның айтайын деген сыр сандығы адамның ішкі құпиясы екен.

Ә) Мәтінмен жұмыс / Өлең аудио жазбаға жазылған, соны қосамын, оқушылар тыңдайды/.

Б) топқа бөліп оқыту. Әр топ өз пікірлерін айтады.

В) Өлең қандай өлең? /лирикалық/.

Лирикалық кейіпкер – өлеңдегі ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін ақынның өз бейнесі, жиынтық образы.

- Лирикалық өлеңдегі кейіпкер кім? / ақынның өзі/ лирикалық кейіпкер – жаны таза адам.

- «Сыр сандық» өлеңін Сәкен ағаларың қандай жағдайда жазды деп ойлайсыңдар?

(Бұл «Сыр сандық» өлеңі 1926 жылы жазылған. Ақын өлеңін «Досқа жазылған хат» деп атаған. Ақын өміріндегі 1923 жылы Қызылжар қаласында болған жағдайға байланысты туған. Халық комиссары Сәкенді бір сапарында вокзалдан күткен досы Шәріпжан аяғын сындырып алады. Бірақ кейінгі бір кездесуде Сәкенді танымайды, шақыртқанға келмепті. Сонда көңілі қалған Сәкен ақын: «Үлкен шенділерге табынғыш, жарамсақ. Былтыр күтіп, аяғын сындырған доссымағым ұлық болсам шырқ айналар соқыр тауық болғаны ма?» дегенді ойлапты. Әрине, бұл дерек Сәкен туралы естеліктерде (фил. ғыл. докторы С.Талжанов) осылай сақталғанымен, Сәкен бұл өлеңінде шынайы адал достықты тілге тиек еткен. Өмір, достық туралы терең толғанған ақынның жаны таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды

байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін шындағы қоймаға, алтын сарайға балайды. Лирикалық кейіпкер ақынның өзі достық сезімін құзды шыңға, нулы шатқалға, мөлдір суға, қымбат жасауға ұқсағанды. Жанама, жағымсыз достарды қаламайды. Алтын сарай – шын достыққа нағыз дос ие болады дегенді айтады. Сұлу пернелер – адам бойындағы жақсы, жағымды қасиеттер. Адамдағы асыл қасиеттер шын достыққа жеткізетінін ақын тебірене жырлайды.

- Өлеңнің тақырыбы мен идеясы не екен?

Адал достықты дәріптеу.

Тақырыбы ше?

Адал дос болу үшін оның бойында қандай қасиеттер болу керек? / адалдық, әдептілік, мейірімділік, шыншылдық, сенімділік/.

Ал, бұл қасиеттерді бойына жинақтаған адам кім?/ адамгершілігі мол/.

Ендеше, өлеңнің тақырыбы не екен? / адамгершілік/.

VIII. Топтық жұмыс.

1 топ - Өлең құрылысына талдау

Сыр| сан|дық|ты| а|шып| қа|ра|, А

А|шып| қа|ра|, сыр|ла|сым|. Б

Сым| пер|не|ні| ба|сып| қа|ра|, А

Ба|сып| қа|ра|, жыр|ла|сын! Б

Өлең тармақтан, бунақ, шумақтан тұрады.

4 тармақты, 2 бунақты, 7-8 буынды, шалыс ұйқасқа жатады.

2-топ – Эпитетті табу.

Эпитет – белгілі бір құбылысты көз алдына елестету үшін бейнелеп айтылатын сөздер (нағыз дос, сымбатты тау, құзды шат, аққан су, сылдыраған бұлақ, шың басы, алтын жазу, қымбат жасау, сыр перне, алтын арай, сұлу сым, т.б.)

3 топ - Әйлер дөңгелегі арқылы адал және арам достыққа байланысты мақал-мәтелдер жазу.



«ОТЫЗ БІРІНШІ ҚАРАСӨЗ»

1. Жақсымен дос болсаң, жетерсің мұратқа; жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа.

2. Досты берік сақта, Дос сенімін ақта.

3. Болмасын амал достық, Болсыншы адал достық.

4. Шын достықты жасайық, Дұшпандықтан қашайық.

4 топ – «Адал дос» тақырыбына шағын ойтолғау жазады.

IX. Сабақты қорытындылау.

- «Сыр сандық» өлеңі қандай толғаныстан шыққан шығарма? («Сыр сандық» өлеңі ой мен сезім терең қабысқан, өмір, достық, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан дүниеге келген келісті туынды).

- Ақын тек қана өз жайын, өз мұңын ғана айтып отыр ма? (Ақын тек өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр).

Бірақ, бір нәрсе анық. Нақаттан күйіп кеткен Сәкендей асыл ағаларымыздың обалы – опасыз суайттарда, екі жүзді көлгірлерде, «басыңа бұлт төнсе» іздеп таба алмайтын «көлеңке-доссымақтарда». Олардың бойында оянбай қалған адамдық қасиеттеріне тамызық болып ояту – біздің адамзат алдындағы борышымыз.

Рефлексия:

Сабақта қандай сезімде болдыңыз, қандай әсер алдыңыз?

X. Үйге тапсырма: «Сыр сандық» өлеңінен үзінділер жаттау, «Досқа айтылар сыр» ішкі толғаныстарын монолог түрінде жазу.

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығы туралы терең ұғындыру, қарасөздерін оқыту арқылы адамның ішкі жан дүниесін түсінуге, өз бойларында осы асыл қасиеттер болуы үшін күресе білуге, мәтін тақырыбын аша білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілетін, ой қорыта білуге, аз сөзбен түйіндеуге баулу, тіл байлығын дамыту; **тәрбиелік** – ұлы ақынның еңбектерін оқи отырып, елін сүйуге адамгершілікке, адалдыққа, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу, жаны ізгілікке, жақсылыққа толы азамат болуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, талдау, екі жақты күнделік. **Көрнекілігі:** Абайдың суреті, кітаптар, бүктеме, интерактивті тақтадан слайдтар, ұнтаспа.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа келмеген оқушыларды анықтау, сабақтың құрал-жабдықтарының, сынып бөлмесінің әзір екенін тексеру. Назарын сабаққа аудару.

«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр». Мұхтар Әуезов.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Орамал тастамақ» ойыны арқылы үй тапсырмасы сұралады.

Абайдың «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңін жатқа айту.

III. Жаңа сабақ.

Абай қарасөздері туралы түсінік бере отырып, оның қарасөз жазудағы мақсатымен таныстыру.

Қарасөз – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Қарасөздің өлеңге қарағандағы айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, онда белгілі бір өлшемдер сақталмайды. Абайдың қарасөздері қазақ әдебиетінде проза жанрының дамуына із салған жаңалық болды. Қазіргі заманғы проза жанрындағы роман, повесть, әңгіме, т.б. қара сөздің (прозаның) жан-жақты дамыған үлгілері боп табылады.

Абайдың қарасөздері – өзінің көзі көрген, көңілге түйген өмір сабақтары туралы ойлары. Абай өз қарасөздерін кеңес әңгіме, философиялық ой, ақыл-нақыл, өсиет сөздер түрінде жазған.

Абайдың қарасөздері.

Абайдың 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары «қарасөз» деп аталады. Ол сыншылдық, ойшылдық және, көбінесе, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Абай қарасөздері, көбінесе, барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме-дүкен құрып отырған болады.

Абай өз шығармаларының бір алуанын қарасөз түрінде жазды.

Абай қарасөзінің жалпы саны – 45. Олар, қай-қайсысын алсақ та, оқырманына ой тастап, адамды еңбек етуге, білім алуға, жақсылықтан үйреніп, жамандықтан жиренуге шақырады.

Үнтаспадан Абайдың 1-қарасөзін тыңдата отырып, қарасөз жазудағы мақсатымен таныстыру.

31-қарасөзін үнтаспадан тыңдату.

Балалар сабақты тез әзірлеу үшін есті қалай шыңдауға болады деп сұрайды.

Абайдың 31-қарасөзін тыңдайық.

Мағынаны танып біл

Зерек ес – қажетті нәрсені есте сақтау қабілеті ғана емес, сонымен бірге керексізді ұмыту қабілеті де. Сондықтан есте сақтаудың басты заңы – ойлау. Есте сақтауға тиістіні ойлау,

есте сақтайтынды бұрын білетініңмен байланыстыру, есте сақтағаныңды ойша көру керек. Ең бастысы – осының бәрі өзіне қашан, неліктен керек боларын ойлау.

«Ес – ақыл қоймасы» деген даналық сөз бекер айтылмаған. Сондықтан ұдайы жаттықтыру арқылы ғана есті зерек ете аласың. Осыны жадыға тұт.

Ғибратләнү-лгі алу деген мағынада (дәптермен жұмыс)

IV. Қорытынды. «Орамал тастамақ» ойыны.

Кім жылдам?

Абайдың қанша қара сөзі бар?	Қандай нақыл сөздерін білесіңдер?	Абайтанушы ғалымдарды білесіңдер ме?
Абайды танытқан жазушыны ата және қандай шығармасы арқылы.	Абайдың бір әнін айтып бер.	«Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінің идеясы қандай?
Естіген сөзді ұмытпаудың 4 түрлі себебін ата.	Абайдың қандай әндерін білесің?	Қарасөз. Сөзді сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына сатылай кешенді талдау жаса.

Есіңе сақта:

1. 45 қарасөзі бар.
2. Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге.
3. М.Әуезов, А.Байтұрсынұлы, С.Мұқанов, Ә.Бөкейханов, т.б.
4. М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы.
5. «Желсіз түнде жарық ай» әуенін тыңдап, қосыла айтады.
6. Сөз бен ән өнерінің жоғары бағалануы.
7. Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратләнү керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.
8. Желсіз түнде жарық ай, т.б.

9. Қарасөз. Сөзді сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына сатылай кешенді талдау жаса.

Қарасөз: 1. Бұл сөз екі құрамнан тұрады. Қара + сөз. 2. Тұлғасына қарай – туынды. Себебі екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған туынды сөз. 3. Құрылысына қарай – күрделі, тіркесті сөз. 4. Сөзде 1 лексикалық, 1 грамматикалық мағына бар. 5. Лексикалық мағынасы – көркем әдебиет жанрына берілген атау. 6. Грамматикалық мағынасы – зат есім. 7. «Қарасөз не?» деген сұраққа жауап береді.

“Екі жақты күнделік” кестесін толтыру.

<i>Шығармадағы маған әсер еткен жағдай</i>	<i>Менің өз ой-пікірім</i>

5 жолды өлең Абайға: 1. Абай. 2. Ақылды, дана. 3. Жазды. шығарды, үйретті. 4. Абай- қазақтың ұлы ақыны. 5. Ақын.

VI. Үйге тапсырма: «Отыз бірінші сөздің» өлеңін жатқа айту.



**Назгүл ӘШПРОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
№49 мектеп-гимназия мұғалімі.
Тараз қаласы.**

«ТҮРІКШЕ ГҮЛСТАН»

Сабақтың мақсаты: С.Сараи өмірі мен шығармашылығына жалпы шолу жасау. «Түрікше Гүлстан» шығармасының мазмұнын ашу, көтерген идеясына терең бойлап, бойына сіңіру. **Міндеттері:** білімділік – шығарманың сегіз тарауының да көтеріп тұрған жүгі өте салмақты екеніне оқушылар көңілін аударып, жас ұрпаққа берер тәлімдік, тағылымдық өнегесі керемет зор екенін сезіндіріп, биік адамгершілікке

жетелейтін қасиеті молдығына тоқталады; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту және шығарманы талдай отырып, түйінді ой, өзіндік пікір қалыптастыруға дағдыландыру; **тәрбиелілік** – жазушы шығармасы арқылы оқушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.

Типі: жаңа білім беру. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау, топтастыру, ойын. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта. «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясы, Қазақстанның тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, тіл.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушыларды түгелдеу; ә) оқу құралдарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

а) Рабғузи «Лұқман Хакім» әңгімелерінің толық мазмұнын білу;

ә) Сұра, жауап беремін (сұрақтарға жауап);

б) Кейіпкерге хат жазу.

- Балалар, біз сендермен Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.ғ.) өкілдері және олардың шығармаларымен танысып жатырмыз.

Олай болса, үй тапсырмасы бойынша мына берілген сұрақтарға жауап беру арқылы қаншалықты дайын екендігімізді көрсетелік: 1. Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет қай ғасырды қамтиды? 2. Рабғузи шығармасы қалай аталады? 3. «Лұқман» сөзі қандай мағынаны білдіреді? 4. «Лұқман Хакім» әңгімесін қазақ тіліне аударған кім? 5. Рабғузидің әңгімесінде не туралы айтылады? 6. Рабғузидің екінші әңгімесінде не туралы айтылады? 7. Үшінші әңгімесі не жайлы? 8. Кейіпкерге арнаған хатың бар ма?

Үй тапсырмасын қорыту: әңгіме мазмұнымен сәйкес келетін мақал-мәтел жазу.

Бірінші
әңгіме

Екінші
әңгіме

Үшінші
әңгіме

III. Жаңа сабақ.


Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиеттің келесі өкілі – Сәйф Сарай.

С.Сарай – шамамен 1320 жылдары туып, 1396 жылы дүниеден өткен. Алтын Орда мемлекетінің орталығы болған Сарай қаласында туып-өскенімен, өмірінің соңын Мысырда өткізген.

С.Сарай парсы – тәжік әдебиетінің ұлы ақыны Сағдидың «Гүлстан» атты шығармасын аударған. Сарай өзгеріс енгізе отырып, «Түркіше Гүлстан» деген атпен кітап етіп бастырады. Кітап 8 тарау, кіріспе, қорытындыдан тұрады. Алғашқы 7 тарауы бөлек-бөлек қысқа әңгімелер, 8 тарауы – нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер.

Тараулары: «Патшалардың өмірі туралы», «Азға қанағат етудің артықшылығы», «Махаббат пен жастық», «Кәрілік пен әлсіздік», «Тәрбиенің ықпалы», «Қарым-қатынас ережелері», т.б.

- С.Сарайдың өз ойынан жазған төл туындысы – «Суһаил мен Күлдірсін». Біз бүгін сендермен «Түрікше Гүлстан» шығармасынан алынған үзінді әңгімелермен танысамыз.



Әңгімелер	Әңгіме мазмұны
Бірінші әңгіме	Данышпан мен құл.
Екінші әңгіме	Сұлтанның үш ұлы. Ұзын бойлы ақымақтан аласа бойлы ақылды артық.
Үшінші әңгіме	Наушаруаның тұз іздеуі. Судың да сұрауы бар.
Төртінші әңгіме	Уәзірдің ақымақ баласы. Темірді қанша ысқыласаң да алтын болмайды.
Бесінші әңгіме	Әке қабірін мақтан тұтқан бала. Тағасының күмісіне мақтанба, Атыңның жүрісіне мақтан.
Алтыншы әңгіме	Лұқманның әдепті әдепсізден үйренуі. Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала.
Жетінші әңгіме	Ғалымның билеуші ұлын тәрбиелеуі. Түбі тесік қазанға қанша құйсаң да толмайды. Ақылы жоқ адамға қанша айтсаң да қонбайды.
Сегізінші әңгіме	Дүние не үшін қажет? Ғұмыр дүние – мал жинау үшін емес; дүние, мал ғұмыр рақаты үшін керек ...

Сабақты бекіту: шығарма соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалармен жұмыс.

Оқушыларды сабаққа қатысуларына қарай бағалаймын.



Элмира ЕСЕНБАЕВА,
Шымкент қаласындағы
№49 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

«ТҮБІ АДАМ БОЛАТЫН БАЛА»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: повестен алынған үзінді мазмұнымен таныстыру; Қожа бейнесіне жан-жақты тоқталып,

оның адамгершілік қырларын ашу. **Міндеттері: білімділік** – Қожа мен Жантас бейнелерін салыстыру арқылы Қожаның биік адамгершілігіне оқушылар көзін жеткізу, салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту; **дамытушылық** – шығарма мазмұны арқылы кейіпкерлер бейнесіне талдау жасау, оқушы ой-өрісі мен дүниетанымын дамыту; **тәрбиелік** – кейіпкерлер әрекетіне баға беру нәтижесінде оқушы бойындағы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: жинақтау. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, үлестірмелі қағаздар, тақырыптық сызбалар. **Әдіс-тәсілдер:** әңгімелесу, баяндау, пікірталас, СТО әдісі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын пысықтау. Үй тапсырмасы бәйге түрінде өткізіледі.

Ойынның шарты.

50	40	20
30	60	80
10	20	70

10-ұяшық. Повесть қалай басталады? Қожа өз атына риза ма?

50-ұяшық. Балаға ат қою дәстүрі туралы не білесіңдер?

30-ұяшық. Бердібек Соқпақбаев кім?

70-ұяшық. Майқанова мен Қожаның таныстығы қалай басталады?

80-ұяшық. Жазушының қандай шығармаларын білесіңдер?

20-ұяшық. Сәйбек қарт Қожаға әкесі туралы қандай естеліктер айтады?

60-ұяшық. «Алыстан арбалап материал жинамаймын, архивтің шаңын жұтпаймын...» Кімнің сөзі?

20-ұяшық. Майқанованың сөмкесіне бақа салып жіберу себебі неде деп ойлайсыңдар?

40-ұяшық. Қожаның қай сәті бейнеленген? «Төбемнен шатыр етіп, жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалпымда орнымнан сүйретіле түрегеле бердім...»

III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі сабақ қорытындылау сабағы десек те болады. Бүгін «Түбі адам болатын бала» атты тарауына тоқталамыз (Тарау оқиға желісі бойынша түсіндіріледі).

«Қожа қандай бала?» (Тақтамен жұмыс.)

1-топ. Жақтаушы топ: 1. Қожа – ақылды бала, себебі өз ісіне есеп бере алады.

2-топ. Даттаушы топ: 1. Қожа – тәртіпсіз бала, ылғи да келеңсіз жағдайларға тап болады да жүреді.

1-топ. Жақтаушы топ: 2. Қожа – әділетті бала. Жантасқа жолдама беріліп, өзі жолдамасыз қалғанда ол әділеттікті талап етеді.

2-топ. Даттаушы топ: 2. Қожа – өтірікші бала. Өзінің жасаған сотқарлығы үшін бір емес, бірнеше рет уәде береді.

1-топ. Жақтаушы топ: 3. Қожа – мейірімді бала. Ол өз бойындағы істеген қателіктерін мойындап, өзі әлекке салған адамдарға мейірімділік қасиеттерін байқата біледі.

2-топ. Даттаушы топ: 3. Қожа – тиянақсыз бала. Өзі бастаған ісіне жауапкершілікпен қарамайды.

IV. Тақтамен жұмыс. Басты кейіпкерлерге мінездеме беру.

1. Қожа	2. Жантас	3. Жанар	4. Майқанова
---------	-----------	----------	--------------

V. Сабақты қорытындылау. Қожаның іс-әрекетіне баға беріп талқылау.

«Түбі адам болатын бала»:	«Түбі адам болмайтын бала»:
-әкесін сағынады; -анасын аяйды;	-мұғалімді тыңдамайды; -өтірікші, мақтаншак;
-мұғалімді сыйлайды; -қателігін мойындайды.	-ойланбай сотқарлық жасайды; -уәдеге берік емес.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма. «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында эссе жазу.

ҚАДЫРДЫҢ «АНАСЫ»

Сабақтың мақсаты: Қадыр Мырза Әли туралы қысқашы мәлімет беру. Ақынның өмірін, өлеңдерін өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, өзгешелігіне көңіл бөлу, «Ана» шығармасының идеялық-көркемдік мазмұнын ашу, оқушылардың қиялын ұштастыру. Бейнелі сөздерге мән бергізу. Міндеттері: білімділік – 1) Пайғамбар шешімінің тәлімдік-тәрбиелік өнегесінен, жоғары адамгершілік қасиетінен ғибрат алуға баулиды; 2) оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз пікірін, эстетикалық талғамы бар сауатты оқушыны дайындауды, ауызша да, жазбаша да, еркін, шешен, көркем сөйлеуге, әдебиет теориясынан алған білімдерін кеңейту. Сыни тұрғыдан ойлауға, шешім қабылдауға, ойын еркін жеткізуге ұмтылдырады; 3) оқушыны болашаққа деген сенімге берік болуға, ананы қадірлеуге, халқына қызмет етуге, адамгершілік пен адалдық қасиеттеріне тәрбиелейді.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдістері:** СТО стратегиясының элементтері: «РАФТ (рөл/ аудитория/ форма/ тақырып) », «Ассоциация», «Кубизм», «Тірек сөздер арқылы әңгіме» әдістері. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, Қ.Мырза Әли шығармаларының жинағы, портреті. Пәнаралық байланыс: тарих, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту. Сыныпты топқа бөлу, топ басшыларын белгілеу және топ басшыларына бағалау парағын тапсыру. Сабақтың мақсатын айту.

Жаңа сабақ. «Тірек сөздер арқылы әңгіме» әдісі.

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- талдайды, болжайды, қиялдайды;
- әңгімелеуде өз болжамын шығармашылық тұрғыда жеткізеді;
- жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ықыласты болады;
- өз болжамының сәйкес келуіне немесе сәйкес келмеуіне рефлексия жасайды;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі.

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: мұғалім мәтіннен бірнеше тірек сөздерді тақтаға жазады.

2-қадамы: «а» нұсқасы: «миға шабуыл» әдісі бойынша бұл терминдерге жалпы түсінік беруге және мәтінде бұл терминдер қалай көрініс табатынын болжауға жұптарға 5 минут уақыт беріледі;

«б» нұсқасы: оқушыларға топта немесе жеке берілген сөздерді қатыстырып әңгіме құрастыру, өз болжамдарын жазу ұсынылады.

3-қадам: берілген мәтінмен танысу барысында «өз» болжамы мен берілген «түпнұсқаны» салыстыру.

4-қадам: оқушылар берілген тірек сөздерге қайта оралып, табылған сәйкестіктер мен үйлесімсіздікті талдау.

Берілетін тірек сөздер: тапқырлық, ақылдылық, ділмарлық, шешендік, батырлық, әділеттілік.

Берілетін ана мен баланың суреттері. Бүгінгі тақырыбымыз ана туралы екендігіне тоқталу.

II. Мағынаны тану. Мәтінмен танысу.

Ақын 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы – «Балдырғаннан»

бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

«Кубизм» әдісі.

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

Тақырыпты жан-жақты қарау;

Тақырыппен терең танысып, әр түрлі ойлау дағдыларын жүзеге асыру;

Тақырып бойынша рефлексия жасай білу;

Ұсынылған мәселе бойынша өз көзқарасын шығармашылық тұрғыдан жеткізе білу;

Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі.

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: тақырыптың қойылуы;

2-қадам: 5 топқа бөлу;

3-қадам: әр оқушы кубик тапсырмаларын кезекпен жазбаша орындайды.

Суреттеңіз (түсі, пішіні, өлшемі). Ананың бала өміріндегі маңызын ақын қалай суреттеген?

Байланыстырыңыз (бұл туралы ойлағаныңызды көзге елестетіңіз). Қазіргі таңда біз анамызды қалай құрметтеп жүрміз? Қарттар үйі туралы не айтасыз?

Талқылаңыз (Неден тұрады? Неден жасалған? Не үшін?).
Өлеңнің құрылысына талдау жүргізу.

Қолданыңыз (бұнымен не жасауға болады?). Ардақты пайғамбарымыздың шешіміне байланысты көрініс қою.

Бір күні ардақты пайғамбарымыздың алдына бір әйел келіп:

- Сіздің жақын сахабаңыз әрі сырласыңыз болған Алқама қатты қиналып, өлім төсегінде жатыр,- деп хабар береді. Пайғамбарымыз Әбу Бәкір Садық пен Біләл азаншыны жіберіп, Алқамадан хабар алуды бұйырды. Әбу Бәкір келіп, Алқамамен сұхбаттасқанда, Алқама сөйлеп, өзінің жайынан хабардар етеді. Алайда тілін кәлимаға келтіріп: «Лә иләһа иллаллаһ» деп айта алмады. Бұған таңырқаған пайғамбарымыз өзі келіп көреді. Бар жайдан қанық болған соң сахабаларына қарап:

- Бұл Алқаманың анасы бар ма? – деп сұрайды. Сахабалар:

- Әкесі ертеректе дүние салған, анасы болуы керек, - деседі.

- Ол анаға хабар беріңіздер. Егер келе алса, менің құзырыма келсін, келе алмаса, өзім барайын, - дейді. Хабарды алған Алқаманың анасы:

- Пайғамбарымыздың алдына өзім барамын, - дейді. Сыртта көлеңкеде ауырып жатқан баласының жанынан өтіп барып, тіке Пайғамбардың алдына келіп сәлем береді. Пайғамбарымыз одан:

- Сіздің балаңыз Алқама қандай бала еді?– деп сұрақ қояды.

- Балам жақсы, сіздің маңайыңызда қызмет атқарады, - дейді. Сонда Пайғамбарымыз:

- Жок, сізбен мәмлесі қандай еді? – дегенде:

- Менің баламнан көңілім қалғаны қашан, бұл баланы балам деп ұмытқалы көп уақыт болды, - дейді де, көз жасын тыя алмайды. Себебін сұрағанда:

- Баламның сәби кезінде әкесі дүние салды. Жесірліктің тауқыметін тарттым. Күйеуге де шықпадым. Осы жалғыз балама өгей әкесі көзін тігіп, қабақ шытып қараса, жүрегім бұл жағдайға шыдай алмайтынына сендім. Балам өсіп, азамат болды. Үй болды. Бірақ сол күннен бастап бар тәтті тамақты әйеліне тасыды., бар жылы сөзді әйеліне арнады.

Осы жағдайларды көріп, бір үйде тұра алмайтынымды білген соң, жүгімді жинап, кетуге даярландым. Сонда балам: «Анашым, сіз мені бағып-қаққан едіңіз, енді қайда барасыз?» деп сұрауға да шамасы келмей, баратын үйіме жүгімді көтеріп, апарып берді. Міне, сол сәттен бері аналық мейірім - махаббатым бұл балама теріс болды. Пайғамбарымыз:

- Балаңыз жалған дүниемен қош айтысқалы жатыр. Ризалығыңызды білдіріңіз, - дейді.

- Разы емеспін,- деп ана қайталайды. Сол сәтте пайғамбарымыз сахабаларына:

- Отын жиындар да, үлкен алау жағындар! Анасын нариза еткен баланың отта жануын анасы мен баршаларыңыз көріңіздер! – деп бұйырады. Сонда Алқаманың анасы: - Ей, Расулалла Пайғамбар, балам жанғанша, сол отта мен жанайын, балама разымын, разымын,- деп бірнеше рет қайталайды. Сол сәтте Алқама «Лә иләһа иллаллаһ» деп жан тапсырады. Пайғамбар:

- Дүниенің азған отына балаңыздың түсуін қаламадыңыз, разылық бермегеніңізде балаңыз мәңгілік тозақ отына түсер еді, - дейді. Міне, осыдан-ақ дүниедегі ең қымбат жан ана мен әке екенін аңғаруға болады.

Салыстырыңыз (неге ұқсайды, неге ұқсамайды). Қадыр ақынның «Ана» өлеңі мен Пайғамбар шешімін салыстырыңыз.

4-қадам: кубик лактыру арқылы топтар арасында тапсырманы бөлу.

5-қадам: өзінің жазбаша мәліметін топта талқылау, топтың атынан ортақ жауап дайындау және орындалған жұмыс бойынша тұсаукесерді (презентация) жасау.

6-қадам: орындалған тапсырма бойынша әзірленген тұсаукесерді көрсету, баға беру.

III. Ой-толғаныс бөлімі.

Динара БӨДЕСОВА,
Шәкерім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған
үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектептің кітапханашысы.
Айжан АБАДИЛОВА,
Шәкерім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған үш тілде
оқытатын мамандандырылған мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

«НАЙМАН – АНА» ӘНГІМЕСІ

Конференция мақсаты: Ш.Айтматовтың туындыларын насихаттау, жазушы өмірімен және шығармашылығымен таныстыру арқылы қырғыз, қазақ әдебиеті мен мәдениетін ұштастыру, сұрақтар қою арқылы ой-талдау, өзіндік сыни көзқарастарын жеткізе білуге жол ашу. Мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін дарыта отырып, ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу. Тарихын, ата-тегін, салт- дәстүрін танып-білуге шақыру.

Көрнекіліктер: «Заманымыздың заңғар жазушысы – Ш.Айтматов» атты шығармалар жинағынан көрме, «Ананың алақаны әлемді әлдилейді» сынды нақыл сөздер, тірек-сызбалар, ұнтаспа.

Кітапханашы: -«Адамзаттың Айтматовы» атанған бауырлас қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Төрөқұлұлы Айтматов – драматург, аудармашы, кинематографист, прозаик ретінде әлем әдебиетінің алып тұлғаларының біріне айналды. Шыңғыс Айтматов өзінің әлемді тамсандырған үздік, баға жетпес көркем шығармалары арқылы тек қырғыз халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының әдебиетін биік белеске

көтере білді. Қазақ халқының ұлы жазушысы М.Әуезовпен әдебиет және мәдениет саласында ағалы-інілік, достық қарым-қатынаста болған әрі өзіне өмір бойы ұстаз тұтқан. Әлем бұрын қырғыз халқын «Манасымен» таныған болса, XX ғасырда Шыңғысымен тани бастады. М.Әуезов Шыңғыстың 33 жасында жазған «Жәмила» повесіне өзіндік баға беріп, қазақ жұртына атын шығарса, оның туындыларын Еуропа еліне француз жазушысы Луи Арагон әйгілі етті. Осы шығармасы арқылы Лениндік сыйлықтың лауреаты және КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Бүгінгі күні Ш.Айтматовтың шығармалары 100-ден астам әлем тілдеріне аударылған. Оның ішінде ағылшын, араб, француз, неміс, жапон, парсы, түрік тілдерімен бірге қазақ тіліне түгелдей аударылды. Қаламынан туған «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан үзінді 1983 жылы М. Әуезов атындағы қазақ драма театрында, 1984 жылы Мәскеудің Вахтангов атындағы орыс драма театрында қойылды. Романнан үзінді «Найман-Ана» әңгімесі арқылы адамзаттың трагедиялы тағдырын толғап, мәңгүрттік мәселесін әлемдік проблемалық деңгейде көтерді.

“НАЙМАН АНА” үзіндісінің идеялық негізіне арналған конференция ЖОСПАРЫ:

I. БАСТАЛУЫ:	Саудагердің дастархан басындағы әңгімесі.
II. ДАМУЫ:	Найман-Ананың Сарыөзекке аттануы.
III. ШАРЫҚТАУ ШЕГІ:	Өз анасын танымаған жас жауынгер.
IV. ШЕШІМІ:	Найман-Ананың өз баласының қолынан мерт болуы.

Кітапханашы:-Бір түйенің бас терісінен бес-алты кепеш шығады екен. Осы кепеш кигізілген сорлының мойынына ағаш мойынтұрық кигізіп, аяқ-қолын байлап, шақшиған күннің астына, ассыз-сусыз, айдалаға апарып тастаған. Әлгі тұтқынның жаны қиналып, құлындай жаны шырқырап, өлердегі дауысы шығып, ауыл-аймақтың тыныштығын алған. Бұл тозақ бірнеше тәулікке созылған. Мұндай қорлыққа ұшыраған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай, ақылынан адасып, өткен-

кеткенін мүлде ұмытып, өмір бақи мәңгүрт-құлға айналған (Ш.Айтматов. «Найман-Ана» үзіндісінен).

Конференция барысында қойылатын жетелеуші сұрақтар:

1. Әке кегін алу үшін Жоламан қайда аттанады?
2. Жоламанның азапты да қасіретті күндері Қазақстанның қай жерінде өтті?
3. Саудагерлер дастархан басында не туралы айтты және бұл әңгімеден кейін ананың шешімі қандай болды? Ананың орынында болсаңдар сендер қандай шешім қабылдай едіңдер?
4. Ананың үміті басым болды ма әлде күдігі басым болды ма?
5. Анасы баласын көргеннен кейін ұлының есіне нені түсіргісі келді?
6. Бесік жыры айтылғаннан кейін Жоламан өлеңді қалай қабылдады, жуан-жуандар келмесе барлығы есіне түсуі мүмкін бе еді. Сен қалай ойлайсың?
7. Автор мәңгүрттік мәселесін көтеру себебі не? Осы мәселе туралы не айтқысы келді?
8. Егер анасы мәңгүртті іздемесе тірі қалар ма еді? Сендер қалай ойлайсыңдар?
9. Жауыздықтың асқан түрі адамды ақыл-естен айыруға, азаптауға, қорлауға бола ма?
10. Ш.Айтматов мәңгүрттікті қандай оқиғалар арқылы жеткізді?
11. Бүгінгі күннің мәңгүрттері деп қандай адамдарды айта аласыңдар?
12. Әңгімедегі мәңгүрттер мен бүгінгі күннің мәңгүрттері арасында қандай айырмашылықтар бар?
13. Ерікті және еріксіз мәңгүрт дегеніміз не?
14. «Найман-Ана» ерлігін қалай бағалайсыңдар?
15. Құсқа айналған ақ жаулық нені дәлелдейді?
16. Ана бейітті халық неге сонша қастерлейді?
17. Жан түршігерлік қасіретті оқиға қайда болды?
18. Сарыөзекте болған бұл қасіретті оқиғаға пікірің қандай?

19. Романды оқу барысында қандай салт-дәстүрлердің нышаны білінеді?

20. «Найман-Ана» әңгімесінде тарихи шындықтың көрінісі бар ма? Тарихпен қалай байланыстырар едің?

21. Сол замандағы қоғам қайшылықтары және ұрпақ сабақтастығы дегеніміз не?

Мәңгүрттікке жетелейтін жолдар: Әр түрлі діни секталардың әсері; Жеті атасын, тарихын білмеу; Компьютерге тәуелділік, интернет желісінің зиянды жақтары; Ұлттық тәрбиенің аздығы, патриоттық тәрбиенің жетіспеушілігі; Нашақорлық, алкогольизм; Ата-ана мен бала арасындағы жақындықтың әлсіздігі;

Мәңгүрт болмау үшін не істеу керек?

- Руынды, жеті атаңды, тарихыңды білу;
 - Асыл мұраларды сақтау, салт-дәстүріңді білу;
 - Ата-анаңды қадірлеу;
 - «Мен қазақпын» деген рухың биік болу керек;
 - Тіл, дін тазалығын сақтау;
 - Жан және тән тазалығын сақтау;
- «Найман-Ана» әңгімесінен көрініс. Музыка жайымен ойнап тұрады.

Ана: - Отыр, сөйлесейік. Сенің атың кім?

Жоламан: - Мәңгүрт.

Ана: - Мәңгүрт деп сені қазір атайды. Ал бұрынғы атың есінде ме? Есіңе түсірші шын атыңды.

- Әкеңнің атын білесің бе? Әкеңнің аты кім? Өзіңнің елің қайда, руың кім? Тым құрыса, туған жеріңді білесің бе?

- Құдай - ау, қандай күйге душар қылған сені!

- Ау, жерді, суды тартып алса, мейлі, байлығыңды тартып алса, мейлі, тіпті, жаныңды алса да, мейлі.

- Ау, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қара жүрек ойлап тапты, Құдай-ау?! О, Құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?

- Сенің атың – Жоламан. Естимісің сен? Сен – Жоламансың. Әкеңнің аты – Дөненбай. Әкеңді ұмытып қалдың ба, құлыным? Ол саған титтейіңнен садақ атуды үйретіп еді ғой. Мен сенің анаңмын. Сен менің баламсың. Сен найман руынан боласың, ұқтың ба? Наймансың сен...

Ана: - Сен мұнда келгенге дейін не болды, білесің бе?

Жоламан: - Ештеңе де болған жоқ.

Ана: - Мұнда келгеніңде күндіз бе еді, түн бе еді?

Жоламан: - Ештеңе де.

Ана: - Кіммен сөйлескің келеді?

Жоламан: - Аймен. Бірақ біз бір - бірімізді естімейміз. Айда біреу отыр.

Ана: - Тағы не қалар едің?

Жоламан: - Басымда қожаның басындағыдай бұрым болса.

Ана: - Келші бері, басыңа олар не істеді екен, көрейін.

- Анау кім?

Жоламан: - Маған ауқат алып келе жатыр.

Ана: - Сен ештеңе айтпа. Мен кешікпей келемін.

Ана: - Жоламан, құлыным! Ойланшы, балам, атыңды айтшы, атың кім сенің?

Жоламан: - Мәңгүрт.

Ана: - Мәңгүрт емес, ойбай-ау. Жоламансың сен. Наймандардың ұлы көшінде, жолда келе жатқанда туғансың. Содан атыңды Жоламан қойғанбыз. Сен туғанда, жолда тоқтап, үш күн бойы той тойлағанбыз.

Ана монологы: - «О, құлыным, сенің басыңа көн қаптап, темір қысқышпен жаңғақ шаққандай етіп, шығыр салып бұрап, ақыл-есіңнен айырғанда, басыңды құрсаулап қойып қысқанда, үрейлі көзің шарасынан шыға қанды су аққанда, Сарыөзектің түтінсіз жалынында қақталып, ажал ауызында ындының құрып жатқанда, кезерген еріңіңе бір тамшы тамбағанда, о, құлыным, саған күллі әлемге тіршілік беруші Күнді сен қарғаған жоқ па екенсің? Сонда саған жарық Күн Дүние-Әлемдегі шамшырақ жұлдыздардың ішіндегі ең қап-қара дүлейі, көзсіз соқыры болып көрінген жоқ па екен?...

Адам айтқысыз азаптан айныған ақыл-ойыңды біржолата қараңғылық басып, зорақыдан алжасқан зерде тұманданып, анаңның дидарын, өзің жазда жағасында жүгіріп ойнап жүретін тау бұлақтың сылдырын мәңгі ұмытып бара жатқаныңда; өз атың, әкеңнің аты, ағайын-туғандарыңның түр-түсі, өзіңе қарап ұялып жымиятын қыздың аты жау жапырған жадыңнан мүлде шығып бара жатқанда; ақыл-ессіз тұңғыыққа мәңгі бақи батып жатқаныңда; сен сонда, құлыным, сені жарық дүниеге әкелгенім үшін, сені туғаным үшін мына бейбақ анаңды қаһарлана қарғамадың ба екен?»

Маңғол: - Келген кім?

Жоламан: - Ол маған шешеңмін дейді.


Маңғол: - Қайдағы шешең ол сенің! Шешең жоқ сенің! Басыңдағы терінді сыпырып тастамақшы! Сен, қорықпа! Мә, мынаны ұста! Енді келгенде мына садақпен ат!

Ана: - Жоламан! Құлыным менің, Жоламан, қайдасың? Жоламан! Қайдасың құлыным? Мен анаңмын қой. Атпа, Жоламан, мен анаңмын қой. Сенің әкең – Дөненбай, Дөненбай Дөненбай...

Анасын Мәңгүрт ұлы атып құлатады.

Тапсырма:

Оқушылар тірек-сызбаны тақтадан толдырады.



Ана алақанының аясы,

Ақ шынардың саясы.

Ананың алақаны – балаға айдынды қоныс.

Баланың білегі ауырса,

Ананың жүрегі ауырады.

Ана алдында – құрмет,

Ата алдында – қызмет.

Ер жолынан адасса

Не боларын біле алмас.

Тең құрбының ішінде

Қасқая күліп жүре алмас (Абыл).

Орындалмаған аманат,

Ерге танылған жаманат.

Бір тәуекел бұзады,

Мың қайғының қаласын.

Бір жақсы сөз жазады,

Мың көңілдің жарасын.

Сағыныш – сары ауру

Үміт соңы – ажал

Үміт – талшық

Қорытынды: - «Мәңгүрт болғың келмей ме, онда туған халқыңның арғы-бергі тарихына зер сал, ана тіліңді ардақта, ұлттық намысты ескер, келешекті ойла».

“Ұлағат” тәрбие беру кітабынан.



Майрагүл ХАМЗА,

Алматы қаласындағы

Шона Смаханұлы атындағы

№62 гимназияның мұғалімі.

«ҚАЖЫМҰҚАН» ХИКАЯТЫ

Конференция мақсаты: «Қажымұқан» хикаяты бойынша басты кейіпкер Қажымұқанның ерен күш иесі ретінде алғаш рет көзге түсуі, оның одан кейінгі өмір жолындағы асулары, адамгершілік қасиеттері, өнер мен күшін Отан, халық мәртебесін асыруға жұмсаған патриот екенін таныту. **Міндеттері:**

білімділік – даңқты палуанның өсіп-өнген ортасы туралы кең түсінік беріліп, 1941-1945 жылдардағы соғысқа көрсеткен патриоттық өнегесі жөнінде тың дерек айтылып, балалардың оған деген сүйіспеншілігі әдемі сезімге бөлейді; **дамытушылық** – оқушының ой еркіндігін, эстетикалық сезімін дамыту, шығармашылық ойлау, әдеби тілде сөйлеу, кейіпкерлерге баға беру және де басқа ой операцияларын дамыту көзделеді; **тәрбиелілік** – оқушыларды шыдамды болуға, жанашырлыққа, уәдеге беріктікке, адамгершілікке, адал достыққа, әділеттілікке, елжандылыққа тәрбиелейді.

Көрнекілік: Қажымұқанның портреті, слайдтық көріністер.
Әдістері: түсіндіру, ізденушілік, сұрақ-жауап, оқушылардың белсенді әрекеттері.

Конференция барысы.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Құрметті оқушылар, ұстаздар! Бүгінгі өткізейік деп отырған танымдық конференция Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаятының желісі бойынша болады. Конференциямызды бастамас бұрын Қ.Әбдіқадыров туралы деректерге көз жүгіртіп өтсек. *Слайдтан Қ.Әбдіқадыровтың өмірі мен шығармашылығы көрсетіледі.*

Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» ауылында білім алатын зәулім үйі бар. Осынау мектепті азамат ақын, жазушы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров өз қаржысына салдырған болатын. Өзі балалық шағында жоқшылық тақсиретін көп тартқан Қалмақан ендігі ұрпақ білім нәрімен еркін сусындасын деп, өз қаражатына осы мектепті салдырған еді.

Қалмақан – балаларды айрықша жақсы көретін бала жанды жазушы. Ол бала өмірі мен мінезі шынайы көрініс тапқан бірсыпыра өлеңдер мен әңгімелер жинағын сыйға тартты. Соның ішінде «Өміртайдың ауылы», «Тапқыш», «Тәтті қауын», «Амантай», т.б. бар.

Жазушы Қ.Әбдіқадыров әлем әдебиетінің ең озық үлгісі – «Мың бір түн» халық хикаятын тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, жариялады.

Ал «Қажымұқан» хикаятында жазушы ағамыз французша күрестен дүние жүзінің чемпионы Қ.Мұңайтбасұлының өмірін, спорты жолын баяндап берді. Бұл хикаят көптеген шетел халықтары тілдеріне аударылды.

Конференция 5 кезеңнен тұрады.

I кезең: Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымына талдау жасау;

II кезең: «Ханталапай» ойыны;

III кезең: Көрініс – «Қар күреген бала»;

IV кезең: «Кубик» әдісі;

V кезең: «Қажымұқан» хикаятынан алған әсерім.

I кезең: Сюжеттік-композициялық құрылымына қарай талдау.

1. Оқиғаның басталуы – Қар күреген бала.

2. Оқиғаның дамуы – а) Жаяу сүйреген шана;

ә) Көптің көмегі.

3. Оқиғаның шиеленісуі – а) Қабанкөлдегі күрес;

ә) Батрак-Акмолинский;

б) Ұлы Петрдің қаласында.

4. Оқиғаның шарықтау шегі – а) Парижде;

ә) Алыпсоқ Шидем-Күпінский.

5. Оқиғаның шешімі – а) Жиб-жица күресі;

ә) Қайғысы мен қуанышы.

II кезең: «Ханталапай» ойыны. Бұл кезеңде әр топтың топ басшылары шығады, бір оқушы асықты шашып жібереді, сол кезде топ басшылары екі асықтан теріп алады. Әр асықта сандар болады, сол сандар бойынша тобымен бірлесіп сұрақтарға жауап береді.

1. Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан кім? (Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан – Қажымұқан Мұңайтбасұлы). 2. Теңдессіз өнерімен жер шарын аралап, неше мемлекетте күреске түсті (Теңдессіз өнерімен жер шарын аралап, 54 мемлекетте күреске түсті). 3. Қажымұқан неше медаль олжалаған? (48 медаль олжалаған). 4. Қажымұқанмен күш сынасқан дүниежүзі чемпиондары кім?

(Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Зайкин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц, т.б.). 5. Ең алғаш рет ірі табысқа қай қалада, қандай турнирде қол жеткізді? (Ең алғаш рет ірі табысқа Қажымұқан Харбин қаласында өткізілген Халықаралық турнирде қол жеткізді). 6. Үлкен алтын медальды қандай турнирде жеңіп алды? («Жиу-Житсу» бойынша күресіп, үлкен алтын медальды жеңіп алды). 7. Мәскеуде өткен халықаралық чемпионатқа қай жылы қатысты? (1911 жылдың қаңтарында қатысады). 8. Григорий Масляков Қажымұқанды қай жылы үйіне қонаққа шақырады (1912 жылы). 9. Қай жылы Америка чемпионы атанды? (1910 жылы Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка Құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте ол Америка чемпионы атанады). 10. Қай жылы Ыстамбулға барды (1911ж.). 11. Қай қалаларда Қажымұқанның атымен стадиондар бар? (Астана, Шымкент). 12. Қ.Мұңайтбасовқа «Қазақ даласының батыры» атағы қай жылы берілді? (1927 жылы).

III кезең: Көрініс – «Қар күреген бала».

IV кезең: «Кубик» әдісі.

Әр топқа кубиктер таратылады, сондағы тапсырмаларға топпен жұмыс жасайды. I топ: суреттеңіз. II топ: салыстырыңыз. III топ: байланыстырыңыз. IV топ: талқылаңыз. V топ: қолданыңыз. VI топ: дәлелдеңіз.

Сергіту сәті: Сіз білесіз бе?

Ауырлық өлшемдері: **1. Мысқал** – 5 грамға жуық ауырлық өлшемі; **2. Қадақ** – 400 грамға жуық ауырлық өлшемі; **3. Пұт** – 16 килограмға жуық ауырлық өлшемі; **4. Қап** – 4 пұтқа жуық ауырлық өлшемі; **5. Батпан** – 10 пұтқа жуық ауырлық өлшемі.

V кезең: «Қажымұқан» хикаятынан алған әсерім.

Бұл кезеңде оқушылар шығармадан ерекше ұнаған жеріне сурет салып қорғайды немесе шығарма желісі бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салады.

Қорытынды: топ басшылары өз топтарының оқушыларына қойған бағаларын айтып қорытады.

Жұлдыз ЕРҒАЛИЕВА,
«Үстірт» орта мектебінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: оқушыларға негізгі және туынды еліктеу сөздер туралы түсінік бере отырып, құрамына, мағынасына, тұлғасына қарай ажырата білу, өткен тақырыппен байланыстыру. **Міндеттері: білімділік** – қазіргі қазақ тіліндегі өзге сөздермен байланысы, қарым-қатынасы және өзгешелігі жөнінде нақты түсінік беріп, көзқарасын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың еліктеу сөздерді жете түсінуіне, сөздердің мағынасын аша білуге, сөздік қорын байытуға ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – отансүйгіштікке, адалдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** слайд, сызба-кесте. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, биология.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысын тексеру, сабаққа дайындығын қадағалау.

II. Үй тапсырмасын сұрау. 304-жаттығу.

III. Үй тапсырмасы: 1. Еліктеу сөздер дегеніміз не? 2. Еліктеу сөздер мағынасына қарай неше топқа бөлінеді? 3. Мысал келтіріңдер.

IV. Жаңа материалдарды түсіндіру.

Еліктеу сөздер.

Құрамына қарай 2 топқа бөлінеді:

Дара еліктеу сөздер	Күрделі еліктеу сөздер
Бір ғана түбірден (негізгі, туынды) төл негізгі сөз.	Екі сөздің қосарлануынан және қайталануынан жасалған еліктеу сөз.
Мысалы: тарс, күмп, жымың	Мысалы: тарс-тұрс, қисаң-қисаң, т.б.

Тұлғасына қарай 2 топқа бөлінеді:

Негізгі еліктеу сөздер	Туынды еліктеу сөздер
Бөлшектеуге келмейтін түбір еліктеу сөз.	Жұрнақ жалғануы арқылы жасалған. Жұрнағы: -аң, -ең, -ың, -ің, -ң
Мысалы: морт, күрс, селк.	Мысалы: қиса-ң, елп-ең, ырж-ың-ыржың, т.б.

307-жаттығу. Еліктеу сөздерді тауып, құрамына қарай ажыратындар.

Үлгі: опыр-топыр – қосарланған күрделі еліктеу сөздер.

Дара еліктеу сөздер	Күрделі еліктеу сөздер
Жалт, мөнкіп, митың.	Шақ-шұққа, жалаң-жұлаң, тақ-тұққа, қарқ-қарқ, сарт-сұрт, су-су, борп-борп.

309-жаттығу. Төмендегі Абай өлендерінен алынған үзінділерден басқа сөз таптарын жасауға негіз болған еліктеу сөздерді табындар, оларға құрамы жағынан талдау жасандар (ауызша талдау).

V. «Сөз ойла, тез ойла» ойыны:

Тапыр- Абыр-
 Баж- Гүрс-
 Жалт- Дабыр-
 Дүр- Сарт-
 Сатыр- Жалаң-
 Арс- Гүр-

VI. Сызба-кесте арқылы еліктеу сөздерді құрамына, тұлғасына қарай ажырату.

Р/с	Еліктеу сөздер	Дара	Күрделі	Негізгі	Туынды
1	Шыр-шыр				
2	Селк				
3	Жымың-жымың				

4	Жалт-жұлт				
5	Жылт				
6	Шіңк				
7	Қарқ-қарқ				
8	Ыржаң-ыржаң				

VII. Сергіту сәті. Құстар мен аңдардың, жан-жануарлардың дыбыстарына еліктеуден туған сөздерді атау (Қаз қаңқылдайды, қарға қарқылдайды, сауысқан саңқылдайды, бақа бақылдайды, жылан ысылдайды, ит ырылдайды, тауық қыт-қыттайды, т.б.).

VIII. Сабақты бекіту. Тест жұмысы.

1. Еліктеу сөздің ережесін табыңыз.

- А) Заттың атын білдіреді;
 В) Заттың қимылын білдіреді;
 С) Құбылыстардың дыбыстары мен көріністеріне еліктеуден туындаған сөз;

- Д) Заттың сынын білдіреді;
 Е) Етістіктің түрлі белгісін білдіреді.

2. Еліктеу сөздің мағыналық түрі нешеу?

- А) 2; В) 3; С) 4; Д) 5; Е) 6.

3. Дара еліктеуші бар сөйлемді табыңыз.

- А) Абай селк етіп, жалт қарады;
 В) Алыстан пыш-пыш сөздер естіледі;
 С) Жігіттер мырс-мырс күлді;
 Д) Қыз солқ-солқ етіп жылады;
 Е) Ат ауыздығын қарш-қарш шайнады.

4. Туынды еліктеу сөз жасайтын жұрнақтарды табыңыз.

- А) -ың, -ің, -ң, -ыл, -л;
 В) -аң, -ең, -ың, -ің, -ң;
 С) -ыс, -іс, -с, -ым, -ім;
 Д) -ғы, -гі, -қы, -кі, -к;
 Е) -ыра, -іре, -ғыр, -гір.

5. Көп нүктенің орынына қойылатын еліктеу сөзді табыңыз. Ол ... еткен дыбысты алыстан естиді.

- А) бұрқ-бұрқ; В) зың-зың; С) борш-борш;

Д) маң-маң; Е) сарт-сұрт.

6. Негізгі еліктеу сөзді табыңыз.

А) елпең; В) зың; С) шұбалаң; Д) жымың; Е) ақсаң.

IX. Сабақты қорытындылау. Үй тапсырмасын беру:
308-жаттығу. «Көктемгі көрініс» тақырыбына мәтін құрастыру.



**Алтынжан ЗЕЙНЕКӘРІМҚЫЗЫ,
«Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы
жалпы білім беретін орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.**

Шығыс Қазақстан облысы,
Аягөз ауданы,
«Баршатас» ауылы.

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты: оқушыларға жалаң және жайылма сөйлемдер туралы түсінік беру, жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыра білуге үйрету, дұрыс талдай білуге дағдыландыру. **Міндеттері:** **білімділік** – басқа сөйлем түрлерімен салыстыру арқылы негізгі ерекшеліктерін таныту; **дамытушылық** – ереже-қағиданы іс жүзінде дәлелдей алуға, дұрыс талдай білуге дағдыландыру, оқушылардың ой өрісін, тіл байлығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты, таза жазуға, еңбексүйгіштікке үйрету. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих. **Көрнекілік:** интербелсенді құрал, электронды оқулық, слайдтар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушылармен амандасу, сынып оқушыларын түгелдеу, оқушылардың назарын аудару.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім!- міне, балалар, кемеңгер, ғұлама шайырларымыздың тілі – туған ана тіліміз – қазақ тілі сабағы. Қайда жүрсек те туған тілімізді қадірлеп, өресі биік қазақ деген атқа әрқашан лайық болайық.

Ендеше, балалар, бүгінгі сабағымызды көтеріңкі көңіл-күймен бастайық. Іске сәт!

Сабақтың жоспары:

- I. «Білгенге маржан»; II. Жаңа сабақ;
 - III. «Артық білім – кітапта»; IV. «Талдау – табыс кілті»;
 - V. Сергіту жаттығуы;
 - VI. Шығармашылық жұмыс. RAFT стратегиясы;
 - VII. INSERT стратегиясы;
 - VIII. «Қоржындағы сарқыт» (үй тапсырмасы).
- «Білгенге маржан» бөлімі (ауызша). Слайд №1:

1. Сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
2. Жай сөйлем дегеніміз не?
3. Жай сөйлемнің түрлері қандай?
4. Жақты сөйлем дегеніміз не?
5. Жақсыз сөйлем дегеніміз не? Жасалу жолдарын айт.

Жаңа сабақ.



Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем жалаң сөйлем деп аталады. Слайд №2.



Мысалы: Ертіс тасып жатыр.

Тұрлаулы мүшемен бірге тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем жайылма сөйлем деп аталады. Слайд №3.



Мысалы: Далада түні бойы ақ жауын сіркіреп тұрды.

Жалаң және жайылма сөйлемдер құрылысына қарай жақты, жақсыз сөйлем бола береді. Слайд №4.

Жалаң сөйлем

Ойын қызық.

Айтуға бола ма?

Жайылма сөйлем

Таспен ұрғанды аспен ұр.

- Сонда менің ауданға баруым керек пе?

Жаңа сабақты бекіту кезеңі:

«Артық білім – кітапта», 77-жаттығу (ауызша).

Жай сөйлемдердің қайсысы жалаң, қайсысы жайылма екенін айтындар. Себебін түсіндіріңдер.

«Талдау – табыс кілті». Электронды оқулықпен жұмыс.

Жалаң сөйлемдердің құрамына төменнен тиісті тұрлаусыз мүшелерді енгізіп, жайылма сөйлемдерге айналдырындар.

Сынып іші тына қалған еді. Біз барамыз. Дауыстар шығып кетті. Мен қолдаймын. Біз құрамыз. Оқушылар қарай қалып еді. Ол бұғып қалды. Мен қорықпаймын. Кімдер барады.

Керекті сөздер: туысқанымызға, саяхатқа, ашулы, бір сәт, бастаманы, ешнәрседен, топ, достарынан.

Мәтінмен танысып, жайылма сөйлемдерді жалаңға айналдырып, жеке беріндер.

Олар орманға қарай жөнелді.

Біз бақылау пунктiне бара жатырмыз.

Зор денелі біреу окоптың ішінде дүрбімен алдыңғы жақты шолды.

Оның қасында қысық көзді біреу телефонмен бірдеңені былдырлап айтып жатыр.

Сергіту жаттығуы.

Мақал-мәтел – бабадан қалған мұрамыз,

Ықыласымызды мәйектей сөзге бұрамыз.

Мақалбай атай сұрағын алып келіпті,

Біз, балалар, көңілмен тыңдап тұрамыз.

1. Түкіріктен көл құрала ма? 2. Адамда арқау бола ма? 3. Қандай бас аяққа тыным бермейді? 4. Тауық түс көре ме? 5. Жанды семіртегін не? 6. Ауырмай өлетін кім?

Шығармашылық жұмыс. **RAFT** стратегиясы:

Рөл

Аудитория

Форма

Тақырып

оқушы

сынып

өлең, ой толғау

«Болашаққа батыл қадам»

INSERT стратегиясы.

V «канат белгі»	- «алу» белгісі	+ «қосу» белгісі	? «сұрақ» белгісі

«Қоржындағы сарқыт». Үйге тапсырма: 78-жаттығу
(жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдыру).



Ақмарал ШАРПЕКОВА,
Есілбай жалпы орта білім беру
мектебінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Шарбақты ауданы.

9-СЫНЫПТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚИТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақ тілі Түсінік хат

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ҚР ЖОББ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген) мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің (2013ж.) әдістемелік нұсқау хаты негізінде құрылды.

9-сыныпта оқушыларды құрмалас сөйлемнің, олардың қолданыс ерекшеліктерін меңгертуге, стиль түрлері мен пунктуация заңдылықтарын сөйлесім әрекеттерінің мақсаты мен ерекшеліктеріне қарай тиімді пайдалана білуге төселдіру көзделді. Бағдарламада оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелейтін практикалық, шығармашылық, тіл ұстарту сағаттары енгізілді. Практикалық және теориялық білім-біліктерін

пысықтайтын деңгейлік тапсырмалар мен тест жұмыстарына сағаттар бөлінді.

Тереңдетіп оқыту оқушылардың білімдерін одан әрі жетілдіре, әрі тереңдете түседі. Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың өз ойын еркін және дәлелді түрде ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін жетілдіру мақсатында бағдарламаға сай тақырыптар алынды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ұсынылған типтік оқу жоспарына сәйкес 9-сыныптағы «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

Аптасына – 1 сағат, оқу жылына – 34 сағат.

Пәнді оқытудың вариативті бөлігінен: аптасына – 2 сағат, оқу жылына – 68 сағат.

Жыл бойына – 12 бақылау диктанты, 4 тест жұмысын өткізу жоспарланды.

9-сынып

(Барлығы-68 сағат, аптасына-2 сағат)

I. Қазақ тілінің қоғамдық мәні /1 сағат/. Қазақ тілі- қазақ халқының ұлттық әдеби тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі, қолданылатын орындары.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі /4 сағат/.

Қазақ тілі түркі тілдер отбасының батыс ғұн бұтағына жататыны, оның ішінде қыпшақ тобына енетіні айтылады. Түркі халықтарына ортақ ескерткіштері мен әдеби мұралары жайында түсінік.

II. Мәтін және стиль /3 сағат/.

Мәтін және оның көрінісі. Мәтіннің ойлау жүйесін дамытудағы рөлі. Тақырып пен мәтін. Мәтінді жоспарлаудың жолдары. Сөйлем ішіндегі мәтіннің қызметі. Құрмалас сөйлемдердің мәтіндегі қызметі. Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу.

III. Стилистика және тіл мәдениеті /20 сағат/.

Сөздердің стильдік байланысының түрлері */Асағам/*. Сөйлеу тілінің лексикасы, оның түрлері. Стильаралық бейтарап лексика. Экспрессивті-эмоционалды лексика.

Қазақ әдеби тілінің стильдері /16 сағат/. Қазіргі кітаби тіл туралы түсінік;

Стиль ұғымының сөйлеу және оның формаларымен байланысты қаралатындығы, стильдердің негізгі арқауы – сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары екендігі.

1) Сөйлеу стилі. Ауызекі сөйлеу стилінің тікелей қатынас жасауда көрінетіндігі. Оның ауызша және жазбаша түрлері. Ауызекі сөйлеу стилінің қолданылатын формалары: жарыссөз, лекция, консультация, баяндама, әңгімелесу. Сөйлеу стилінің ерекшеліктері.

2) Көркем әдебиет стилі. Көркем әдебиет стилі сөз арқылы өрнектелетіні. Мұнда сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің бейнелі қолданылатындығы. Тілдің эстетикалық қызметі көркем әдебиет стилінде ерекше көрінетіндігі. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің кеңінен қолданылатындығы. Көркем әдебиет стилінің басқа да ерекшеліктері.

3) Ресми іс-қағаздар стилі. Өтініш, сенімхат, арыз, қатынас қағаз, мінездеме, хабарландыру, мәжілісхат, өмірбаян, бейнелік сипаттардың тән болатындығы.

4) Публицистикалық стиль. Публицистикалық стильде қоғамдық-саяси мәселелердің көрінетіндігі. Қоғамдық-саяси мәселелердің бұл стильде ауызша және жазбаша түрде қалыптастырылатындығы. Публицистикалық стильдердің жұмсалыу формалары: газет-журнал, радио-теледидар.

5) Ғылыми стиль. Бұған әр салада жазылған ғылыми мәтіндер жататындығы. Ғылыми мәтіндерде мазмұн, анықтама, сипаттама, баяндама немесе талқылама түрінде берілетіндігі. Ғылыми стильдің ерекшелігі сөздердің негізгі мағынасында жұмсалатындығы, термин сөздердің молдығы, көп мағыналы, образды сөздердің, ойдың күрделілігі, т.б. қамтылады.

IV. Тіл мәдениеті және пунктуация /18 сағат/.

1) Пунктуацияның тіл мәдениетіне қатысы. Тыныс белгілердің стиль түрлерінде атқаратын рөлі. Тыныс белгілердің сөйлем ішінде келетін және сөйлем соңында келетін деп бөлінетіндігі.

2) Тыныс белгілердің қолданылатын орындары. Қос нүктенің, нүктелі үтірдің, нүктенің, сұрау және леп белгілерінің, көп нүктенің қолданылатын орындары.

3) Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілеріне үтір, сызықша, қос нүкте, нүктелі үтір жататындығы;

4) Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілеріне нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте жататындығы;

5) Бірыңғай мүшелерге, қаратпа сөздерге, оңашаланған айқындауышқа, қыстырма сөздерге, одағайға, құрмалас сөйлемге байланысты қойылатын үтір;

6) Бастауыштан, бірыңғай мүшелерден кейін қойылатын сызықша, оңашаланған айқындауыштың сызықшамен ажыратылатындығы;

7) Жақша, тырнақшаның қолданылатын орындары. Сөйлемдегі негізгі ойды немесе бір сөйлем мүшесін айқындап, дәлелдеп, қосымша түсінік беру үшін қолданылатын қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлемнің жақшаға алынуы. Тырнақшаның мағынаға байланысты қойылуы.

V. Стиль мен пунктуацияның тіл мәдениетіне қатысын қайталау /2 сағат/.

Жазба жұмыстары үшін /16 сағат/.

Өткенді қайталау /4 сағат/.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1. Пәндік нәтижелер бойынша:

- Әдеби тілдің нормаларын меңгеруі;
- Стиль түрлері мен түрлі мәтіндерді өз бетімен оқи, түсіне, баяндай білуі;
- Сөйлеу мәтінінің нормалары мен шешендікке қойылатын талаптарды меңгеруі;
- Ұжымдық қатынаста және мәтін түзуде сөз таңдай алуы;

- Бірыңғай мүше, оңашаланған айқындауыш, қыстырма сөз, одағайға байланысты тыныс белгілерінің қойылуы;
- Бастауыштан кейін қойылатын сызықша;
- Бірыңғай мүшеден кейін қойылатын сызықша;
- Қос нүкте, жақша, тырнақша қойылатын орындар;
- Ауызша және жазбаша қарым-қатынастарда дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білудің шарттарын білуі тиіс.

2. Тұлғалық нәтиже сынып оқушыларының:

-Қазақстан Республикасының Конституциясына құрмет көрсетуінен;

- Тілдің әлеуметтік- қоғамдық мәнін көрсетуінен;

- Тілді ұлттық құндылық ретінде тануынан;

- Құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуінен;

- Қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуінен;

- Қазақ халқына және Қазақстанда болып жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа да құндылықтарына құрмет көрсетуінен көрініс табуы тиіс.

3. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша:

- Ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес жіктеп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі;

- Қойылған міндеттерді шешу үшін іріктелген ақпараттардан қорытынды жасауы;

- Нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы;

- Туындаған мақсатқа сәйкес сөйлеу жанры мен мазмұнын анықтауы;

- Қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауы;

- Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын анықтап, өз ойын мазмұнды әрі әсерлі жеткізе алуы тиіс.

Гүлмира ТӘШЕНОВА,
№3 жалпы орта білім беретін
қазақ мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы.

ЫБЫРАЙ «ӨЗЕНІНІҢ» ӨЗЕГІ

(5-сынып)

Сабақ мақсаты: ақын жайлы білетін мәліметтерді тыңдай отырып, жаңа мағлұматтар алуына жағдай туғызу, «Өзен» өлеңінің тақырыбы мен идеясын ашу, оқушының мәнерлеп оқу,өлең мазмұнын меңгере отырып, автор шеберлігін тануына көмектесу, өлеңді теориялық жағынан талдай білуге үйрету. **Міндеттері: білімділік** – басқа ақындардың «Өзен» тақырыбындағы өлеңдерімен салыстыра суреттеу арқылы өзіндік өзгешелігін таныту; **дамытушылық** – шығармашылық жұмыстар арқылы ойлау қабілетінің дамуына, тіл байлығының артуына ықпал жасау, өз бетінше зерттеу,талдау жұмыстарына машықтандырып, түйінді ой, өзіндік пікір қалыптастыруына жол ашу; **тәрбиелік** – отансүйгіштікке, тіл, сөз өнерін және табиғатты қадірлеп,қастерлей білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, СТО стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** жаратылыстану, тарих. **Көрнекілік:** Ыбырай, Махамбет суреттері, шығармалары, Қазақстан картасы, «Бәйге» сұрақтары, өзен суреті, интерактивті тақта.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен амандасу, түгелдеу; ә) Оқушылардың зейінін өлең жолдары арқылы сабаққа аудару:

«Өнер алды – қызыл тіл»,

Анандай оны құрметте.

Қажымай, талмай үйрен,біл,
Асылын сөздің өрнекте.
Ана тіл – асыл қазына,
Байлығың – білсең, ол сенің.

Жеткізер өмір жазына,

Сонымен өсер өркенің,- дей отырып, сөз асылын, тіл тазалығын сезінетін кезекті әдебиет сабағын бастаймыз.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

- Қане, балалар, өткен сабақта қай ақынның өмірі және шығармашылығымен танысып едік? Үйге не тапсырма беріліп еді?

(Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңін жатқа мәнерлеп оқу, қосымша сұрақтар интерактивті тақта арқылы таңдалады).

III. Бағалау.

Бағалау шкаласы: мәнерлеп оқуға: 50 ұпай - өте жақсы, 30-40 ұпай – жақсы, 20 – қанағаттанарлық, қосымша сұрақтарды ұпай санына қарай әр оқушы өзі таңдайды (2 сұрақ).

100-120-дан жоғары ұпай – үздік.

70-90 ұпай – жақсы.

«Бәйге» сұрақтары:				
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50
10	20	30	40	50

10 – ауыз әдебиетіне байланысты сұрақтар.

20 – шығарманың атын атау, авторын табу.

30 – Бұл кім?

40 – берілген үзіндіні жалғастыру.

50 – әдебиет теориясынан сұрақтар.

10 – әдебиеттің түрлерін ата.

10 – ертегінің неше түрі бар, қандай?

10 – төрт түлік пірлерін ата.

10 – тұрмыс – салт жырларының түрлерін ата.

10 – «наурыз» сөзі қай елдікі, не мағына береді?

20 – «Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар,соған тоғыз келін іздеп жүрген адаммын. Тоғыз ұлымның бір әкеден туғаны сияқты тоғыз келінімнің де бір шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын».

20 – Исатайдың сол күнде

Ақтабан аты астында,

Дулығасы басында,

Зығырданы қайнайды (Махамбет. «Соғыс»).

20 - Өгізді суға тойған бақа көрді,

Секіріп көршісіне жетіп келді.

«Боламын сонау мен де өгіздей» деп,

Жел тартып, ісіп- кеуіп, қарнын керді. (А.Байтұрсынов.

«Өгіз бен бақа»).

20 – Талған дене, жанған өкпе,

Келген шыдап сонша көпке,

Ұзақты күн сыр бермеген.

Жетеріне жеткен кезде,

Күн еңкейіп шөккен кезде,

Сүрінді алып әлденеден. (Ә.Тәжібаев. «Толағай»).

20 - Бес жүз жылдар шамасында,

Сонау Ертіс жағасында,

Болған біреу Саржан атты.

Даңқы шыққан мерген екен,

Талай жерді көрген екен,

Сүйіпті жұрт сол қазақты. (Ә.Тәжібаев. «Толағай»).

30 – Тым ерекше тұлға пішін,

Өлшеп болар емес күшін.

Қуанышты ата – анасы,

Бота болып ойнағалы

Арқаласа он баланы –

Қайыспайды қабырғасы. (Толағай).

30 – Ажар Сымағұлды тапқаннан кейін қызғанып,ашуланып баласымен бірге шөл далаға апарып тастауға бұйыратын кім еді? (Сара).

30 – «Жоқ, тақсыр, сіздің басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ екен, хандық қара басыңызда екен. Қарадан туып хан болғансың, атаңда хандық жоқ екен» дейтін кім?

30 – «Тақсыр! Шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқысын он бес жыл бағыппын». Бұл кім? (Тазша бала).

30 – Адам атаның шын есімі кім еді? (Сапиолла).

40 – «Алдағана, көк шешек –ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша...» жалғастыр, кімнің сөзі?

40 – «Кеудең тола бауыр болсын, Арқаң қара нардай жауыр болсын.» Жалғастыр, кімнің сөзі?

40 – «Тақсыр, соны сұрап не қыласыз? «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам: желге ұшам, сайға қонам, оның несін сұрайсың? Білмеуші ме едіңдер?». Жалғастыр, кімнің сөзі?

40 – «Әкем би болмаса да, би түсетін үй болғаны ғой.» жалғастыр, кімнің сөзі?

40 - «Ханы өліп, қайғырып жатқан Айғаным!» жалғастыр, кімнің сөзі?

50 – Жануарлар мен жәндіктер адам істейтін әрекеттерді істейді. Бұлай көрсету қалай деп аталады? (Аллегория).

50 – Шығармадағы адамдардың көркем бейнесін қалай атайды? (Портрет).

50 – «Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық.» Қандай тәсіл қолданылған?
(Аллитерация).

50 – «Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды». (Теңеу).

50 – «Бұл не деген үлкен мысық,
Салқындады-ау суға түсіп». (Метафора).

III. Жаңа сабақ:

- Бір аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген өлең жолдары сізге таныс па? Авторын білеміз бе? Немесе көшіп кеткен елінің жұртында қалып қоятын екі бала кім еді? Бұл қай әңгіменің кейіпкерлері еді?

Ендеше, осындай тамаша өлең, әңгімелердің авторы Ыбырай ағамыз туралы не білеміз?

СТО – топтастыру. ЫБЫРАЙ: ақын, педагог, «Қазақ хрестоматиясы», Қазақ балалар әдебиетінің атасы, т.б. (интерактивті тақтадан Қазақстан картасы көрсетіледі).

- Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Жастарды өнер үйренуге, оқып, білім алуға шақырған.

1841 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. 4 жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болады. 1850 жылы Орынбор қаласында ашылған жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға қабылданады.

Мектепті жақсы аяқтап, әрі қарай өз білімін туған халқының көзін ашу мақсатына арнамақ болады. 1864 жылы көптен күткен арманы орындалып, мектеп ашылады да, өзі сол мектепке мұғалім болады.

«1864 жылы қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен арманым орындалып, Торғайда мектеп ашылды. Оған он төрт қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Бала оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай тиістім» (Ы.Алтынсариннің Н.И.Ильминскийге жазған хатынан).

Өзен.

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Бибігүл ӘБДИМАНОВА,
«Теміртау технологиялық
колледжі» оқытушысы,
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы.

Шумақ – 4. Тармақ – 4. Бунақ – 3. Буын – 11.

Ұйқас – а, а, в, а кара өлең.

Сөздік: 1. Өксіген – бұл жерде: шөлдеген мағынасында. 2. Қынарда – жағасында, маңында. 3. Жай – орын (жер), қоныс. 4. Жанабында – жанында, маңында.

Өлеңнен қандай көркемдегіш сөз, сөз тіркестерін байқап тұрмыз?

Теңеулер: айнадай, оттай; Эпитет: тілсіз тұрған тоғайлары; Ауыспалы мағынада тұрған сөздер: көңілің ашылады – көңілің көтеріледі, қуанасың, шуылдап желмен бірге бас ұрады – кейіптеу (мәнерлеп оқушыларға оқыту).

IV. Бекіту сұрақтары: 1. Қазақстандағы қандай ірі өзендерді білесіңдер? 2. Жайық өзені туралы не білесіңдер? 3. Өлеңдегі өзенмен салыстырсақ қандай айырмашылығы бар? 4. Өзен-көл, су қоймаларының адамдарға қандай пайдалы жақтары бар? 5. Өзен-көл туралы қандай мақал- мәтелдер білесіңдер? 6. Ы.Алтынсариннің қазақ балаларына арнап жазған тұңғыш оқулығының атын ата. 7. Ыбырай ағамыз қай жерде дүниеге келген? 8. Ең бірінші мектеп ашылғанда оқуға қабылданған оқушыларының саны нешеу болып еді? 9. «Өксіген» сөзінің мағынасын айт. 10. «Қынар» сөзінің мағынасын түсіндір.

V. Үйге тапсырма: «Өзен» өлеңін жаттау, туған өлкеміздің табиғатын, өзенін суреттеме түрінде жазып келу. Ы.Алтынсарин туралы қосымша мәліметтер тауып, жазып келу.

Мұғалім: - Біз надан боп өсірдік

Иектегі сақалды.

Өнер – жігіт көркі деп,

Ескермедік мақалды.

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды,-

деп ағамыз бұдан көп жылдар бұрын сіздер сияқты жас ұрпақ – балаларға батасын берген екен. Сол аталар батасын ақтап, ұлтымыздың тілі мен әдебиетін сақтап, жадымызда ұстайық, балалар!

ЖАС ПРОЗАШЫЛАРДЫҢ АЯҚ АЛЫСЫ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың көркем сөз жайлы түсініктерін кеңейту. Прозаның тіл біліміндегі алар орынын, әдеби тілдің нормаға айналған тәсілдерін, өзгешеліктерін практикалық ізденістер арқылы меңгерту. **Міндеттері:** **білімділік** – көркем әдебиеттің адам тәрбиесіндегі қуатты құрал екендігі, сұлулыққа баулитын ерекше қасиеті жөнінде әңгіме айту, әсіресе, шеберлікті шыңдайтын шағын әңгіме, эссе туралы сыр шерту, көркемдегіш құралдың маңызы және өзге қырлары туралы сипаттама беру; **дамытушылық** – лексикалық білімдерін молайту. Оқушылардың сөйлеу тілдері, ойлау дағдыларын, танымдық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – сөз мәдениетін қалыптастыру. Оқушылар бойына имандылық қағидаларын сіңіре отырып, салт-дәстүрді қастерлеуге, ақын жанын түсінуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. **Түрі:** дәстүрлі жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** проблемалық жағдаят туғызу, жаңа технология түрлерін пайдалану, слайд арқылы тірек-сызбалар көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, топтау, Венн диаграммасын, ойын элементтерін пайдалану. **Көрнекіліктер:** интербелсенді такта, F.Мүсіреповтың «Көк дәптер», Қ.Нұрмахановтың «Сөз және шеберлік» еңбектері, слайдтағы тірек сызбалар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, үлестірмелі материалдар, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, стилистика, тіл білімі, тарих.

Сабақтың өту барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды түгелдеу; сабаққа зейіндерін аудару; сабақтың мақсат-міндетін түсіндіру.

Көркем әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Көркем шығарма адамға өмірді таныта тұра, адамды тәрбиелейді. Әдеби шығарма адамның күллі ой-қиялын түгел баурайды: қуантады, таңдантады, жылатады, күлдіреді... Иә, көркем шығарманы – көркем сөз, көркем әдебиет деп те айтуға болады екен. Бұған негізінен роман, хикаят, әңгімелер жатады.

Роман – көлемі үлкен, шытырман оқиғаға толы, кейіпкерлері көп, кең көлемді шығарма. Хикаят – көлеміне қарағанда романдан кіші, әңгімеден үлкен шығарма. Әңгіме - оқиғалы болып келетін, көлемі шағын шығарма. Әңгіменің өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар. Олар мыналар: оқиғалы болады, белгілі бір шындықты суреттейді, баяндау әдісімен беріледі, оқиға бірте-бірте дамып отырады, шағын және көлемді болады, көбіне қарасөзбен жазылады.

- **Шығармашылық әңгіме** деп бөлек-бөлек фактілер мен оқиғаны құрастырып, тым қарапайым болса да, аяқталған жайтты, картинаны баяндайтынды айтамыз.

- Ал, **өмірден көргендерін әңгімелеуге** тоқталсақ, бұл – әңгіменің оңайлау түрі, өйткені бұған тікелей сезіну, көру фактілері арқау болады.

Көркем шығармаға түсініктеме әңгіме туындыны оқыр алдында кіріспе сөзде беріледі. Оның мақсаты – тыңдаушының зейінін аудару, кітапқа қызықтыру.

- **Сурет бойынша әңгіме.** Әңгіменің бұл түрі кішкене күрделілеу, өйткені бала бір зат немесе бір топ заттардың нақты өзін емес, тіке заттың бейнесін сурет бойынша көру сезімімен ғана қабылдайды. Әңгіменің бұл түрінің мақсаты – балалардың сөздік қорын анықтау, ойын жүйелі жеткізуге үйрету, сөзді дұрыс қолдануды іс жүзіне асыруға жетектейді. Әңгімеге арқау болатын картиналар күні бұрын ойластырылып таңдалады.

- **Ұлы адамдардың өмірін әңгімелеу.** Мұнда жалпақ елге атағы жайылған жаны жайсаң, халқы үшін жан салған адамдардың өмірі туралы айтылады. Осы әңгіменің түрін қолдану барысында ұстаз немесе тәрбиеші сол адамдардың портреттерін, суреттерін көрсетуі керек.

- **Мәтінге жуық әңгімелеу.** Мәтіннен ауытқымай, жуық әңгімелеудің ерекшелігі - әңгімелеп бергенде, шығарманың тек ой желісі мен сюжеті ғана баяндалып қоймай, стилі де сақталуы тиіс. Әңгіменің бұл түрін жоспар құру арқылы айтып беруге болады.

- **Өз атынан, бөгде біреудің атынан айтып беру әңгімесі.** Әңгіменің бұл түрін тәрбиеші – ұстаз балаларға арналған жеңіл ғылыми мәлімет жайлы хабарлағанда қолданады. Мазмұнын өзгертпей қызықты, түсінікті етіп айтып береді. Мұндай әңгіменің түрі 1–жақта немесе 3–жақта айтылады.

- **Түйсіну негізінде әңгімелеу.** Түйсіну әңгімесі затты, құбылысты тікелей көріп, сезіну арқылы туған әсерге немесе көру не есту сезімі негізінде құрылады. Мысалы: ойыншықты сипаттау, күннің әсерін айту, жауын, қар туралы айту, т.б.

- **Суырып салма әңгіме.** Әңгіменің бұл түрі күні бұрын дайындықсыз табан астында шығарылады. Суырып салма әңгіме құрау оңай емес. Ол үшін тілге жүйрік, оқиға мәнін бірден қағып алып, жүйелі түрде сол сәтте әңгімелеп беретіндей білім дәрежесі болуы керек.

- **Ойша қиыстырып әңгімелеу.** Бала өте бір әсерлі оқиғаны көргенін не көркем шығармадан оқығанын есіне түсіріп айтып береді. Ойша қиыстырып әңгімелеуде мұғалімнің бастаған әңгімесін жалғастыру, ұйытқы сөздерді қолдану арқылы әңгіме құрау, мұғалім ұсынған тақырыпқа әңгіме құрау, оны байланыстырып айту басты орын алады.

II. Үй тапсырмасын сұрау: 1-саты. Оқушылар жазған мақал-мәтелдеріне лексикалық талдау жасайды. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. 2-саты. Кәртішкелер бойынша деңгейлік тапсырмалар: А) «Кейіпкер келбетін сомдай білеміз бе?» логикалық ойыны арқылы оқушыларға портрет туралы әңгімелетіп, сөз байлығын тексеру. Ә) «Кім тапқыр?» ойыны. Мәтіндегі дөрекі, әдепсіз (дисфемизм) сөздерді тауып, адамға қалай әсер ететінін айту: - *Өңшең ит қайдан шықтың бәрің?*

- *Қайтейін деп едің, бірі өліп, бірі қалсын.*

- *Заманына қарай адамы деген, өз заманының адамы зой,*

мына біз өз заманымызда жүрген жоқпыз, басқа планетаға келгендейміз.

- Ұры көздерімен мәлие қарап қалыпты.

3-саты. Сергіту сәті (Әуенді көрініспен, нәтижесі айтылады):

Орман: қалың, сирек; Жол: жіңішке, үлкен; Қақпа: кіру, секіріп өту, айналып өту; Үй: кіру, айналып өту; Құмыра: алу, алмау; Өзен: сарқыраған, баяу аққан; Кәшөлек: алу, алмау.

4-саты. Топтастыру стратегиясы. Тақтада көрсетілген тапсырманың мағынасын ашады.



III. Жаңа тақырыптың мазмұны.

5-саты. «Ой қозғау» стратегиясы.

Сөз құдіретін, сөз қадірін білдірумен қатар сөз өнерін құрметтеуге, бағалауға үйретеді. Шығармашылық тұлға қалыптастыру

Қазіргі кездегі тіл және әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті жас буынды сөз өнеріне баули отырып, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру. «Өз ойын жаза білу – зиялылықтың бірінші белгісі» деген А.Рыбаковтың пікірі –

осыған дәлел. «Сен өлең жаз», «Мына бала ертегі жазсын» деген нұсқаумен оқушыны шығармашылыққа жұмылдыра аламыз ба? Әрине, жоқ. Ол үшін мұғалім өзі де шығармашылықпен үзбей айналысып, жазған көркем дүниелерін оқушыларына үнемі оқып беріп, пікір алысып отыру керек.

2. «Қызықтыру» стратегиясы. Кубикпен жұмыс. Әріптер: А, Ы, Р, З, Л, С, Ұ, У. Зіл батпан – ауыр; ала ауыз – араз; ит арқасы қиянда – алыс; үріп ауызға салғандай – сұлу; көңілі тойып отыр – разы; қырғи қабақ болу – ұрыс.

3. Тақырыпты ашу. Қоғам дамыған сайын ғылым мен техниканың, экономиканың өркендеуіне байланысты жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер пайда болады, сол сөздердің бәрі дерлік халық арасына сіңісіп кетпей, кейбірі қолданудан шығып қалады. (слайд: кірешік, былпылдақ, мыңқабат, қылтима, шаптырма, мұғалімхана)

4. «Ой шақыру» стратегиясы. 1 слайд. Жаңа тақырыпты меңгерту. Жалпыдан жекеге шығамын.

Дәлдік. Сөз қолданудағы дәлдік дегеніміз – жарыққа шығарылатын ойдың мейлінше нақ бейнеленуі. Абайдың мына жолдарына көңіл аударайық:

Күштілерім сөз айтса,
Бас ізеймін шыбындап.
Күн жауғанда қойныңда,
Күн ашықта мойныңда.
Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.

Бұларда күштілерінің айтқанының бәрін сөзсіз мақұлдап, шыбыншыл жылқыдай тынымсыз бас шұлғып елбең қағып тұратын жағымсыз болыстың; бар ауыртпалығы жан ашыр адамында жүретін масылдың; ел құрметін ғана ұнататын, өз үйінде пейілі тар шығымсыздың бейнелері; қыран мен аңшының түлкі алған беттегі көңіл күйі дәл суреттеліп тұр.

Біз енді осылардан бірер сөзді орнынан қозғап, біреуін ғана алмастырып, мәселен, «Құсы да, иесі де қоразданар»-ды «Көңілденер иесі де, құсы да» деп алып көрейікші. Онда акын қолынан шыққан әлгі тамаша жол қолма-қол ажарынан

айырылады. Себебі, біріншіден, автор бұл жерде қимыл иелерінің тек көңілденген емес, бір түрлі «Міне, біздер қалай ұстаймыз!» дегендей мақтана масаттанған сезім күйін бейнелеп отыр. Бұған көңілденудің емес, қоразданудың мәні сәйкесімді. Екіншіден, қоразданар етістігінің негізінде көңілденер-дегідей абстрактілі емес, затты конкретті ұғым жатыр. Сондықтан ол нақты, жанды түрде қабылданады. Үшіншіден, бұл дыбыстық әуен тұрғысынан да жарасымды. Төртіншіден, сөздердің орыны ауыстырылғандықтан, өлеңнің ырғағы бұзылып, алғашқы жол өзінен кейінгімен қабыспай қалады.

2 слайд. 2. Тапсырма. Шығармашылық тапсырма.

Әсерлілік. Қаламгер тілінің ұтымдылығын ерекшелейтін бұл үшінші шарт «Әдебиет теориясының негіздерінде» сұлулық болып аталған. Сөз қолданудағы дәлдік, ықшамдық, әсерлілік талаптарының сыр-сипаты көркем әдебиет тіліне қатысты еңбектерде жеке-жеке арнайы талданбағанмен, қаламгердің тіл шеберлігінің негізгі белгілері ретінде көптен осылай бөліне айтылып жүр. Әрине, бұл шартты жіктеу. Себебі, бұлар – бір-бірімен астарлас, тығыз байланыстағы ұғымдар. Мәселен, ойдың дәл, ықшам жеткізілуі бұл қашан да әсерлі, ал сөздің әсерлі жұмсалуды үшін алдымен дәлдік керек, т.б.

Сөйтіп, әсерлілік – сөздің адамның ой, сезіміне тікелей ықпал еткендей ретте қолданылуы. Мұндай қасиеттер бірқатар сөздердің табиғатына тән болса, негізінде, сөз-сөздің қай-қайсысының да қолданылу ыңғайына қарай пайда болып отырады. Айталық, тілімізде, «әрине» деген қыстырма сөз бары мәлім. Міне, осы сөз З.Қабдоловтың «Жалын» романында кейіпкер көңілін кереметтей қуанышқа бөлеп, оған бір үлкен бақыт сыйлағандай абыройда тұр: «Жанар оған жауаң-жауаң қарап: «Жазыла ма?» - деп жалына сұрап еді, дәрігер: «Әрине» дей салды. Әншейінде әрі-сәрі «әрине» деген бір ғана сөздің мұншалық күші барын кім білген? Дәрігер «әрине» дегенде, Жанардың жоғала жаздаған үміті көкірегіне қайта ұялады». Бұл сөз, албетте, «Қабен беті бері қараса екен»-деген Жанармен тілектес отырған оқырман жанын да бейтарап қалдырмайды. «Әринені» оқып оқырман да іштей: «Иә, дұрыс болды ғой!»

- деп көңілденіп қалады. Ал көңілдену, әрине – жағымды эмоционалды реакциямыз.

Сөздің әсерлі қолданылуына әдеби тілдің, әсіресе, ажарлау, құбылту тәсілдерінің атқарар қызметі, тіпті, айырықша. Мәселен, «Бұлқынып бір жүндес тон сөз сұрады», «Адарғы керген өрмектің жібіндей тарам-тарам болып боз қылау жаңбыр жауып барады», «Тұзақ көрген құрдай шұқшия қалды», «Көзінде жатар еді Жұлдызды аспан аунап», «Найзағайлар қара бұлтты қасаптап, Найзаларын нөсерменен шашақтап» деген сөйлемдердегі метонимия, теңеулер, гипербола, бейнелі сөз қолданыстар; ала қанат қар, уылжыған жасқаншақ күлкі, қолаң жел, қайла бас көкек, қасқыр текірек, тай ойнақ шабыс, бал қаймақ қалғу тіркестеріндегі эпитеттер бойларындағы дәлдік, жылылық не «қиыннан қиысқан» сонылық тәрізді қасиеттерімен әсерлі. Бірақ, өкініштісі сол – сөзді осылай, әсерлі қолданамыз деп отырып қаламгерлеріміздің кейде сәтсіз тіркестерге, әсіре қызыл сөзділікке орын беріп қалатындығы. Мысалы, тапсырмалар: «Екі иыққа екі кісі мінгендей, Қозғалады ыңыранып іңгендей», «Аспанда бұлттар тұр қалқып, Ай туды жарық қарбыздай», «Қазандай жатқан құрт қайнап Қаймықты білем Балқаштан». «Қыз кілт бұрылғанда, бөксесі шынтақ құсап шошаң ете қалды» деген сөйлемдердегі теңеулердің алғашқысы күш атасы Қажымұқанның алыптығын бейнелеуге арналыпты. Інген әдетте өз салмағын ауырлап емес, әр түрлі эмоциялық үдеріс кезінде, кейде жүк батқанда ыңыранады. Екіншіден, бұл айтылғандай ретте теңейтін, теңелетін жақтардың табиғи ерекшеліктері де ескерілуге тиіс. Демек, Қажекенді «іңгендей ыңыранып қозғалатын еді» деу лайықсыз сипаттау. Сондай-ақ Айда жарық қарбызға, Балқаш қаласын құрт қайнап жатқан қазанға, бөксені шынтаққа теңеу де келіссіз суреттеулер.

«Азынаған жеті жүз бес саулық», «доңғалағы жырк-жырк еткен жеңіл машиналар» тіркестеріндегі эпитеттерде де өздері қатысты зат есімдермен мағыналық жақсы жарасым жоқ: әдетте азынау-дың «айғыр, жел», жырк-жырк-тың «күлкі» сөздерімен қолданылатыны мәлім.

Ал «Еңіретіп тұрып есінеп тастады», «Қалың қастарының

қырын жазбады», «Есік қыңсылап, босағаны арс етіп қауып алды», «Ащы тырнақтың ысқырығы қақалып естіледі», «Секемін қолына ұстады», «Ұр да жық бір жақтылықтың бодауында бошалап кете берді»-лерді көркем шығармадағы ләззат берер сәнді сипаттаулар деп емес, әсіре қызыл сөзді бұлдыр мағыналы жолдар деп қарау дұрыс болса керек.

3. Өздік жұмыс.

(Жалғасы келесі санда).



Айнұр МҰҚАШЕВА,
«Бестамақ» орта мектебінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Алға ауданы.

КЕЛДЕН МЕН ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: поэманың мазмұнын жан-жақты талдау. Келден мен Құралай сұлудың поэмадағы бейнесін ашу. **Міндеттері: білімділік** – Құралай сұлу мен Қамар сұлуды салыстыра отырып, екеуінің өміріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жан-жақты зерттеп, тарихи рөліне ерекше мән беру, қоғамға тигізер ықпалын сөз ету; **тәрбиелік** – поэманың мазмұны арқылы уәдеге берік болуға, елдің қамын ойлауға, армандай білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – жеке тұлғаның ой-қабілетіне әсер ету арқылы оқушыларды өздігінен жұмысқа баулу, сөйлеу шеберліктерін, тіл байлықтарын дамыту, оқушыны білімділікке, ойлылыққа ұмтылдыру. **Түрі:** ізденіс, пысықтау сабағы. **Әдісі:** «Қалам ортада», «Миға шабуыл», ой-толғаныс, «Автор орындығы», «Менің де айтарым бар» стратегиясы, топпен жұмыс. **Көрнекілік:** интертақта,

плакат, слайдтар, Иса Байзақовтың шығармалар жинағы, алты телпек, постер, маркер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу өнері, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау: «Қалам ортада» стратегиясы бойынша барлық оқушыдан поэма мазмұны сұралады.

Сабақтың барысы: I.Қызығушылықты ояту .

Топқа бөліну .

Ой шақыру. Тақтадағы өлең жолдарын оқушыларға оқыту.

Кімнің бейнесі?

Кең маңдайлы, қыр мұрын, ботакөзді,

Түрімен ұқтырғандай айтпақ сөзді.

Құлқында жан тартарлық терең сыр бар,

Тани ма дегендей-ақ өмір бізді.

Шүү деп айқай шыққанда, жалаң аяқ,

Жүгірдім шыбын жанды аямай-ақ.

Жау да айдады, жылқыға мен де жеттім,

Шетінен ұстап қалдым сұр бикешті-ақ.

Оқушылар тақырыптың атын өздері шығарады.

Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасындағы «Келден мен Құралай сұлу образы»(интертақадан тақырып және Келден мен Құралай сұлу бейнесі көрсетіледі).

Жаңа сабақ.

II.Мағынаны ажырату.Топпен жұмыс.«Алты телпек» стратегиясы.

1-топ. “Ақ телпек” - СТАТИСТИКАЛЫҚ (проблемаларды және мәліметтерді таза күйінде беру).

2-топ. “Сары телпек” – СӘТТІЛІК (поэмадағы сәтті кезеңдерді айту).

3-топ. “Қара телпек” – СӘТСІЗДІК (поэмада кездескен сәтсіз тұстарын айту).

4-топ. “Көк телпек” - АНАЛИТИКАЛЫҚ (Поэмадағы теңеу, эпитеттерді табу, Құралай мен Келден образына мінездеме жазу, кейіпкерлерге талдау).

5-топ. “Жасыл телпек” – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ (ақылға сыйымсыз идеялар мен болжамдар. Егер мен жазушы болсам ... (поэма мазмұнын қалай өзгертер едім).

6-топ. “Қызыл телпек” – СЕЗІМТАЛ (топ оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

Сабақты бекіту

III. Ой-толғаныс. Эссе: «Армансыз адам – қанатсыз құс». Эсселер әр топта оқылып, бағаланып, ең жақсы жазылғанын топ «Автор орындығына» шығып оқуға ұсынады.

«Менің де айтарым бар». Мұғалім сиқырлы қаламды ұсынған оқушылар сабақтан алған әсерлері туралы өз пікірлерін білдіреді.

Бағалау. Оқушының аты-жөні жазылған бағалау парағы алдын ала таратылады.

Сабақтың барысы	Бағалау өлшемдері	Оқушы жетістігінің ең жоғары деңгейі	Оқушының өзін-өзі бағалауы	Топ басшысының бағалауы	Мұғалімнің бағасы
Үй тапсырмасы.	Шығарманың мазмұнын толық, жүйелі жеткізді	5			
«Алты телпек» стратегиясы.	Топтық жұмыстағы белсенділігі, пікір қосуы, постер қорғауы	5			
Эссе «Армансыз адам – қанатсыз құс»	Тақырыпты жақсы аша білген, мазмұнды, жүйелі.	5			
Барлығы		15			

Үй тапсырмасы.

Саяжан ЕРЖАНҚЫЗЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.

Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы.


«ЖЕТІМ» ӘНГІМЕСІНІҢ ӘЛЕМІ

(4-сынып)

Сабақ мақсаттары:	М.Әуезовтің өмірі, шығармашылығы жайлы білімдерін толықтыра отырып, “Жетім” әңгімесінің мазмұнын ұғындыру.
Оқыту нәтижесі:	М.Әуезовтің өмірімен және кезекті шығармасымен танысады. Мәтін мазмұнын баяндайды.
Негізгі идеялар:	1. М.Әуезовтің өмірі; 2. М.Әуезовтің шығармашылығы; 3. «Жетім» әңгімесі.
Тапсырмалар:	1. Ұйымдастыру кезеңі. 2. «Білім» (бір нәрседен хабардар болыңыз, еске түсіріңіз). 3. «Түсіну» (өз түсініктеріңіз негізінде әрекет етіңіз). 4. «Қолдану» (білімді қолданыңыз). 5. «Талдау» (қандай да бір құрылғының әдістемелік және егжей-тегжейлі зерттеуін жасаңыз). 6. «Жинақтау» (ақпаратты немесе идеяларды жаңа нәрсеге жинақтаңыз). 7. «Бағалау» (ақпарат немесе идея құндылығы туралы ойланыңыз).
Кезекті оқу:	М.Әуезовтің басқа шығармаларын оқып танысу.

Сабақтың жүру барысы:

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
3 минут	1. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Оқушыларды түгелдеу. 2. Психологиялық дайындық.	Кезекшінің баяндауы. Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық!
7 минут.	3. Сыныпты 4 топқа бөлу.	1. Түс таңдау арқылы топтарға бөлінеді. 2. Әр топ өз ережесін құрады.
	«Білім» (бір нәрседен хабардар болыңыз, еске түсіріңіз).	1. С.Торайғыровтың өмірі, шығармашылығы. 2. “Арыстан мен Тышқан” мысалын рөлге бөліп оқу, мазмұнын айту, идеясын таныту.

		<p>3. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы.</p> <p>4. Сөзжұмбақ шешу / жаңа сабақтың тақырыбын ашу/. Сұрақтардың жауабын тауып, жазады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдебиетте батырлар жырын тағы қалай басқаша атайды? 2. Халыққа танымал болған тұлғалардың тапқыр сөздері қалай аталады? 3. Екі акынның арасындағы сөз жарысы қалай аталады? 4. Бір нәрсені немесе оқиғаны күшейтіп, үлкейтіп айту қалай аталады? 5. Кейіпкердің ішкі сезімін білдіру үшін өзімен-өзі сөйлескен сөзі қалай аталады?
7 минут.	«Түсіну» (өз түсініктеріңіз негізінде әрекет етіңіз). Жигсо әдісі.	<ol style="list-style-type: none"> 1. М.Әуезовтің “Жетім” әңгімесін жалғастыра оқу. 2. “Түртіп алу” стратегиясы /Сөздік жұмысы/. 3. ”Жетім” мәтінінің мазмұнын баяндау.
7 минут.	«Қолдану» (білімді қолданыңыз).	<p>А)Жоспарды әңгіме мазмұнына қарай реттеп жазу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ағашқа сүйеніп қатып қалған бала; 2. Қасымның әжесінен айырылуы. 3. Тау ішіндегі қорқыныш;
	<p>Табиғаттағы өзгеріс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Қалың қара бұлт 2. <p>Баланың көңіл күйі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Жалғыз қалған бала 2. 	<ol style="list-style-type: none"> 4. Иса мен Қадишадан көрген қорлығы; Ә) Қасымның әжесінен айырылған кездегі жоқтауын мазмұнына сай ырғақпен оқу. Б) Табиғат пен баланың көңіл күйін суреттеудегі байланысты кестеге жазу.
2 минут.	Сергіту сәті.	«Қара жорға» биі.
7 минут.	«Талдау» (қандай да бір құрылғының әдістемелік және егжей-тегжейлі зерттеуін жасаңыз).	<ol style="list-style-type: none"> 1. “Миға шабуыл”. <p>“Жетімдер” видеоклипі. Жетімдер – бейнеклип - №249 мектеп-лицей 8 «б» сынып.flv</p>

	<p>Авторы: Шығармалары: Тақырыбы: Әдеби жанры: Шығарм/ң негізгі идеясы: Басты бейнелер: Мәтіндегі түсінуге қиын сөздер:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 2. Қасым мен екі жетім баланың тағдырын салыстыру. 3. Мәтінге сатылай кешенді талдау жүргізу.
5 минут.	«Жинақтау» (ақпаратты немесе идеяларды жаңа нәрсеге жинақтаңыз).	<ol style="list-style-type: none"> 1. Егер сен Қасымның орынында болсаң, не істер едің? 2. Қасымға жетімдіктен құтылудың қандай амалын айтар едің? 3. Әңгімені өз ойыңмен қалай аяқтар едің?
5 минут.	«Бағалау» (ақпарат немесе идея құндылығы туралы ойланыңыз).	<ol style="list-style-type: none"> 1. “Жетім” дегенді қалай түсінесің? 2. М.Әуезовтің “Жетім” әңгімесіндегі негізгі ой қандай? 3. Қасымды жетім қылған не деп ойлайсың?
2 минут.	VII. Сабақты қорытындылау. Үйге тапсырма: М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі.	<ol style="list-style-type: none"> 4. Мәтіндегі Иса мен Қадишаның әрекетіне қандай баға берер едің? Әңгімені түсініп оқу, мазмұнын айту.
	Бағалау 1. Оқуды бағалау.	Топ басшысының бағалау бетшесі: / әр тапсырманы дұрыс орындаса 1 ұпай/
	Бағалау өлшемдері: 19-15 ұпай – «5»; 14-10 ұпай – «4»; 9-6 ұпай – «3».	Оқушының аты-жөні: Білім Түсіну Қолдану Талдау Жинақтау Бағалау Ұпай саны Бағасы
	2. Оқыту үшін бағалау.	Қол шапалақтау; Мадақтау.

Қанағат СЛЯМОВА,
«Н.Островский атындағы
№4 «Күршім» орта мектебі»
КММ мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
«Күршім» ауылы.

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Сабақ мақсаты: оқушыларға Абайдың табиғат лирикасын орыс классиктерінің өлеңдерімен салыстыра отыра терең меңгерту, жатқа айту, өлеңдерді талдау машығын жетілдіру, теориялық ұғымдарды түсіндіру, этнографиялық танымдарын кеңейту. **Міндеттері: білімділік** – адам мен табиғат қарым-қатынасы туралы ғылыми ой-өрісін кеңейту, табиғат – алтын бесік екенін жете түсіндіру; **тәрбиелік** – оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, олардың поэзияға, саз өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Абай ұлылығын терең сездіру, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу; **дамытушылық** – балалардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, өлеңдерді сатылай кешенді талдау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** баяндау, әңгімелеу, салыстыру, талдау, мәнерлеп оқу, психологиялық дайындық, рефлексия. **Пәнаралық байланыс:** орыс әдебиеті, музыка. **Көрнекілік:** интербелсенді тақта, слайдтар, кітап көрмесі.

Сабақтың ұраны: *«Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, таңырқа».* *Сұлтанмахмұт Торайғыров.*

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Жыл мезгілдерінің суреттері арқылы сынып оқушыларын төрт топқа бөлу

1-топ – «Жаз»; 2-топ – «Қыс»; 3- топ – «Күз»; 4-топ – «Жазғытұры»;

3. Топ басшысын сайлау, бағалау парағын беру, ескі 20 теңгеліктерді бөлу.

2. Психологиялық дайындық. **«Сиқырлы алаңқай».**

Гүлдерді таратып беру.

Мұғалім: - Далада қыс мезгілі. Суық, аяз. Алдыларыңда әр түсті гүлдер жатыр. Осы гүлдер жазда үлкен шуақты алаңқайда өсті. Өзіміз отырған сынып бөлмесін сол жаздағы түрлі-түсті гүлді алаңқай деп көз алдыларыңа елестетіндер де, қолдарыңдағы гүлдерді бөлменің кез келген жеріне жапсырындар. Енді, қараңдаршы, бөлме іші көңілді, әдемі болды. Өйткені сендердің гүлдерің жайқалып өсті. Әрқашан да осындай гүлдей жайнаңдар.

II. Өткенді пысықтау. Абай кім?

Жырларымен бүкіл әлемді қандырған кім?

Қазақты әлемге танытқан кім?

Ұрпаққа мұраларын аманат қып,

Рухани азық етіп қалдырған кім? (Абай – ақын)

«Көңіл құсын құйқылжытып шартарапқа»,

Өлеңіне ән шығарып, шырқатқан кім? (Абай – сазгер)

Қарасөзі даналық сөзге толы,

Әңгіме емес, көңілден шыққан ойы.

Тәрбиелік мәні бар әр сөзінде,

Кім дейсіндер осындай ұлы Абайды? (Абай – ойшыл)

Орыстың әдебиетін үлгі тұтып,

Пушкин мен Лермонтовты қазақша жырлатқан кім?

(Абай – аудармашы)

Осындай қасиеттерді бойға жиған ұлы адамды кім дейміз? (Абай – дана)

Абай ұлы ақын, аудармашы, сазгер, философ дедіндер, қане, кім дәлелдеп береді?

III. Жаңа тақырыпты меңгеруге даярлық: СТО.

Слайдтан табиғат суреттерін – әр жыл мезгілін көрсету. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін қою.

- Бүгін біз не жайында сөз етпекпіз? Енді бұл сөзді естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді?

Табиғат сөзіне ассоциация. «Табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен бірдей». «Табиғат – поэзия бұлағы». М.Әуезов.

III. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Иә, бүгінгі сабағымыз Абайдың жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері - табиғат лирикасына арналады. Ең алдымен «лирика» деген сөзге түсініктеме беріп алайық. **Лирика** (гр. *Lyra* – лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын көркем әдебиет жанрының бірі) Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы, оның сезімін, нақты ойын, көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Лириканың 4 түрі бар: философиялық, саяси-азаматтық, махаббат, табиғат.

Бүгінгі сабақта Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты «Қыс», «Жазғытұры», «Күз», «Жаз» өлеңдерін оқып, талдаймыз.

Абай жылдың төрт мезгілін арнайы тақырып етіп тамаша өлеңдер жазған. Ақынның ол өлеңдері 1886-1890 жылдар арасында орыс, батыс классиктерін еркін оқып меңгергеннен кейін туған.

Абай «**Қыс**» (1888 ж) өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды,- деп, жанды адам (шал) бейнесінде суреттейді. Қазақ әдебиетінде Абайға дейін табиғатқа бұлай жан бітіре, тірі бейне ретінде суреттеу болмаған.

Абай 1890 жылы «**Жазғытұры**» деген өлеңінде:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі,- деп осы мерзімге сай бейнелі сурет жасайды, қыстан қысылып шыққан ел қуанышына ортақтасады. Ақын көктемгі күншуақты күн нұрын «ата-анадай елжірер күннің көзі» деп суреттейді. Жадыраған кәрі-жастың көңіл күйін табиғат бейнесімен байланыстырады. Елжіреген күннің көзі хайуанаттар мен құстарға, өсімдіктер мен орман-тоғайға, өзен-көлдерге де тіршілік нышанын ала келгенін әсерлі баяндайды. Осындай әсем сурет Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып», «Жаз», «Күз» өлеңдерінде де кездеседі.

«**Күз**» (1889 ж.) өлеңінде көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен жүдеу тартқан бейнесін шендестіре суреттеген ақын:

Жасыл шөп , бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар құлмес , жүгірмес бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айырылған ағаш , қурай...- деп аспанды қаптаған сұр бұлтты, жерді басқан дымқыл тұманды, жапырағы түскен ағашты, көшпелі ауылдың жүдеу тұрмыс-тіршілігін көзге елестетеді. Қара суыққа тоңып дірдектеген балалар мен кемпір-шалдың сиқы күзгі табиғаттың жабырқаңқы түріне сай келеді.

Ал «**Жаз**» (1886 ж) өлеңінде:

Жаздыгүн шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып, өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда,- деп қазақ ауылының этнографиялық суретін көркем бейнелеген. Өлеңнің басынан аяғына дейін жаз мезгілінің жайма – шуақ сәттері көз алдына келеді. Күркіреген өзен жағасына жылқылы ауылдың көшіп келуінен басталған қым-қуыт тіршіліктің бәрі де осы жаз айына тән ерекше сән беріп тұр.

Табиғат бейнесін адам өмірімен байланыстыра суреттеу қазақ әдебиетінде Абайға дейін болған жоқ. Ақын жылдың төрт мезгілін тұтастай жырлай отырып, қазақ даласының өлмес, өшпес бейнесін, бай да сұлу көрінісін асқақтата суреттейді. Абай табиғатты жырлауға кейін де оралып отырған. Оның «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып» өлеңі және 1889 жылы жазылған «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» атты өлеңдері бар.

1. Төрт оқушы төрт өлеңді оқиды. Алдын ала бейнематериалға түсірілген.

2. Кластер құру: 4 ватманға сызба беру.

Өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жүргізу:

1. Авторы – А.Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл- философы, композитор әрі аудармашы.

2. Тақырыбы –

3. Жанр түрі – өлең. Бұл өлең табиғат лирикасына жатады.

4. Идеясы дегеніміз – ақынның айтар ойы мен мақсаты.

5. Шумақ дегеніміз – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.

Өлең __ шумақтан тұрады.

6. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы.

7. Бунақ дегеніміз – белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. 2-3, 3-3 бунақты.

8. Буын саны – дауысты дыбыс санына байланысты.

9. Ұйқас түрі. Ұйқас дегеніміз – өлеңнің бітім, мазмұнымен

тамырлас келіп, оған әуен, ерекше сөз беріп тұратын өлең тармақтарындағы сөздердің үндестігі .

3. Мағынаны тану. Оқушыларға төмендегі сөздер жазылған кеспе қағаздар таратылады. Топпен мағынасын ашады (Түсіндірме сөздікпен жұмыс жасайды) . Мұғалім кез келген оқушының орындығына стикер жапсырады. Сол оқушы келесі топқа барып түсіндіреді. Тапсырмаларды ауыстырып топтардан сұрау: 1. Малма деген не? Малма сапсу дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Шуда жіп деп қандай жіпті атаған? Оны қалай иіреді? 3. Шом, Шомшы деген не? 4. Күзеу деген не? Көшпелі қазақтардың қысқа, жазғы қоныстары қалай аталған. 5. Шидем деген не? 6. Ұшпа деген не?

Жауабы: 1. Малма – тері илейтін ашытқы, иге салатын теріні асты-үстіне шығарып, араластыруды малма сапсу деген. 2. Түйенің шудасынан иірілген жіпті айтады. Оны әжелер ұршықпен иірген. 3. Шом – түйенің беліне жүк батпас үшін салынатын жұмсақ нәрсе. Шомшы – түйемен жүк тасушы адам. 4. Күзеу – малшылардың күзде отыратын қонысы, жайылымы. Қысқы қоныс – қыстау, жазғы – жайлау делінген. 5. Шидем – қойдың жабағысынан тігіп, сыртын маталап қаптаған киім. Оны күпі деп те атаған. Қазақта сондай-ақ тон, ішік, тымақ, түлкі тымақ, құлақшын, пима, байпақ, т.б. киімдер бар. 6. Ұшпа – бұлт (жеке, шоқ бұлт)

1. Интербелсенді (актив-студиямен жұмыс) тақтамен жұмыс: кесте беріледі, сол кестеге әр топ өз өлеңдеріне тән сөздерді толтырады.

«Қыс» өлеңі	«Күз» өлеңі	«Жаз» өлеңі	«Жазғытұры» өлеңі
-------------	-------------	-------------	-------------------

Кәрі құда, сұр бұлт, түйе боздап, алты қанат, көбелек, ақ орда, жазғытұры, шидем, жыл құсымен, ұшпадай, жаздыгүн, көкорай, шалғын, бәйшешек, күз болып, жастар күлмес, дымқыл тұман.

«Қыс» өлеңі – Кәрі құда, ақ орда, шидем, ұшпадай. «Күз»

өлеңі – сұр бұлт, күз болып, дымқыл тұман, жастар күлмес.
«Жаз» өлеңі – жаздыгүн, көкорай, шалғын, бәйшешек.
«Жазғытұры» өлеңі – түйе боздап, көбелек, жазғытұры, жыл құсымен.

V. Жана сабақты бекіту. Орыс әдебиетін оқып, зерттеуге ден қойғанда, Абайдың алдыңғы кезекте оқыған ақындарының бірі – А.С.Пушкин. Абайдың ақындық мәдениетінің жетілуіне Пушкиннің ықпалы зор. Оның «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» өлеңдері Абай бойындағы таланттың отын үрлей түскен. Пушкиннің өлеңдерін аударар отырып, махаббат, табиғат, жастық туралы өлеңдерінде Пушкиннің сарыны мол байқалады. Александр Сергеевич Пушкиннің «Болдинская осень», «Теперь моя пора», «Волшебный край! очей отрада!», «Туча», «Еще дуют холодные ветры», «Зимнее утро», «Какая ночь! Мороз трескучий», «Осеннее утро» деген өлеңдері бар. Пушкин көктем мен жазды аса ұнатпаған, ал Абай керісінше сүйген. Ол табиғаттың сұлулығын тамашалап қана қоймай, қазақ шаруаларының күн көрісін бейнелеген.

Слайд. Пушкиннің өмірбаянынан мәлімет беру. Оқушылар Пушкиннің өлеңдерін жатқа оқиды.

Тапсырма: А-3 парағын тарату. Өлеңдерін салыстыру, кейіптеу, теңеу, эпитеттерді, антоним сөздерді табу.

Абай Пушкин

1. «Қыс» - «Зимнее утро»;

2. «Жазғытұры» - «Теперь моя пора: я не люблю весны»;

3. «Жаз» - «Ох, лето красное! Любил бы я тебя»;

4. «Күз» - «Унылая пора! Очей очарованье!»

Өлеңдерде қандай көркемдегіш тәсілдер қолданылған?

Мысалы: Кейіптеу – олицетворение

«Зимнее утро»

«Қыс»

Вечер, ты помнишь...
(обращение в вечеру)

Ақ киімді, түсі суық шал, кәрі құда деп көрсетуі
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Эпитеттер

«Зимнее утро»

«Қыс»

Чудесный день
Прелестный друг
Мутное небо
Бледное пятно
Тучи мрачные
Голубые небеса
Прозрачный лес

Ақ киімді,
ақ сақалды
соқыр мылқау
түсі суық
кәрі құда
ақ орда
жас балалар
кәрі шал

Шығармашылық жұмыс. Әр топ өздеріне берілген өлеңдерін қарасөзбен жазады.

XIX ғасырдағы Пушкин бастаған орыстың ұлы ақындарының ішінде Абайдың шексіз сүйген және өлеңдерін көп аударған ақынның бірі – Михаил Юрьевич Лермонтов болды. «Абайдың өз айтуынша, – дейді М.Әуезов, – Лермонтов – «ерекше ызаның ақыны», «махаббаты ашумен уланған ақын». Абай Лермонтовты оқып, өлеңдерін аударумен ғана шектелген жоқ. Ол орыс ақынын жанындай жақсы көрді, сырлас, мұңдас болды.

Өлеңдері: «Горные вершины», «Утёс», «Весна», «На севере диком стоит одиноко», «Осень», «Вечер после дождя», «Выхожу один я на дорогу», «Гроза», «Дары Терека», «Дубовый листок оторвался от ветки родимой», «Когда волнуется желтеющая нива...», «На севере диком стоит одиноко».

1780 жылы неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гете «Ночная песня путника» деген өлеңін жазған. 60 жылдан кейін 1840 жылы бұл өлеңді орыс тіліне М.Ю.Лермонтов аударып, оны «Горные вершины» деп атаған. Ал 1892 жылы 52 жылдан кейін Лермонтовтың өлеңін Абай Құнанбаев қазақ тіліне аударып, «Қараңғы түнде тау қалғып» деп атады. Үш оқушы үш тілде өлеңдерін оқиды.

«Синквейн» әдісі. 1-2-топ: Абай деген сөзге синквейн әдісімен 5 жолды өлең шығарып көрейік: Зат есім (Кім?) – . Сын есім (Қандай?) – . Етістік (Не істеді? Не қылды? Қайтті?) – . Сөйлем – . Синоним – .

2-3-топ: дана, ғана, оқығанды, пана.

VI. Қорытындылау. Рефлексия – «**Кері байланыс**» (Алма ағашы, алмалар, жапырақтар, гүлдер).

Сабақ аяқталуға жақын қалды. Осы уақыт ішінде үлкен алма ағашы өсіп шықты. Бүгінгі сабағымыздың сендер үшін пайдасы болды ма, жоқ па, соны анықтайық.

Егер сабақ сендер үшін жемісті болса, бүгінгі сабаққа риза болсаңдар, **алманы** апарып жапсырыңдар.

Егер сабақ бүгінгіден де жақсы болу керек еді деп ойласаңдар, **гүлдерді** жапсырыңдар.

Егер сабақтың бұрынғы өткен сабақтан еш айырмашылығы жоқ, ешқандай жаңалық болмады десеңдер, **жасыл жапырақты** жапсырыңдар.

Егер мүлдем сабақта уақытымыз зая кетті десеңдер, **сары жапырақты** жапсырыңдар.

VI. Бағалау. Топ басшылары оқушылардың тапсырмаларды орындау барысында жинаған теңгелері бойынша бағалайды

VII. Үй тапсырмасы: «Табиғатым – махаббатым» атты эссе жазу.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы № 11/2010; 2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №1/2004; 3. Д.Молдабекова. «Табиғат лирикасын оқыту тәжірибем»; 4. Қ.Бітібаева. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары». А., «Рауан» 1990; 5. М.Мырзахметов. «Абайды оқы, таңырқа...». А., «Ана тілі», 1993.

ЖАЛЫН АТҚАН ЖҮРЕКТЕН

Түркістан қаласындағы №24 жалпы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Данияров Әуесхан – мектебіміздің үздік оқушыларының бірі. Бекарыс Шойбековтің ақындық мектебіне барып, білімін жетілдіріп отырады. Наурыз айында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Төрлет, Наурыз, төріме!» атты жас ақындардың қалалық жыр мүшәйрасында ақындық талантымен, шығармашылық қабілетімен дараланса, Мағжан оқуларынан II орын, Абай оқуларынан I орын алып, облысқа жолдама алды.

Әуесханның ақындық өнерімен таныла бастағанына көп уақыт болмаса да айшықты өлең-жырларының мағынасы тереңде жатыр. Олай деуімнің себебі, «Қыран тектес қазақпын!» атты өлеңінде өз халқының өткені мен бүгінін жырлауда ата-бабаларымыздың талай зұлмат пен жан төзгісіз қиянатқа төтеп беріп, ақыр соңында азаттық алып, бүгінгідей жетістікке жетуін құс төресі қыранның бейнесінде ақындық шеберлікпен бере білген.

«Қыран тектес қазақпын» өлеңінде отансүйгіштігін көрсетсе, ал енді «Сырласу» өлеңінде ұлы ақын – Абаймен сырласуы батылдығын танытады. Ақындық әлемге енді ғана тәй-тәй басқан дарын иесінің ұлы ақынмен сырласпақ ниеті батылдық емей немене?!

«Қыран тектес қазақпын» өлеңінде қазақ халқын мызғымас берік, күшті, қуатты бірлігі жарасқан елге теңесе, «Сырласу» өлеңінде, керісінше, адам баласының бойындағы бауырмалдық, адамгершілік қасиеттердің жойылып бара жатқанын, оның орынына қызғаныш пен күндестіктің, Абай айтқан «бес дұшпанның» жетегінде кетіп бара жатқанын, оған қоса бәрінің көздегені тек пайда екендігін айта келе, қазақ көшінің келешегіне алаңдаушылығын білдіреді.

Әуесханның болашақта журналист болсам деген асыл арманы бар. Дарынды баламызға өнерің өрге басып, «биіктерде қыран құстай самғай бер!» дей келе, аталған екі өлеңін елге ұсынуды жөн көрдік.

Ұстаздық ізгі ниетпен:

Махаббат Жүсіпқызы.

Оңаша жыр отауы

**Әуезхан ДАНИЯРОВ,
Түркістан қаласындағы
№24 жалпы орта мектебінің
10-сынып оқушысы.**

ҚЫРАН ТЕКТЕС ҚАЗАҚПЫН!

Ойымның ақтарайын таза кенін,
Ақын боп жырламасам жазалы едім.

Кеше, бүгін, ертеңге көз жіберіп,
Жырыма арқау еттім Қазақ елін.

Теңеледі қазаққа қыран ғана,
Қыран боп шың басында тұрам дара.
Ұшқанда қанатымды талдыратын,
Мәңгі менің мекенім – Тұран дала!

Кигенмін талай ғасыр тұмылдырық,
Қаншама күш-жігерді шығын қылып.
Міне, енді көктің еркін қыранымын,
Не жетсін азаттыққа бүгінгі нық!

Мен көрмеген сынақтар сын ба, сірә?!
Айналған мәңгі өлмес мұңдасыма.
Қыранмын құлашы кең, көзі отты,
Төбеге емес, қарайтын шың басына!

Бұрқасын, құйын, дауыл, екпіні ерен,
Небір зұлмат айналып өтті менен.
Осындай бөгеттерге төтеп беріп,
Қия шыңға жеткенмін көк тіреген.

Қыранмын күнге көзін қадаған тік,
Жіберді тарих жүгін маған артып.
Талмадым көтерсем де қаншама жүк,
Өзгеден сондықтан да бағам артық.

Көк аспан ақ бесігім тербелетін,
Асқар тау, алтын ұям төр беретін.

Дәл осы асқақ, даңқты келбетіме,
Кім бар мына ғаламда тең келетін?!

Тұяқ қайрап ұшуға оқталамын,
Ұшсам тек биіктерге тоқталамын.
Көзімді қадар болсам кез-келгеннің
Тұла бойын ерітер от жанарым!

Мен қыранмын көргендер тамсанатын,
Аспанға жетемін деп жан салатын.
Кешегі сыннан өтіп бүгін, міне,
Келер күнді сеніммен қарсы алатын!

СЫРЛАСУ

Күн орнына түн келіп жайғасқанда,
Ақындық қуат тауып, айла асқанда,
Өзімше сырласуға Абайменен
Бекіндім қарап қойып айлы аспанға.

Айтқан сөзің шипалы, жанды емдейді.
Таяз ой, ойсыздыққа жол бермейді.
Адамшылық сөздері ұлы Абайдың
Адам барда құрымас, мәңгі өлмейді.

Толғандым, түстім оймен күйге неше,
Жырым қанжар болмайды түйремесе.

Не болмақ тағдыры бұл адамзаттың,
Жүрегі тұла бойын билемесе?!

Қарасам көз жіберіп айналама,
Көздегені бәрінің пайда ғана.
Адамды адам сүймесе бауырым деп,
Барады асып-тасып қайда ғана?..

Мен Абай сөзін әр кез пайдаланам,
Онсыз болам бұлбұлдай сайрамаған.
Арыла алмаса егер бес дұшпаннан,
Қай биікке қона алар қайран адам?!

Байламға келдім тағы ойлап тұрып,
Намысымды сөзіме қайрақ қылып.
Жас буынның күні не талабына
Мінем деп танытпаса қайраттылық!

Онсыз мына әлемде күн кешті кім,
Тапса ғой қазақ та сол үндестігін.
Ілгері жүре қоймас қазақ көші
Жоймайынша қызғаныш, күндестігін.

Бар әлем Абай сөзін мойындаса,
Болады тереңдік бар ойында аса.
Адамзат адам болып қала алмайды,
Ұлы Абай сөзіне егер бой ұрмаса!

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 03.07.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3121.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2014 ж., 144 бет, Алматы.